




**БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

1 ТОМ



Мазмұны

Компания сандық көрсеткіштермен	2
2007 – 2017жж. маңызды оқиғалар	6
EXPO-2017 бөлімшесі	8
2017 жылғы мемлекеттік наградалар	10
Директорлар кеңесі төрағасының кіріспе сөзі	12
Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі	14
01. Стратегия.....	17
02. Компания туралы.....	27
03. Компанияның қаржылық-экономикалық қызметіне шолу	61
04. Корпоративтік басқару.....	87
05. Орнықты даму	105
06. Аудит	141
07. Есеп туралы.....	145
08. Есептің GRI нұсқаулығына сәйкестік кестесі.....	149
09. Пайдаланылған қысқартулар	157
Байланыс ақпараты	160

КОМПАНИЯ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРМЕН

2007-2017: Он жарқын жыл



10 жыл ішінде

өндірілді

205,9

млрд. кВт•сағ
электр энергиясы

табылды


347,14

млн. тонна көмір

Белгіленген
қуатты пайдалану
коэффициенті

48,1
(▲128%)

Белгіленген қуат,
республика бойынша үлес



Қазақстан
21 682 МВт

Түсім:

219 892

млн. теңге (▲121%*)


Операциялық табыс:

32 427

млн. теңге (▲108%*)

*2016 жылға қарағанда

2017 жыл



Электр энергияны
өндіру көлемі:

28 661,5
млн. кВт•сағ (▲127%)

ҚР бойынша
жалпы көлемінен

28%

ЖЭС: 26 906 млн. кВт•сағ
ГЭС: 1 586 млн. кВт•сағ
ЖЭК: 169,6 млн. кВт•сағ



Көмірді
табу көлемі:

40 408
мың тонна

ҚР бойынша
жалпы көлемінен

38%




Электр энергиясын
жеткізу көлемі:

12 026
млн. кВт•сағ



Жылу энергиясын
өндіру:

7 031
мың Гкал



Экспорт:

Электр энергия:

4 705,5
млн. кВт•сағ (▲236%*)

Көмір:

9 100
мың тонна (▲110%*)

ГЕНЕРАЦИЯ

ЖЭС Қуаты
5 947
МВт

ЖЭК Қуаты
47
МВт

ГЭС Қуаты
810
МВт

ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Қосалқы станциялар қуаты
11 528,03 МВА

Қосалқы станциялар саны
14 292 дана

220-0,4 кВ әуе және кабельді ЭЖЖ ұзындығы



2007-2017 жылдар кезеңіндегі бюджетке түскен салық түсімдері

37 222 939
бюджетке

мың теңге

329 392 155
бюджеттен тыс

10 жыл ішінде күрделі қаржыны нақты игеру




Ағаштар мен көшеттер

231 715 дана


Көгалдандырылған гектарлар саны

181,18 га


Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар, мың теңге



Орташа жалақының динамикасы



Компанияның инвестициялық жобаларын іске асыру нәтижесінде ашылған жұмыс орындары



Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015 нақты	2016 нақты	2017 нақты	2018 болжам
Таза табыс/шығын	млрд. теңге	-77,83	17,76	-27,88	27,08
Бағам айырмасы, құнсыздану және активтерді сату шығындарын есепке алмағандағы таза табыс	млрд. теңге	29,01	11,95	14,44	-
EBITDA	млн. теңге	76 496	71 581	77 328	86 568
EBITDA Margin	%	42%	39%	35%	39%

Әлеуметтік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015	2016	2017
Жыл сайынғы кадрлар тұрақсыздығы	%	11,9	13	11,2
Өндірістегі мың адамға шаққандағы жазатайым оқиғалар саны (коэффициент)	Саны /шартты бірлікпен 1 000 адам	0,5	0,59	0,34
Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	74	79	78

2007 – 2017 жж. МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР



МАМЫР
«Самұрық-Энерго» Акционерлік қоғамы құрылды

ҚАРАША
Бірінші акциялар шығарылымы тіркелді

Алматы қаласында 9 қосалқы станция пайдалануға берілді, қуаттың өсімі 488 МВА-ны құрады

ШІЛДЕ
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталындағы 100% үлес сатып алынды

СӘУІР-МАУСЫМ
«Самұрық-Энерго Құрылыс Сервис» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% үлес сатып алынды
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның 50% қатысу үлесі сатып алынды
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% үлес сатып алынды

ҚАЗАН
Компания Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығына кірді
БҰҰ Жаһандық шартына қосылды

ЖЕЛТОҚСАН
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның «ҚазТрансГаз» АҚ-ға тиесілі барлық жай акциялары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сенімді басқаруына берілді

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС-ның 100% акциясына ие «Тегис Мұнай» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі сатып алынды

НАУРЫЗ
«Сенім-2012» республикалық конкурстың «Екі астанада» Ең үздік жұмыс беруші компаниясы» аталымында 3-орынды иеленді

ТАМЫЗ
Алматы облысында «Мамыр» қосалқы станциясы пайдалануға берілді

ЖЕЛТОҚСАН
Қапшағай қаласында қуаты 2 МВт күн электр станциясы пайдалануға берілді
«Казгидротехэнерго» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі сатып алынды
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жарғылық капиталындағы 50% қатысу үлесі сатып алынды
Алматы қаласында Алматы 2-ЖЭО нысанының III кезегі пайдалануға берілді


МАМЫР
«Есентай» жабық типті қосалқы станциясы пайдалануға берілді



7 желтоқсан
Физика-математика пәндері бойынша болашақ энергетиктер арасында өткен III республикалық олимпиада
Жарысқа қатысқан арасында 2-, 3-, 4-орын алғандар бір оқу жылына шәкіртақы түрінде «Самұрық-Энерго» АҚ гранттарына ие болды

Ақпан
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын Ресей Федерациясына жеткізу жүзеге асырыла бастады

Еңбек әулеттеріне құрмет көрсету
Еңбек әулеттері институтына қолдау көрсету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында еңбек әулеттері өкілдеріне марапаттар тапсыру рәсімі өтті. Мерекеге орай Астанаға Қазақстанның әр түкпірінен еншілес компаниялардың қызметкерлері шақырылды.



МАМЫР
Жобалық қуаты 4000 МВт-қа дейінгі Балқаш ЖЭС-ін құру және салу туралы шешім қабылданды

ҚАРАША
Акциялардың 95,8% «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға, 4,2% «ҚазТрансГаз» АҚ-ға өтті

ЖЕЛТОҚСАН
«Богатырь Көмір» ЖШС жарғылық капиталында 100% үлесі бар Fortum Muider-дің 50% үлесі сатып алынды

МАМЫР
Алматы қаласындағы №137А «Центральная» (2-кезең) және «Сайран» қосалқы станциялары пайдалануға берілді

ҚАРАША
Алматы облысында «Новая №16» қосалқы станциясы пайдалануға берілді

Маңғыстау облысында «Бейнеу», «Өмірзақ» қосалқы станцияларын қайта құру бойынша нысандар пайдалануға берілді

ЖЕЛТОҚСАН
Алматы қаласында «Медеу», «Шымбұлақ», «ҚазГУ», «Ерменсай» қосалқы станциялары пайдалануға берілді

ҚАҢТАР
«Samruk Green Energy» ЖШС-ны құру туралы шешім қабылданды

ТАМЫЗ
«Алматы электр станциялары» АҚ-ның 43,65% акциясы сатып алынды

ҚАЗАН
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС» ЖШС-ның 50% қатысу үлесі сатып алынды

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі 100% «Samruk Green Energy» ЖШС сатып алынды

ЖЕЛТОҚСАН
Ирландия және Қазақстан қор биржаларына бірінші еурооблигацияларды орналастырылды

Алматы облысында «Кеңсай» ЭЖЖ-220кВ «Кеңсай» - «3-ЖЭО» қосалқы станциясы пайдалануға берілді

ТАМЫЗ
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС жел электр станциясы іске қосылды
Алматы «Бесағаш», «Мамыр», «Алтай» қосалқы станциялары пайдалануға берілді

ЖЕЛТОҚСАН
2015 жылғы «Парыз» Президенттік сыйлығының бас жүлдесі алынды
Standart&poor's әлемдік рейтинг агенттігі кредиттік рейтингі «ВВ» деңгейінде растады, қысқа мерзімді кредиттік рейтинг «В» деңгейінде. Рейтингтердің өзгеру болжамы – «Тұрақты»



СӘУІР
«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ-да Өңірлік диспетчерлік орталық ашылды

Ресей мен Қырғыз Республикасна электр энергиясын экспорттау жаңартылды

МАМЫР
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ №3 турбоагрегаты іске қосылды

ҚЫРКҮЙЕК
«Алматы электр станциялары» АҚ 2-ЖЭО №8 қазандық агрегаты іске қосылды

ҚАРАША
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС ОРУ-500 кВ құрылысын жаңғырту жұмыстары аяқталды

EXPO-2017

«Самұрық-Энерго» АҚ экспозициясы «Табиғи қуат көздері – таза энергия» девизимен өтті. «Самұрық-Энерго» АҚ «Астана Экспо-2017» халықаралық көрмесінің жаһандық серіктесі ретінде келушілер үшін ЖЭК жобаларында іске асырылған баламалы энергетиканың әлеуеті туралы ақпарат ұсынды. Жұмыс істеп тұрған жел қондырғыларының ауқымын елестету үшін гондола макетінің көрінісі жасалып, онда келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейтілетін Ерейментау жел паркінің алдағы кезеңдері бойынша бейнеролик пен ақпарат көрсетілді.

19 МАУСЫМ

Астанада Инженерлер мен ғалымдардың дүниежүзілік конгресі аясында «Самұрық-Энерго» «Энергетикалық трилемма балансы: қауіпсіздік, қолжетімділік және экологиялық тұрақтылық» тақырыптық блогында «Болашақ энергиясы – жаһандық энергияны дамытудың перспективалары» секциясын өткізді

Конгресс жұмысына 50 елден 1000-нан аса делегат қатысты, олардың қатарында Нобель сыйлығының және «Жаһандық энергия» халықаралық сыйлығының лауреаттары, белгілі сарапшылар, әлемдік энергетикалық компаниялардың өкілдері болды.

4 ҚЫРКҮЙЕК

Павлодар облысының Әкімдігі мен «Самұрық-Энерго» АҚ арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

Құжат екі тараптың стратегиялық серіктестігін және «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының өндірістік қуаттарды жаңғырту және кеңейту жөніндегі жобаларын іске асыру саласына әкімдік тарапынан көрсетілетін жәрдемді қарастырады.

Келісім Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатына, экспорттық әлеуетті арттыруға, көмір өндіруді дамытуға, сондай-ақ күл-қож материалдарын өткізу мен қайта өңдеу қажеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталған.

маусым

шілде

қыркүйек

8 МАУСЫМ

1. Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі барысында «Самұрық-Энерго» АҚ мен CorpoDatang (China Datang Corporation) арасында аймақтағы жел паркін бірлесіп кеңейту мақсатында Ерейментау қаласындағы жел паркінің қуаттылығын 45-тен 300 МВт-қа дейін арттыру жайында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

2. Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі барысында «Самұрық-Энерго» АҚ және «Hydrochina Corporation» қытай корпорациясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Құжат қытай компаниясының келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясын және Шелек өзенінде 4 шағын СЭС-ті салу жобаларын іске асыруға қатысуды көздейді.

11 ШІЛДЕ

Самұрық-Энерго мен «Wind Power GmbH» неміс компаниясы Қапшағай қаласында күн электр станциясының әлеуетін дамытуға ниет білдірді

20 ШІЛДЕ

Астанада Қазақстан-Корея Іскерлік кеңесінің VI отырысы өтті, ол елдердің арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға және бизнес-қауымдастықтар арасында тікелей байланыстарды орнатуға бағытталған.

28 ҚЫРКҮЙЕК

«Юнайтед Энержи Ақтөбе» ЖШС-мен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Юнайтед Энержи Ақтөбе» ЖШС арасында ынтымақтастық туралы меморандум жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған.

Тараптар ЖЭС-терді салу және қуаттарды кеңейту жөніндегі келешек жобалар аясындағы ынтымақтастық түрлерін қарастырады.

«Юнайтед Энержи Ақтөбе» ЖШС – Испанияның жел энергетикасы саласында жұмыс тәжірибесі бар жел генераторларын өндіруші United Energies AG негізінде құрылған компания болып табылады.

10 ҚАРАША

Халықаралық энергияны үнемдеу күніне арналған шаралар

Энергияны үнемдеуді насихаттау және энергия тиімділігін арттыру мақсатында 2017 жылғы 10 қарашада Халықаралық энергия үнемдеу күніне орайластырылған Astana Energy Efficiency 2017 шарасы өтті. Ақпараттық семинарда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша өзекті мәселелер талқыланды: бұлар – Қазақстан Республикасының өнеркәсіп кәсіпорындарында энергия менеджменті жүйесін ендіру, энергияны үнемдеу шараларын, жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру мәселелері

7 ЖЕЛТОҚСАН

«Богатырь Көмір» ЖШС жобасын іске асыру

Амстердам қаласында (Нидерланды) «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымы – 50%) және ThyssenKrupp Industrial Solutions AG неміс компаниясы арасында Екібастұз көмір кен орнының «Богатырь» кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, тұрақтандыру және тиеу бойынша циклдық-ағындық технологияға (ЦАТ) көшу жобасын іске асыруды жаңарту туралы қосымша келісімге қол қойылды.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жабдықтырының сенімді және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету

№7 станцияның энергия блогына күрделі жөндеу жүргізген кезде қазандықтың қыздырғыш бетін ауыстыру жұмыстары жүргізілді. АТҚ-500 кВ-ны жаңғыртқан кезде 24 дана ауа ажыратқышы GL-317 типті элегазды ажыратқыштармен ауыстырылды, бұл компрессордың жұмыс істеу сағатының азаюы есебінен 802 560 кВтс электр энергиясын үнемдеуге (2017 жылғы 10 айы үшін) мүмкіндік берді.

қараша

желтоқсан

17 ҚАРАША

«Богатырь Көмір» ЖШС-да СРС(К) – 2000 роторлы экскаваторларды жаңғырту бағдарламасы аяқталды

«Богатырь Көмір» ЖШС-да іске асырылған СРС(К) – 2000 роторлы экскаваторларды жаңғырту бағдарламасы осы тектес маркілі жаңа экскаваторларды сатып алу қажеттілігін жоққа шығаруға мүмкіндік берді. Мамандардың пікірі бойынша, әлемдік нарықта мұндай кен қазу машинасының біреуінің құны қазіргі уақытта 55 млн. еуроны құрайды.

22 ҚАРАША

«Самұрық-Энерго» АҚ және «Cockerill Maintenance et Ingenierie S.A.» Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

Тараптар бу-газ қондырғылары мен жаңартылатын энергия көздері (күн энергетикасы) саласындағы жобалар бойынша заманауи технологияларды, ноу-хау мен инвестицияларды тарту үшін электр энергетикасы саласындағы бірлескен ынтымақтастық мақсатында күш-жігерді біріктіру ниетін білдірді.

13 ЖЕЛТОҚСАН

«Ereymentau Wind Power» ЖШС Есептеу-қаржы орталығымен тіркелген тариф бойынша электр энергиясын сатып алу шартын жасасты.

15 ЖЕЛТОҚСАН

Алматы қаласы «Алатау ИТП» АЭА аумағында қуаты 1 МВт күн электр станциясын салу жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

20 ЖЕЛТОҚСАН

500 000 000 АҚШ доллары сомасына шығарылған айналым мерзімі 5 жыл және жылдық купондық табысы 3,75% мөлшерінде тіркелген халықаралық купондық облигацияларды толық көлемде өтеді.

30 ЖЕЛТОҚСАН

Алматы қаласында «Түркісіб» 110/10 кВ қосалқы станциясын салу жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.

«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ-ның өнертапқыштық идеялары

Техникалық персонал ҚСҚ (қайнамаған суды қыздыру) алдында конденсатты бастапқы суға тастау үшін ыстық конденсатты жинау торабын (ЫКЖТ) әзірлеп, ендірді. Жылу энергиясы бойынша жылдық үнемдеу - 12 мың Гкал мөлшерінде және бастапқы су бойынша 250 мың м3 мөлшерде, бұл жылына 14,3 млн.теңгенің үнемделгенін көрсетеді. Энергия үнемдеу әлеуеті электр энергиясын босатуға жұмсалатын шартты отынның үлестік шығынын азайтқанда 0,4 гут/кВтсағ құрайды.

«Алматы электр станциялары» АҚ-ның экономикалық әсері

3-ЖЭО №1 қазандығына күрделі жөндеу жүргізген кезде ауа қыздырғыш кубтардың 3 қабаты ауыстырылды, нәтижесінде ілеспе газбен бірге жылуды жоғалту 1,03 %-ға азайды. Оның әсері қазандықтың НҚК-нің 86,3 %-ға артуынан байқалады, шартты отынды үнемдеу 1143 тұтты құрады, сондай-ақ электр энергиясын босатуға жұмсалатын шартты отынның үлестік шығынын 1,9 гут/кВтс-ға азаюынан көрінеді. Экономикалық әсер ақшалай алғанда 8,1 млн. теңгені құрайды.

2017 жылғы мемлекеттік наградалар



ҮМБЕТОВ
Мұхит
Әбікеұлы

Басқарма Төрағасы
«Алатау Жарық
Компаниясы» АҚ

«Парасат»
ордені



ЖАҢАБАЕВ
Бақытбек
Қайыпжанұлы

Басқарма Төрағасы
«Шардара СЭС» АҚ

«Құрмет»
ордені



МАКАРОВ
Серік
Жұматайұлы

Бас директордың
орынбасары – өндіріс
жөніндегі директор
«Богатырь-Көмір» ЖШС

«Құрмет»
ордені



ӘБДІРАХМАНОВ
Алтай
Аймұхаметұлы

Режим және баланстар
жөніндегі атқарушы
директор «Алатау Жарық
Компаниясы» АҚ

«Құрмет»
ордені



СЕРІКБАЕВ
Сатыбалды
Әбдіғапарұлы

Басқарма Төрағасының
Кеңесшісі
«Алатау Жарық
Компаниясы» АҚ

«Құрмет»
ордені



БАСТЕМІРОВ
Еркебай
Хамитұлы

химия цехының
5-разрядты бу-газ
турбина жабдықтарын
жөндеуші слесарі
«Екібастұз ГРЭС-2
станциясы» АҚ

III дәрежелі
«Еңбек Даңқы»
ордені



МҰХАМЕДЬЯРОВ
Бауыржан
Жұмабайұлы

бас инженердің орынбасары
(отын беру және жалпы
станциялық жабдықтар
жөніндегі) «Б.Нұржанов
атындағы Екібастұз
ГРЭС-1» ЖШС

Қазақстан
Республикасының
Құрмет
Грамотасы



«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Алик Айдарбаевтың кіріспе сөзі



Құрметті оқырмандар!

Өткен онжылдық – артыңа бұрылып қарап, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның құрылған сәтінен бастап атқарған істерінің қорытындысын шығаруға жақсы себеп. Бұл уақыт Қазақстан экономикасының өсуі үшін жаңа мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін серпінді даму, жаңғырудың және электр энергетикалық инфрақұрылымның жаңа бірегей объектілерін салу кезеңі болды. 10 жыл ішінде Компанияның ұстанымы айтарлықтай өсті – бүгінде «Самұрық-Энерго» АҚ ел өміріндегі маңызы зор ірі энергетикалық холдинг болып табылады. Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру 28%-ға және көмір өндіру 36%-ға жетті. Үкімет пен Акционердің қолдауымен іске асырылған жобалар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қажетті қуат резервін қамтамасыз етті және алға қойылған мақсатқа – энергия ресурстарын сенімді түрде жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ бәсекеге қабілетті еуразиялық маңызы бар электр энергетикалық холдингінің қалыптасуы үшін берік негіз құрды.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің нәтижелері мен электр энергетикасы инфрақұрылымының негізгі объектілерін салу және жаңғырту саласындағы ойдағыдай іске асырылған жобалар 10 жыл бұрын қабылданған шешімдердің дұрыстығын растайды.

Қазақстан энергетикасы үшін 2012 жылы қуаты 300 МВт Мойнақ ГЭС-ін салуды аяқтау айтулы оқиға болды. Бірегей әрі күрделі жоба Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ерекше тарту болды. Дәстүрлі жылу көздерін оңалтумен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ жаңартылатын энергетиканы – «Қапшағай» күн электрстанциясы мен «Ерейментау» жел паркін дамыту бойынша өнеркәсіптік жобалар іске асырылды. Қазіргі кезде олар Қазақстанның таза энергиясы өндірісінің 1/3 бөлігін қамтамасыз етеді.

Компанияның бастапқы құрылған уақыттағы басым міндеті – шетелдік инвесторлар басқарған кезеңде әбден тозығы жеткен Алматы энергетикалық кешенінің өндіруші және желілік активтерін жаңғырту болды. Алматы қаласының 2011 жылы Азиаданы қабылдау құқығын алғанын ескере отырып, ірі халықаралық спорттық оқиғаны өткізу энергетиктерге қосымша жауапкершілік ретінде жүктелді. Жаңа желілер мен қосалқы станцияларды салу жөніндегі ауқымды жобаларды іске асырудың, Алматы ЖЭО-ларын қайта құрудың арқасында энергиямен қамтамасыз ету сенімділігі өсті, бизнесті – трансформатор қуатының қорын ондаған жылдарға алдын ала бұрын мүмкіндіктер құрылды.

Инвестициялық жобаларды іске асыру, практикалық тәжірибені үйрену, корпоративтік басқаруды дамыту деңгейіне байланысты Компания өзінің энергия нарығындағы жайғасымдарын нығайтты. Бұл кезеңде Директорлар кеңесінің жұмысы мен негізгі шешімдерді қабылдау Компанияның өндіру секторындағы үлесін арттыруға бағытталды. 2008-2011 жылдары «Боғатыр Көмір» ЖШС, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Шардара ГЭС» АҚ-ның мемлекеттік қатысу үлесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ға берілді. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дағы қалған 50% үлесті сатып алу бойынша 2014 жылы аяқталған мәміле мемлекеттің ұлттық маңызы бар ең ірі станцияға бақылау жасау құқығын қайтарып алуға мүмкіндік берді. Осы кезде қуаты 500 МВт болатын екі энергия блогы іске қосылды, ол «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС иелік қуатын 3500 МВт-ға дейін арттырды.

Компания үшін жасыл энергетиканы дамыту және қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайту басым бағыт болып


қала береді. Жаһандық трендтермен қатар, бұған инвесторлар, мемлекет және жұртшылық тарапынан қойылатын талаптардың күшеюі ықпал етеді. Жаңғырту бойынша іске асырылған жобалар құл шығарындыларының көлемін бірнеше есеге азайтты, бұл экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартты. Мысалы, қала тұрғындарының алаңдаушылығын ескере отырып, қаланың ортасында тұрған Алматы ЖЭО-1 көмірден газға көшірілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, қазіргі кезде Акционермен бірлесіп, энергетикалық кәсіпорындар тарапынан мегаполис атмосферасының ластануын азайту мәселесі қарастырылуда.

Ел экономикасында көмір мен жылу электр станцияларының басым рөлге ие екенін ескере отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық ұштағанды – экономикалық қолжетімділік, экологиялық тұрақтылық және тұтынушыларды электр энергиясымен сенімді қамтамасыз етуді шешудің оңтайлы нұсқаларын іздеуді жалғастырады. Осы мақсатта, орнықты даму мен сыртқы ортаға талдау жасау саласындағы озық халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, біз 2017 жылы компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясына түзетулер енгізу қажет деп шештік. Ол қуаттар құрылымындағы жаңартылатын энергия көздері үлесінің өсуін болжайды, өндіру секторында клиентке бағдар ұстаған, бәсекеге қабілетті операциялық холдингті құруға басым мән береді.

Үнемі өзгеріп отыратын парадигмалардың, жаңа сын-қатерлердің байқалып отыруы жағдайында «Самұрық-Энерго» АҚ командасының алдында Қазақстан экономикасының электр энергиясына өсіп отырған қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша маңызды міндет тұр. Атқарылған жұмыстардың әлеуеті мен ауқымын бағалай отырып, Компанияның алдына қойған мақсаттарына еркін қол жеткізетініне менің сенімім мол.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы

Бақытжан Жоламановтың кіріспе сөзі



Құрметті оқырман!

2017 жылы ішкі нарықтағы бәсекелестік артқан жағдайда «Самұрық-Энерго» АҚ өндірістік және қаржылық нәтижелерін айтарлықтай жақсартты. Жетекші энергия өндіруші кәсіпорындар саналатын «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ электр энергиясын белгіленген шекті тарифтен төмен бағада сатты. Ресей Федерациясына электр энергиясын экспорттау көлемін сақтап қалу және одан әрі ұлғайту маңызды оқиға болды. 2017 жылы жеткізілім көлемі рекордтық көлемге - 4,7 млрд. кВтс-қа жетті.

Өндіру және сату көлемінің артуы, белгіленген KPI көрсеткіштерінің орындалуы табыстың 21 %-ға, 220 млрд. теңгеге дейін ұлғаюын қамтамасыз етті. Энергохолдингтің Қазақстанның энергия өндіру секторындағы үлесі жиынтық өндіру көлемі бойынша 28,6 млрд кВтс-қа, яғни 28 %-ға жетті, бұл 2016 жылғы деңгейден 27%-ға жоғары. Электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі көмір өндіруде де оң сипат алды – көмір өндіру 15%-ға өсіп, 40 млн. тоннадан асты.

Қазақстан Республикасы, 2015 жылғы 30 желтоқсан №1141 «2016-2020 жылдарға арналған Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» (бұдан әрі -Жекешелендіру Бағдарламасы) Үкімет қаулысын орындау мақсатында «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ, «Маңғыстау электр энергетикалық компаниясы» АҚ және «Ақтөбе ТЭО» АҚ акцияларын сату бойынша мәмілелер аяқталды. Сонымен қатар, 2018 жылы, Компанияның құрылымын оңтайландыру мақсатында, Жекешелендіру бағдарламасының аясында активтерді, және Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес еншілес компанияларды сатуды жүзеге асыруды жалғастыру жоспарлануда.

Біріктірілген жоспарлау жүйесін қоса алғанда, заманауи автоматтандырылған жүйелерді ендіре отырып, Трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асыру белсенді жүзеге асырылуда. «Тауар-материалдық құндылықтардың қалдықтарынан босату» жобасы бойынша жұмыс жасалған үш жылда 6,4 млрд. теңге мөлшерінде қаражат үнемделді. Бір тоқсанда Сауда үйінің базасындағы сату блогы жаңа моделінің пилоттық жобасы 110 млн. теңге мөлшеріндегі маржиналдық түсімді қамтамасыз етті. Сату процестерін үйлестіру

мен бірыңғай трейдинг саясаты электр станцияларының толық қуатпен жұмыс істеу жүктемесін арттырды, бұл өз кезегінде белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің 37,6-дан 48,1 %-ға дейін өсуіне жағдай туғызды.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында жария етілген міндеттер аясында цифрландыру мен экономиканы жаңғырту бағдарларының талаптары ескеріле отырып, «Цифрлы Электр Станция», «Цифрлы қима» және «Қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі» жобаларын іске асыру жоспарлануда. Бұған қоса, «Самұрық-Энерго» АҚ болжамдық талдау мен жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, автоматтандырылған өндіріс жүйелерін енгізу арқылы активтерді жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы 10 үздіктер қатарында «Қазақстанның инновациялық компаниялар рейтингі» бойынша 3-орынды иеленуі шын мәніндегі мойындау, еңбектің бағалануы болды.

Трансформациялау бағдарламасы аясында қызметкерлердің дайындық деңгейі мен біліктілігіне көп көңіл бөлінуде. Компанияның жалпы жетістігі әрбір қызметкердің жеке кәсіби біліктілігі мен жұмыс нәтижесіне байланысты. 2017 жылы, Акционердің ұсынымдарына сәйкес, меритократия қағидаттары енгізілді. Job matching рәсімінің қорытындылары бойынша білім мен біліктілікті бағалау қызметкерлердің 80%-ы атқарып отырған лауазымдарына сәйкес келетінін көрсетті.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі бағдарламалар жетілдірілуде. Бұл бағыттағы бірлескен жұмыс жергілікті кәсіподақпен серіктестікте жүргізілуде. Жыл сайынғы зерттеулер қорытындысы бойынша компаниялар тобындағы әлеуметтік тұрақтылық рейтингі жақсарып, 73%-ды құрады.

Компания «Атамекен» ҰКП, Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы, «KAZENERGY» бірлестігі құрамында салалық ынтымақтастық процестеріне белсенді түрде қатысып келеді. «АСТАНА EXPO-2017» халықаралық көрмесі аясында әлемдік және отандық жетекші компаниялар қатарында «Самұрық-Энерго» АҚ «Болашақтың энергиясы» ұранымен өз стөндін ұсынды. Іске асырылған жобалар мен балама энергия көздерін дамыту туралы экспозициямен корпоративтік павильонға келген ондаған мың көрермен танысып, тамашалады.

Инженерлер мен ғалымдардың дүниежүзілік конгресі барысында «Болашақтың энергиясы – Жаһандық энергияны дамыту перспективалары» секциясының жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. WSEC-2017 ғалымдардың, жетекші университеттердің зертханалары мен старт-ап компаниялары басшыларының және әлемдік деңгейдегі сарапшылардың басын қосты. Іс-шараның қорытындысы бойынша, «Энергетикалық трилемманың теңгерімі: қауіпсіздік, қолжетімділік және экологиялық орнықтылық» блогының тақырыбына сәйкес құнды пікірлер мен бағалар жинақталды.

Акционердің талаптарына сәйкес, жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде Компанияның 2015 жылы бекітілген ұзақ мерзімді Даму стратегиясына түзетулер енгізілуде. Негізгі бағыттар арзан көмір өндіру жағдайында энергияға көшуді қамтамасыз ету, жоғары экологиялық стандарттар және жаңа жобалардың есебінен елдің энергия балансында ЖЭК-тің үлесін арттыру болып табылады.

Егер Компанияның үлесі туралы айтатын болсақ, 2017 жылы жасыл энергияның әрбір үшінші қазақстандық киловатт-сағатын «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес кәсіпорындары өндіріп деуге болады.

Қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайту – біздің қызметіміздің басым бағыттарының бірі. «Самұрық-Энерго» АҚ тобының 2017 жылдың қорытындысы бойынша табиғатты қорғау жөніндегі кешенді іс-шаралар бағдарламасының іске асырылуы әрбір өндірілген өнім бірлігіне келетін ластаушы заттардың үлестік шығарындысын 5%-ға қысқартты. Энергия тиімділігін жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда жаңа міндеттер мен сын-қатерлер тұр, олар – жекешелендіру процестерін аяқтау, жаңа нарыққа жол ашу, операциялық қызметтің рентабельділігі мен тиімділігін арттыру, инвестициялық бағдарламаны іске асыру.

Мемлекет басшылығы белгілеген стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ электр энергетикасы саласын орнықты дамыту және Қазақстан экономикасының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

01

СТРАТЕГИЯ

Миссия

Қоршаған ортаға қамқорлық пен өндірістегі үнемділік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Еуразия жеткізушісі және Қазақстанды энергиямен жабдықтаудың жоғары технологиялық кепілі ретінде акционерлер, қызметкерлер және қоғам үшін құндылықтар тудыру

Пайымдау

Еуразиялық маңызы бар тиімді операциялық энергетикалық холдинг – Қазақстан нарығының көшбасшысы



*Қазақстан энергосыжүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы стратегиялық
маңыздылығына ие*



Көшбасшылық

Біз қызметіміздің барлық салаларында көшбасшылыққа ұмтыламыз. Біз сапалы нәтижеге қол жеткізуге бағдар ұстаймыз және қоғам мен қоршаған ортаға зиян келтірмей үйренуге құштармыз.

Құрмет

Біз өзіміз жұмыс істейтін сыртқы және ішкі ортаны құрметтейміз. Айналадағылардың сенімін ақтау үшін әрекет етеміз. Біздің жетістігіміз өзара қарым-қатынастарға тәуелді, бір-бірімізді және серіктестерімізді құрметтейміз. Біз адамдардың және пікірлердің аралуандығын бағалаймыз.

Қауіпсіздік

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға ұқыпты қарау біздің маңызды артықшылығымыз болып табылады. Біз әлемді энергиямен қамтамасыз етеміз және оны қауіпсіз әдістермен жасауға тырысамыз.

Тиімділік

Біз акционерлер мен серіктестер алдындағы парызымыз бен жауапкершілігімізді сезінеміз, сондықтан қызметтің пайдалылығы мен тиімділігі, күтілетін және күткеннен де асып түсетін нәтижелерге қол жеткізу біз үшін сөзсіз құндылық болып табылады.

Қызметкерлердің кәсіпқойлығына, тәртіп пен өзара іс-қимылға сүйене отырып, әр қызметкердің және жалпы Компания мүдделерінің қажетті теңгерімін қамтамасыз ете отырып, алдымызға қойылған мақсаттарға қол жеткіземіз.

Біз – біртұтас командамыз

Әрқайсысымыз өз ісіміздің маманымыз, бірақ үлкен жетістіктерге бірге жетеміз. Алдымызға өршіл міндеттер қоямыз және өзара іс-қимыл жасай, бір-бірімізді қолдай және толықтыра отырып, оларға қол жеткіземіз.

Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Электр энергиясы мен көмір жеткізудің сенімділігін қамтамасыз ету және ЕЭК тұрақтылығын қолдау

Акционерлік капиталдың бағасын арттыру

- ▶ Акционерлердің мүдделерін қорғау және Қоғамның акцияларын тиімді бастапқы орналастыру (Халықтық IPO)
- ▶ Холдингінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету
- ▶ Холдинг активтерінің құрылымын оңтайландыру
- ▶ Коммерциялық тұрғыдан мақсатты жобаларға қатысу

Әлеуметтік жауапкершілік

- ▶ Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету
- ▶ Өндірістік жарақаттанушылықты болдырмау
- ▶ Қоршаған ортаны қорғау



Мақсатты бағдарлар:

«Дәстүрлі өндіру» – жоғары технологиялық даму, Қазақстан Республикасындағы көшбасшылық және артық қуатты экспортқа тиімді сату


- ▶ Сату қызметін, коммерциялық оңтайландыруды және Сауда үйі негізінде трейдингті күшейту
- ▶ Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру (өндіруші қуаттардың оңтайлы теңгерімі)
- ▶ Қолда бар қуаттар өнімділігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету
- ▶ Реттегішпен өзара іс-қимыл қызметін күшейту
- ▶ Жаңа бизнестер мен сервисті дамыту, таратуды ұлғайту және экологиялық тиімділікті арттыру үшін сыбайлас бизнестерге әртараптандыру
- ▶ Ішкі нарықта қосымша өткізу каналдарын дамыту
- ▶ Сыртқы нарықта қосымша өткізу каналдарын дамыту
- ▶ Таза көмір инновациялары мен технологияларын дамыту, көміртекті ұстау және сақтау

«ЖЭК» – Қазақстан Республикасында ЖЭК-өндірісі технологияларын белсенді ендіру және дамыту

- ▶ ЖЭК-тің өршіл дамуын қамтамасыз ететін жоспарланған жобаларды тиімді іске асыру және жаңаларын анықтау есебінен ҚР-да ЖЭК-ті дамыту бойынша көшбасшылықты қамтамасыз ету
- ▶ Электр энергиясын сақтау технологияларын дамыту

«Көмір бизнесі» – жоғары технологиялық көмір бизнесін дамыту, өндіруді ұлғайтудың жаңа орындарын сату

- ▶ ҚР-да байытылмаған көмір бизнесін дамыту
- ▶ РФ-да байытылмаған көмір бизнесін дамыту
- ▶ Көмір бизнесінің операциялық тиімділігін арттыру
- ▶ Көмір қабаттарын байыту, дамыту жөніндегі жоғары технологиялық бизнес бағыттарын дамыту
- ▶ Инновацияларды және ҒЗТҚЖ дамыту



«Жалпы корпоративтік дамыту»

- ▶ Корпоративтік орталықта функцияларды ішінара орталықтандыра отырып, операциялық холдингті басқару қағидастарына көшу
- ▶ Компанияның трансформациялау бағдарламасын іске асыру
- ▶ Акционерлердің мүдделерін қорғау және акцияларды бастапқы тиімді орналастыру
- ▶ Озық тәжірибелерді қолдана отырып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша міндеттемені орындау
- ▶ Инновациялық даму
- ▶ Инвестициялық жоспарлау және жобаларды басқару процесін жетілдіру

«Бөлу және тарату» – Қоғам тобы бойынша 2016–2020 жылға арналған жекешелендіру жөніндегі кешенді жоспар аясында активтерді сату

Электр энергиясы және көмір нарығы

Электр энергиясы нарығының қазақстандық моделі



Қазақстан Республикасының энергия жүйесі шартты түрде үш аймаққа бөлінеді: **Солтүстік, Оңтүстік және Батыс.**

Солтүстік аймақ – Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары. Солтүстік аймақта елдегі жалпы электр энергиясын өндіру көлемінің 77%-ы өндіріледі. Солтүстік аймақта негізгі көмір кеніштері мен су энергетикалық ресурстары орналасқан. Артылған электр энергиясы энергия тапшы оңтүстік аймақтарға жіберіледі және Ресей Федерациясына экспортталады.

Оңтүстік аймақ – Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары. Солтүстік аймақтардан жеткізу есебінен өтелетін электр энергиясының тапшылығымен сипатталады.

Батыс аймақ – Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары. Аталған аймақта электр тұтынудың маңызды үлесін меншікті өндіріс көздері бар мұнай-газ саласындағы кәсіпорындар құрайды. Елдің аймағы бойынша Батыс аймағының Қазақстанның Солтүстігімен және Оңтүстігімен электр байланыстары жоқ.

Нарықтың географиялық бөлінуі



Қазақстан Республикасы электр энергиясының теңгерімі (млрд.кВтсағ)

Атауы	2007ж.	2008ж.	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.
ҚР электр энергиясын тұтыну	76,4	80,6	78,0	83,8	88,1	91,4	89,6	91,7	90,8	92,3	97,9
ҚР-дағы генерация	76,4	80,1	78,4	82,3	86,2	90,2	92,0	93,9	90,8	94,1	102,4
Республика аралық көшу											
Барлығы	0,075	0,545	-0,474	1,472	1,933	1,197	-2,332	-2,274	0,051	-1,765	-4,527
Ресей	-1,141	-0,009	-1,573	-0,162	-0,206	0,270	-2,301	-1,504	0,471	-1,640	-4,528
Орталық Азия	1,215	0,554	1,099	1,634	2,139	926,4	-0,031	-0,771	-0,421	-124,7	0,001

Аймақ	Өндіру түрі	қаңтар-желтоқсан		Δ, %
		2016 г.	2017 г.	
Қазақстан	Барлығы	94 076,5	102 383,6	8,83
	ЖЭС	74 702,8	82 424,8	10,34
	ГТЭС	7 407,6	8 372,6	13,03
	СЭС	11 605,9	11 157,9	-3,86
	ЖЭС	274,1	338,5	23,50
	КЭС	86,1	89,8	4,30
Солтүстік	Барлығы	70 968,4	78 714,0	10,91
	ЖЭС	59 861,2	67 992,2	13,58
	ГТЭС	3 072,2	2 979,9	-3,00
	СЭС	7 879,0	7 571,5	-3,90
	ЖЭС	156,0	170,4	9,23
	КЭС			
Оңтүстік	Барлығы	11 731,4	11 347,2	-3,27
	ЖЭС	7 692,8	7 350,6	-4,45
	ГТЭС	3 726,9	3 586,4	-3,77
	СЭС	107,5	152,3	41,67
	ЖЭС	118,1	168,1	42,34
	КЭС	86,1	89,8	4,30
Батыс	Барлығы	1 1376,7	12 322,4	8,31
	ЖЭС	7 148,8	7 082,0	-0,93
	ГТЭС	4 227,9	5 240,4	23,95

Электр энергетикасы нарығындағы бәсекелес орта

2017 жылы электр энергиясының көтерме сауда нарығында мынадай энергия өндіруші ұйымдар ең ірі бәсекелестер болды:

Бәсекелес компаниялар	2017ж. электр энергиясын өндіру көлемі	
	млн. кВтсағ	ҚР-дағы өндіруден түсетін %
«Еуразиялық Компаниялар тобы» ЖШС	19 054,5	18,6
«Қазақмыс Энерджи» ЖШС	6 756,3	6,6
«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС	6 464,4	6,3
«Орталық-Азия Энергетикалық Корпорациясы» АҚ	7 299,9	7,1

Электр станцияларының ірі меншік иелері мен операторлары бойынша белгіленген қуаттар		
«Самұрық-Энерго» АҚ	6 805 МВт	31,4
«Еуразиялық «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы» ЖШС	3 262 МВт	15,0
«Қазақмыс Энерджи» ЖШС	960 МВт	4,4
«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС	1 150 МВт	5,3
«Орталық-Азия Энергетикалық Корпорациясы» АҚ	1 204 МВт	5,5
Басқа	8 305 МВт	38,3
Барлығы	21 682 МВт	

2017 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ бәсекелес ұйымдардың энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 53,3 млрд. кВтсағ-ты құрайды, бұл 2016 жылмен (51,2 млрд. кВтсағ) салыстырғанда 2,1 млрд. кВтсағ-қа артық.

2017 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіретін ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 28 661,6 млн. кВтсағ-ты құрады немесе 2016 жылғы көрсеткіштерімен (2016 жылы электр энергиясын өндіру) салыстырғанда 27,5%-ға артты.

01.01.2019 жылы енгізілетін электр энергиясы мен қуат нарығының моделі

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қуат нарығының жұмыс істеуіне байланысты Бірыңғай сатып алушы моделі енгізіледі, оның мақсаты электр энергиясына инвестиция тартуға қолайлы жағдай туғызу, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру, энергиямен қамтамасыз етудің қажетті деңгейін ұстап тұру және саланың экспорттық әлеуетін дамыту үшін жеткілікті көлемде жаңа өндіруші қуаттарды салу болып табылады.

Энергия өндіруші ұйымдардың тарифтері 2 құрамдас бөліктен тұрады: электр энергиясына белгіленген тариф және электр қуатын әзірлікте ұстап тұруға арналған тариф. Электр энергиясына белгіленген тариф өзгермелі операциялық шығыстардан тұрады. Электр қуатын әзірлікте

ұстап тұруға арналған тарифтер инвестициялық шығыстардан тұрады. Тарифтерге саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, жыл сайын түзетулер енгізіледі.

Еуразия экономикалық кеңесінің жалпы электр энергетикалық нарығын қалыптастыру

2019 жылғы 1 шілдеден бастап ұлттық энергетикалық нарықтарды сақтай отырып, бес қатысушы елдің энергия жүйелерінің өзара тиімді ынтымақтастығын қарастыратын Еуразия экономикалық кеңесінің (ЕАЭК) жалпы электр энергетикалық нарығы құрылады. ЕАЭК туралы шарт аясында одан кейінгі құрылымдық жақындату және мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық қамсыздандырылуын үйлестіру болжанады. 2015ж. 8 мамырда Мәскеу қаласында Жоғары Еуразиялық Экономикалық Кеңес шешімімен (№12) ЕАЭК ЖЭН-ді қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілді.

Қазіргі уақытта ЕАЭК қатысушы елдері ЕАЭК ЖЭН туралы келісімді келісу бойынша жұмыстар жүргізуде.

ЕАЭК ЖЭН Қазақстан Республикасының электр энергетикалық саласы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады: Ресей Федерациясына және Беларусь Республикасына электр энергиясын өткізудің қосымша нарығы пайда болады, сондай-ақ Орталық Азия елдерінен Еуразия Экономикалық Кеңістігі елдеріне электр энергиясын жеткізу мүмкіндігі туындайды.

Көмір нарығы

Қазақстанның көмір өнеркәсібі



*жедел деректер Декеккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Көмір өнеркәсібі Қазақстан Республикасының аса маңызды ресурстық салаларының бірі болып табылады. Отын өндірудің ағымдағы құрылымында көмірдің жиынтық тұтыну-дағы үлесі – **66%**. Қазақстанда көмір өнеркәсібінің барлық негізгі сегменттері бар, алайда көмір өндіру мен энергетикалық көмірді пайдалану айрықша дамыған. BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, 2017 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан көмір қорының дәлелденген көлемі бойынша әлемде сегізінші орынға ие (25,6 млрд. тонна немесе жалпы әлемдік қордың 2,2%-ы).

калық көмірді пайдалану айрықша дамыған. BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, 2017 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан көмір қорының дәлелденген көлемі бойынша әлемде сегізінші орынға ие (25,6 млрд. тонна немесе жалпы әлемдік қордың 2,2%-ы).

KAZENERGY–2017 ұлттық энергетикалық баяндамасындағы IHS CERA сарапшыларының бағалауы бойынша, 2040 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы көмір өндіру мен тұтынуды болжау бірқатар маңызды үрдістерге меңзейді. Көмір өндіру көлемі 2040 жылы 80 млн. тоннадан төмен деңгейге баяу азаятын болады. Осы секілді траекторияны сол сияқты 2016 ж. 70 млн. тоннадан артық деңгейден 2040 ж. 60 млн. тоннаға жуық деңгейге дейін бірте-бірте төмендейтін көзге көрініп тұрған тұтыну да жүріп өтетін болады. Аталған үрдістер экономикада энергия ресурстарын пайдалану тиімділігін кезең-кезеңмен арттыру перспективасымен келісіледі, мұнда газды пайдалану бірте-бірте өсетін болады, 2030 жылдан кейін АЭС пайдалануға беріледі.

Жиынтық өндіруден алынатын энергетикалық көмір нарығы



Өндірілетін энергетикалық көмірдің негізгі үлесі Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының мұқтаждықтарына және экспортқа (51% және 31% сәй-

кесінше), қалған көлемі – халықтың коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтары мен өнеркәсіптік кәсіпорындарға (13% және 5% сәйкесінше) жұмсалады.

Энергетикалық көмірдің экспорты

Ресейге энергетикалық көмірді экспорттау Қазақстаннан шығатын жиынтық экспорттың негізгі үлесін (жиынтық 26,2 млн. тоннаның 84%-ын) құрайды. Ресей Федерациясында Қазақстан көміріне арнайы жобаланған электр станциялары негізгі сұранысты қамтамасыз етеді. Қазақстанның көмір импортының көлемі Ресейдің көмірді жалпы тұтыну көлеміне байланысты өзгеріп отырады, алайда, оны Ресейдің көмір өндірісінде пайдалану үлесі соңғы кездері азайып келеді және шамамен 20%-ды құрайды.

сей бағытына жеткізудің экспорттық көлемін арттыру болжанып отырған жоқ.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының 12 электр станциясына көмір жеткізетін көмір өндіруші компанияларының тізімі:

1. «Богатырь Көмір» ЖШС (көмір маркасы КАТ);
2. «ЕЭК» АҚ (көмір маркасы КАТ);
3. «Ангренсор-Энерго» ЖШС (көмір маркасы КАТ);
4. «Майкөбен-Вест» ЖШС (көмір маркасы ҚЗ, Ұ);
5. «Оң-Олжа» ЖШС (көмір маркасы ҚЗ).

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында көмір өндіру бойынша қуаттар айтарлықтай дәрежеде энергетикалық көмірдің ішкі нарығының сұранысынан артық. Қазақстанның бірқатар көмір электр станцияларын көмірден газға көшіру мәселелері талқылануда. KAZENERGY-дің болжамдары бойынша, уақыты келгенде Қазақстанда электр энергиясын өндіруге арналған көмірдің үлесі оны табиғи газбен алмастыруға, сондай-ақ экономикалық өсімнің энергия сыйымдылығын азайтуға байланысты бірте-бірте азаятын болады.

Ресей Федерациясының энергетикасын дамыту Урал электр станцияларында тұтынатын көмірді Екібастұз көмірінен табиғи газға және Кузнецк көміріне бірте-бірте көшіру болып табылады. Бұл орайда, Екібастұз көмірін Ре-

Қалыптасқан жағдайларда, көмір өнеркәсібін дамытудың басым бағыты жалпы алғанда, ең алдымен, көмірді өндіру мен өңдеуге жұмсалатын шығыстарды азайтуға, нақты тау-кен-геологиялық жағдайларға бейімделген өндіру технологияларын өндіруге бағытталған инновациялық қызметті күшейту болуы тиіс. Бұдан бөлек, көмір отынының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың аса маңызды бағыттары оның сапасын түбірімен жақсарту және терең өңдеу технологияларын өндіру болып қала береді.

Саланы реттеу аясы

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ережеге сәйкес, көмір өнеркәсібі саласында конкурсқа ұсынуға болатын көмірсутек шикізатынан, көмір мен ураны бар жер қойнауы учаскелері тізбесінің жобаларын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 15 қазандағы №67 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті көмір саласында:

- 1) жер қойнауын зерттеу мен пайдалануға мемлекеттік бақылау жасауды;

- 2) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын орындауына мониторинг жүргізу мен бақылауды;

- 3) жер қойнауына мемлекеттік мониторинг жүргізуді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

SWOT-талдау

Күшті жақтары		Әлсіз жақтары	
1. Өндірудің өзіндік құны төмен болып келетін энергетикалық көмірдің мол қорының болуы	2. Қазақстан Республикасындағы қуаттардың тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар	1. Белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің төмен болуы	2. Қарыз жүктемесінің жоғары болуы
3. Мемлекет және Қор тарапынан қолдау		3. Баға ұсыныстарын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы	
Мүмкіндіктер		Сын-қатерлер	
1. Өсіп отырған сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және келешекте – нарық моделінің өзгеруі есебінен нарық үлесінің кеңеюі	2. Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін дамыту, оның ішінде Ұлттық оператор мәртебесі есебінен дамыту	1. Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту	2. Өндіруші қуаттардың сұранысы мен ұсыныстарының арасындағы айырмашылықтың өсуі
3. Нарықтың қажеттілігіне сәйкес қуат балансын оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК)	4. Көмірді пайдалану бағыттарын кеңейту, оның ішінде байыту есебінен кеңейту	3. Экологиялық заңнаманы шамадан тыс қатайту	4. ЕАЭО-ның бірыңғай электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК ОРЫНДАЛУЫ

№	Атауы	2016 нақты	2017 нақты	2018 болжам	2019 болжам
1	Экономикалық қосылған құн (EVA), млн. теңге	-44 355	-47 131	-25 292	-10 147
	<i>Бақыланатын активтер бойынша EVA</i>	-44 355	-47 131	-33 679	-17 386
	<i>ҚБ мен АК бойынша EVA</i>			8 388	7 238
2	Қарыз/ЕБИТДА (арасалмағы))	5,41	4,64	3,28	2,02
3	Дамуға және дивидендтерге арналған бос қаражат, млн. теңге	24 201	36 742	66 191	78 119
4	Таза активтердің құны (NAV), млн.теңге	412 874	382 946	448 923	492 925
5	Трансформациялау бағдарламасын іске асыру, %		65	100	100
6	Корпоративтік басқару рейтингі		B	BB	BBB
7	Электр энергиясын өндіру көлемі, млн.кВтс	22 485	28 662	31 688	35 030
8	ҚР-дағы электр энергиясы нарығының үлесі	23,9%	28,0%	30,2	33,1
9	Кешенді Жекешелендіру Жоспарын іске асыру аясында «Самұрық-Энерго» АҚ активтерін сатуды қамтамасыз ету			100	100

*жаңартылған әдістеме бойынша EVA ҚБ мен АК 2018 ж есеп бойынша ескеріледі.

Компанияның стратегиялық көрсеткіштерінің 2016 жылдан 2019 жылға дейін жақсару үрдісі бар. Өсудің негізгі драйверлері мыналар: РФ-ға экспортқа электр энергиясын сату көлемін көбейту; ішкі нарықтағы өсім; электр энергиясын тасымалдауға жұмсалатын шығыстарға уақытша

төмендету коэффициентін алу; қуат нарығын өндіру; қарыздық жүктемені азайту.

02

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы құрылды. Қоғамның құрылған сәттегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (94,01%) мен «ҚазТрансГаз» АҚ (5,99%) болды.




«Самұрық-Энерго» АҚ 2007 жылы 10 мамырда тіркелді.

Электр энергетикалық активтерді оперативтік басқару және саладағы үйлестірілген мемлекеттік саясатты іске асыру үшін «Самұрық» МАБҚХ» АҚ-ның 9 компаниясы және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 7 компаниясы Компанияның қарамағына берілді.



*Қазақстан бойынша электр энергия
мен көмірді өндіру үлесі
28% бен 36% жетті*

2007 жылғы энергетикалық активтерді басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы



2008 жылғы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ның қосылуы жолымен болған қайта ұйымдастыру нәтижесінде Қоғамның акционері «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болды. «ҚазТрансГаз» АҚ акционер ретінде қалды.

2008-2011 жылдары «Самұрық-Энерго» АҚ құрамына бірқатар компаниялар кірді, атап айтқанда әлемдегі ең ірі тас көмірге ие «Богатырь Көмір» ЖШС, сондай-ақ «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ.

2012 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасының №1103 қаулысымен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «ҚазТрансГаз» АҚ-ға тиесілі акциялары «Самұрық-Қазына» АҚ-ға табысталды. Осылайша, 2012 жылдан бастап

қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

10 жыл ішінде Компания «Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобын қайта ұйымдастыру бойынша айтарлықтай жұмыс жасады. Активтер сатып алынды және жаңалары құрылды, басқару деңгейін азайту үшін компаниялар жойылды, үнемі жетілдіру жүргізілді және активтерді басқару тиімділігі арттырылды.

Компания әлемдік озық тәжірибелерге сәйкес портфельдік компанияларды даярлауды үнемі жүргізеді. Басқару кезеңінде, Компания Балқаш ЖЭС-ін салуды жүргізеді, Екібастұз ГРЭС-2-нің қуаты арттырылды, жаңартылатын энергия көздерін өндіру үшін «Samruk Green Energy» ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС компаниялары құрылды, көрші республикаларға электр энергиясын көтерме сатуды жаңарты бойынша шаралар жүзеге асырылды. Компания Алматы облысында жаңа өндіруші қуаттарды дамыту үшін инвестициялар жасады, жаңартылатын энергия көздері пайдалануға енгізілді.

2017 жылдың басында компаниялар тобында қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша электр энергетикалық секторының 36 компания есептелді. 2017 жылы ішінде Компания Қоғам тобын қайта ұйымдастыру бойынша айтарлықтай жұмыс жасады. Қосылу жолымен Кипрде тіркелген 10 компанияның 7-уі жойылды, оның ішінде Mersal Coal Holdings Ltd, Manetas Coal Holdings Ltd, Grasedol Coal Holdings Ltd, Bleson Coal Holdings Ltd, Wexler Ltd., Alloyal Limited, Crouch Estate Ltd.

«Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысын іске асыру аясында, «ШҚ АЭК» АҚ-ның, «МЭБК» АҚ-ның және «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның акцияларын сату бойынша мәмілелер аяқталды. Активтерді жекешелендіру жөніндегі шаралар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның активтерді сату, қайта құрылымдау бірыңғай қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылды және ашық екі кезеңді конкурс жолымен сатылды, олар туралы ақпарат Қоғамның сайтында және бұқралық ақпарат құралдарында орналастырылды.

Жекешелендіру бағдарламасына сәйкес, Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ң 100%, «Алматы электр стансалары» АҚ-ң 100%, «Алматыэнергосбыт» ЖШС-ң 100%-н, «Тегис Мунай» ЖШС-дағы (құрамында «МАН-ГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС бар) қатысу үлесінің 100%-ын және «Энергия Семиречья» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 26%-ын сату жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Компания «Самұрық-Энерго» АҚ-ның портфельдік компанияларында әлеуметтік жауапкершілік пен бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, барлық активтердің акционерлік капиталының құнын арттыру бойынша қызметті жалғастырады.

Бизнес-модель



Көмірді өндіру және сату

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасындағы ірі көмір өндіруші компаниясы «Богатырь-Көмір» ЖШС (50%), сондай-ақ Ресей Федерациясына көмірді экспорттайтын сауда компаниясы «Ресурс Энерго» ЖШС-гіне иелік етеді.

Өндірілген көмірдің «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы арасында, ал қалғаны Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының басқа электр станциялары, сондай-ақ коммуналдық-аймақтық кәсіпорындарына жеткізіледі

Өндіру

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы Қазақстан Республикасындағы белгіленген қуатының 31% -ына иелік етеді. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы құрамына республика бойынша өндірілген жалпы электр энергиясының жалпы санының 28% -ын құрайтын «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1 стансасы» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Бірінші жел электр стансасы» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ және басқа да өндіруші компаниялар кіреді.

Көтерме сауда

Электр энергиясын көтерме саудада өткізу нарығы ұлттық компаниялардың генерациялайтын компанияларымен сонымен қатар ірі тұтынушылар, соның ішінде: «KEGOC» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қостанай Энерго» АҚ, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Көкшетау энергетикалық орталығы» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Жеті-Су ЭнергоТрейд», сондай-ақ басқа да ірі тұтынушылармен ұсынылған

Жеткізу, тарату

Электр энергиясын беру және бөлу негізінен магистральдық желілер «KEGOC» АҚ желілері мен аймақтық энергетикалық компаниялардың желілері арқылы жүзеге асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ тобына «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ кіреді. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр қуатымен қамтамасыз ету көлемі 6 527 млн. кВт.сағ

Бөлшек сауда


Электр энергиясын сатуға арналған бөлшек сауда нарығы энергия сату ұйымдарынан (ЭСҰ) тұрады. ЭСҰ электр энергиясын халыққа, шағын және орта бизнеске, сондай-ақ басқа да бюджеттік өнеркәсіптік және институционалдық тұтынушылар меншіктеріне электр энергиясын сатады. Екіжақты келісімдер арқылы өндіруші компаниялардан электр энергиясын сатып алып, жеке тұтынушылармен екіжақты келісімдер жасасады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының құрамындағы «АлматыЭнергосбыт» ЖШС 1.3 миллион тұтынушыға 5 767 млн кВт/сағ көлемінде электр энергиясын сатады

Экспорт

4,7 млрд. кВт / сағат электр энергиясы
9,1 млн. тонна көмір экспортталды

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Активтердің ағымдағы құрылымы



ЕНШІЛЕС ЖІНЕ ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР

ДӘСТҮРЛІ ЭНЕРГЕТИКА



ДӘСТҮРЛІ
ЭНЕРГЕТИКА

ЭНЕРГИЯНЫ
ТАРАТУ

ЖАСЫЛ
ЭНЕРГЕТИКА

КӨМІР

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100 %)

Генеральный
директор
М. Абишев



Екібастұз ГРЭС-1 Қазақстан Республикасындағы ең ірі жылу электр станциясы болып табылады. Компания Қазақстанның солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді, электр энергиясының бір бөлігі Ресейге экспортталады.

Кешен қуаты 500 МВт болатын 8 энергия блогынан тұрады, станцияның жалпы белгіленген қуаты – 4 000 МВт.

2010 жылы станцияның нақты қуаты 2220 МВт-ны құрады, қолда бар 8 энергия блогының 5-еуі пайдаланылды. № 1, 2 және 8 энергия блоктары пайдаланудан шығарылды.

2010 жылдан бастап негізгі жабдықтарды жаңғырту басталды. Қазіргі уақытта 7 блок жұмыс істейді, станцияның қолда бар қуаты - 3500 МВт. Барлық энер-

гия блоктарға ПӘК-і 99,6% болатын электр сүзгілері орнатылды.

Алдымызда бірнеше негізгі міндет тұр - № 1 энергия блогын қалпына келтіру (іске асыру мерзімі – 2024 жыл), отын жеткізуді қайта жаңарту және жаңғырту (іске асыру мерзімі – 2021 жыл), жалпы станциялық жабдықтарға күрделі жөндеу жүргізу.

№1 энергия блогы іске қосылған кезде станция жобалау қуатына қол жеткізеді.

Қаржы көрсеткіштері


Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	25 859	19 673	5 217	3 859
ЕБИТДА	млн. теңге	47 747	47 443	33 978	36 611
ЕБИТДА Margin	%	64,7	60,6	54,2	40,6

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2010 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	4 000	4 000	4 000	4 000
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтсағ	11 703	10 728	9 037	14 797
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтсағ	11 065	10 146	8 523	14 022
Жылу энергиясын өндіру көлемі	Гкал	ЕГРЭС-1-дің жылу энергиясын босату мен сату монополистер тізіміне енгізілгеннен және ТМРБҚК тарифті бекіткеннен кейін 2017 жылы басталды			27 275
Жылу энергиясын сату көлемі		4 153			
Тұтынушылардың саны (коммерциялық және т.б.)				64	72
Негізгі тұтынушылар:	«Богатырь Көмір» ЖШС, «Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, «Тау-Кеп Темір» ЖШС, «Қазминералз Бозшакөл» ЖШС, «KEGOC» АҚ				

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өсу қарқыны, теңге



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.gres1.kz

Экологиялық көрсеткіштер

Атмосфераға шығарылатын ластағыш заттардың өсуі, г/кВт•ч



«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 50%, «Интер РАО» ЖАҚ - 50%)

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	мың теңге	4 641	-25 530	1 575	-19 092
EBITDA	мың теңге	5 195	10 761	13 138	12 594
EBITDA margin	%	34	41,61	41,74	37

Басқарма Төрағасы

Н. Тушинский



Екібастұз ГРЭС-2 станциясы мемлекеттің маңызды стратегиялық объектілерінің бірі ғана емес, ең алдымен қазіргі заманғы технологиялары мен ауқымды өндірістік базасы бар электр энергиясының қуатты өндірушісі болып табылады. Дәлел ретінде, біздің станциямыз «Альстом» фирмасының тиімділігі жоғары электр сүзгілерін орнатуды жүзеге асырғандардың бірі болды, бұл - станцияның атмосфераға таралатын шығарындыларын азайтуға, осылайша Павлодар облысы өңіріндегі экологиялық жағдайды жақсартуға айтарлықтай әсер етуімізге мүмкіндік берді. Электр энергиясын шекті тарифтер бойынша сату жабдықтарды одан әрі жаңғырту және қалпына келтіру үшін қажетті барлық шарттарды жасады, осыған орай, станцияны дамыту үшін инвестициялық салымдар елеулі түрде өсті. 2008 жылдан бастап негізгі капиталға ҚҚС-ны есептемегенде, барлығы 101,5 млрд. теңге сомасында инвестиция салынды. Соның ішінде «№3 блокты салу арқылы ЕГРЭС-2-ні кеңейту және қайта жаңғырту» жобасын іске асыруға – ҚҚС есептемегенде 39,4 млрд. теңге. Осылайша, аталған жылы Екібастұз ГРЭС-2 №1, 2 электр сүзгілерінен шығатын құрғақ күлді іріктеу және сату бойынша тағы бір маңызды инвестициялық жобаны қолға алды.

Энергетиктер қай кезде де ұжымның басты қазынасы болған және болып қала береді. Соңғы бес жыл ішінде еңбектегі жетістіктері мен кәсіби шеберлігі үшін Екібастұз ГРЭС-2-нің 100-ден астам қызметкері «Еңбек сіңірген энергетик», «Құрметті энергетик», «ТМД энергетигі» және «Энергетика ардагері» атақтарын иеленді.

Бүгінде, барлық қиыншылықтарға қарамастан, ГРЭС екі блокты режимде жұмыс істеуді жалғастыруда және барынша жоғары жүктемемен жұмыс істеуде, соның нәтижесінде тұтынушыларды электрмен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етіп отыр. Өз кезегінде, бұл компанияның өндірістік және қаржылық қана емес, әлеуметтік міндеттемелерді де орындауына мүмкіндік береді. Станция ұжымы келешекке сеніммен қарайды, біздің мақсатымыз – үздіксіз жұмыс істеу және барлық көзделген жоспарларды табысты іске асыру.


Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 000	1 000	1 000	1 000
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтсағ	6 198,860	3 210,985	4 976,149	5 495,463
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтсағ	5 850,831	2 980,326	4 706,901	5 207,959
Жылу энергиясын босату көлемі	мың Гкал	105,963	81,347	70,837	66,515
Негізгі тұтынушылар	«Трансэнерго» АҚ, «ХҚАЗ» АҚ, «Қазхром» ТҰК» АҚ, «Лотос-Ақтөбе» ЖШС, «Гоар» ЖШС, «Завод ЖБИ-25» ЖШС, «АС Газ Логистик» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «Ақтөбе Құрылыс Комбинаты» ЖШС, «Производственное объединение» ЖШС, «КСМ» ЖШС, «Актобэнергоснаб» ЖШС, «Энергожүйе» ЖШС, «Ақбұлақ» АҚ, «Трансэнерго» АҚ				



Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны, теңге



Экологиялық көрсеткіштер

№ п/п	Ластағыш заттардың атаулары	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1.	Электр энергиясын өндіру	мың кВт*сағ	6 198 860	3 210 985	4 976 149	5 495 463
2.	Жалпы ЛЗ шығарындылары	тонна	111 708,956	40 637,9	71 061,94	67 472

Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.gres2.kz.

«Алматы Электр Станциялары» АҚ

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100 %)

**Басқарма
Төрағасы**
Н. Мұхамед-Рахимов



Біздің компания Алматы қаласы мен Алматы өңірінің тұтынушыларын 70% электр энергиясымен, 76% жылу энергиясымен қамтамасыз ете отырып, тұрғын үйлерде, қоғамдық, мәдени-тұрмыстық және өзге мекемелерде қолайлы ахуал қалыптастырып отыр. Компанияның құрылымына 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО жылу станциялары; Батыс жылу кешені; Қапшағай және Каскад СЭС гидростанциялары; «Энергия жөндеу» өндірістік жөндеу кәсіпорны, Отынды қабылдау және түсіру орталығы кіреді.

Мемлекеттің ең ірі мегаполисінің жылу мен электр энергиясына барлық мұқтажықтарының 2/3-ін қамтамасыз ете отырып, біздің компания атмосфераға шығарылатын барлық ластағыш заттар шығарындыларының 11%-ын ғана таратады.

Соңғы бес жыл ішінде компанияның активтері 27 млрд. теңгеден 95 млрд. теңгеге дейін 3,5 есе өсті. «Алматы электр станциялары» АҚ-да энергия үнемдеу

және энергия тиімділігі мәселелеріне айрықша назар аударады: электр энергиясын өндіру өсті; сүзгілеу кезінде су ысырабы азайды, электр энергиясын босату үшін шартты отынның үлестік шығыны азайтылды. Энергия тиімділігін арттыру бойынша ауқымды тәжірибелік жұмыс жүргізіледі: энергия көздері арасында жылу жүктемелері қайта үйлестірілді, энергияны үнемдеуге үш сатылы бақылау енгізілді, өнертапқыштық жұмыс жаңартылды, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі ендірілді.

Таяу болашақта Алматы қаласы мен Алматы өңірінде экологиялық жүктемені азайту үшін Компания 1-ЖЭО-да газ турбиналы құрылғыларын салу жобасын іске асыру мәселесі көзделіп отыр, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес ЖЭО-2-ні газға көшіру жолдары қарастырылуда.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	7 035	-11 015	5 927	1 522
ЕБИТДА	млн. теңге	13 676	11 815	14 354	12 290
ЕБИТДА Margin	%	29	22	24	20


Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 239	1 239	1 239	1 239
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВт*ч	5 439	5 086	5 911	5 712
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВт*ч	4 723	4 388	5 214	5 072
Жылу энергиясын өндіру көлемі	тыс. Гкал	5 749	5 031	4 971	5 507
Жылу энергиясын сату көлемі	тыс. Гкал	5 748,7	5 031	4 970,5	5 223

Негізгі тұтынушылар «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «КазФерроСталь» ЖШС, «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ, «ҚТЖ» ҰК – Энергиямен қамтамасыз етудің Алматы дистанциясы» АҚ, «Kaz Electro» ЖШС, «Алматы Жылу Желілері» ЖШС, «INTA 2006» ЖШС, «Қуат» ЖШС, «Асыл Тас» ҚК» ЖШС, «ГРЭС» жылу кешені» ЖШС, «Шолпанбекова К.И.» ШҚ, «Жылу желілері» ЖШС, «Волна» ЖШС

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны, теңге



Экологиялық көрсеткіштер

2011-2017жж. аралығындағы шығарындылар мен лақтырындылар динамикасы

Эмиссиялар түрі	Эмиссиялардың көлемі						
	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
шығарындылар, тонна	58,4	50,8	45,7	46,2	42,7	42,9	44,4
лақтырындылар, тонна	15,2	12,07	12,8	15,5	4,2	1,4	0,9

Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.ales.kz



«Ақтөбе ЖЭО» АҚ

**Басқарма
Төрағасы
С. Мақашев**



«Ақтөбе ЖЭО» АҚ табиғи монополиялар саласында жылу энергиясын өндіру қызметін жүзеге асырады және электр энергиясын жеткізудегі көтерме сауда нарығында басымдыққа (монополиялық) ие.

Кәсіпорынның негізгі стратегиялық мақсаты мен жоғары деңгейдегі міндеті жөндеу науқандарын уақытылы жүргізу, станцияның негізгі және қосалқы жабдықтарын қайта құру мен жаңғырту арқылы Ақтөбе қаласын және өңірдің өндірістік аймағын жылумен үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Станцияда білікті мамандар жұмыс істейді, заманауи технологиялар ендіріледі, мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігінің маңызды міндеттері шешіледі. Біз осы міндеттердің барлығын энергия өндіру кезінде табиғатқа деген ұқыптылық пен тиімділікті мейлінше қамтамасыз ете отырып жүзеге асыруға тырысамыз.



Станция ұжымының қалыптасқан басты дәстүрлерінің бірі – өз ісіне деген берілгендік пен жинақталған білім мен тәжірибені сақтауға деген зор жауапкершілік, оларды ұрпақтан-ұрпаққа табыстау аманаты.

Сондықтан да дәл осы сабақтастық мемлекеттің өркендеуіне бағытталған ортақ жоспарларымызды іске асырудағы табыс кепілі болып табылады.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2007 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	356	348	397	75
EBITDA	млн. теңге	549	786	1 064	558
EBITDA Margin	%	17	13	13	6

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2007 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	102	88	118	118
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтсағ	597 946	666 403	905 708	901 209
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтсағ	484 840	551 352	781 707	778 008
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	1 924,77	1 795,41	1 763,48	1 731
Жылу энергиясын сату көлемі	мың Гкал	1 917,63	1 788,46	1 757,14	1 725

Электр энергиясын тұтынушылар

«АЭХС» АҚ
«Ақбұлақ» АҚ
«Трансэнерго» АҚ
«Энергожүйе» ЖШС
«Актобээнергоснаб» ЖШС

Жылу энергиясын тұтынушылар

«Қазхром» ТҰК» АҚ, АФЗ (ыстық сумен және бумен)
«ХҚАЗ» АҚ (ыстық сумен және бумен)
«Трансэнерго» АҚ ыстық сумен
ТОО Лотос Актобе (ыстық сумен және бумен)
Бумен
«ЖБИ-25» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «КСМ» ЖШС,
«ГОАР» ЖШС, «АсГазЛогистик» ЖШС, «Стройкомбинат» ЖШС


Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Экологиялық көрсеткіштер

Шығарындылар мен лақтырындылар динамикасы, тонна



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар:
www.actobetec.kz

Бәсекеге қабілетті ортаға активтерді сатуға арналған екі кезеңдік ашық конкурстың нәтижесі бойынша 2017 жылы 23 тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ 2018 жылдың қаңтарынан «Ақтөбе ТЭЖ» акцияларын АҚ «Информ-Систем» ЖШС Консорциумға және «ENERGOCHOLDING-A» ЖШС иелік ету туралы келісім-шартқа қол қойды

«Балқаш ЖЭС» АҚ

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 50% - 1 акция, Samsung C&T Corporation 50% + 1 акция)

Қазақстан Республикасында Электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес, 2007 жылы 4000 МВт-ға дейін арттыру мүмкіндігі бар қуаты 3000 МВт-қа дейінгі Балқаш ЖЭС салу туралы шешім қабылданды Балқаш ЖЭС салу алаңы Балқаш қаласынан оңтүстікке қарай, Үлкен ауылында орналасқан. Балқаш ЖЭС-ін салу қажеттілігінің негіздемесі Қазақстан халқының 40%-дан астамы тұратын Оңтүстік аймақта электр энергиясы мен қуаттың тапшылығымен негізделеді.

Жоба жылына 10,5 млрд кВтсағ қуат өндіру арқылы ҚР-да электр энергиясының тапшылығын жабу мақсатында қуаты 1 320 МВт екі блокты модуль салуды көздейді.



ЭНЕРГИЯНЫ ТАРАТУ



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ - 83,56%)

**Басқарма
Төрағасы**
М. Үмбетов



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Алматы қаласы және Алматы облысы электр желілерінің сенімді және сапалы қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Компания 2,5 млн. астам тұтынушыға электр энергиясын жеткізеді, электр энергиясын жеткізу көлемі 6,25 млн. кВтсағ-тан асады, 29 мың км-ден аса 0,4-220 кВ электр жеткізу желілерін және 35 кВ мен одан жоғары 200-ден астам қосалқы станцияны пайдаланады. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Дүниежүзілік банк жүргізген DoingBusiness қосалқы ұлттық рейтингте Қазақстан бойынша «Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу» индикаторы бойынша бірінші орын алғанын атап өту қажет.

Соңғы 10 жыл ішінде 31 қосалқы электр станциясы салынды және қайта жаңартылды, қаланы қоршай 220 Кв ЭЖЖ энергетикалық шығыршығын салу аяқталды,



ЭКЕАЖ салынып, кеңейтілуде, сапа менеджментінің біріктірілген жүйесі ендірілді.

Осының барлығы компания қызметін ұзақ мерзімді жоспарлауға негіз болды. Осылайша, 2020 жылға дейін 3 жаңа қосалқы станция мен 61 км-ден аса 110 кВ электр жеткізуші жаңа желілерді салу, жұмыс істейтін 3 қосалқы станцияны қайта жаңарту, кернеуі 6кВ ұзындығы 940 км-ден асатын желілерді 10 кВ-ға көшіру, сондай-ақ 970 км-ден асатын 0,4кВ әуе желілерін өзін көтеруші оқшауланған сымға ауыстыру көзделіп отыр.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2009 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	9 863	655	3 725	5 436
ЕБИТДА	млн. теңге	11 428	11 320	11 652	15 023
ЕБИТДА Margin	%	79	35	34	39




Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2009 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
ЭЖЖ-220 кВ	км	306,4	472,57	472,57	469,64
ЭЖЖ -110 кВ	км	2 682,76	2 862,57	2 876,21	2 878,32
ЭЖЖ -35 кВ	км	2 659,38	2 592,72	2 592,72	2 593,75
ЭЖЖ -10 кВ	км	11 565,32	10 818,48	10 900,82	10 910,57
ЭЖЖ -6 кВ	км	1 455,44	1 681,1	1 730,80	1 744,31
ЭЖЖ -0,4 кВ	км	10 661,31	10 953,86	11 080,50	10 934,98
ҚС-220 кВ	дана	7	9	9	9
ҚС -110 кВ	дана	89	95	94	94
ҚС-35 кВ	дана	109	105	105	104
Электр энергиясын жеткізу	млн. кВтс	5 229	6 165	6 252	6 528
Тұтынушылар саны (коммерциялық және басқалар)	дана	5	11	11	11

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Экологиялық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2009 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Барлық атмосфераға шығарылған шығарындылар	тонна	12,49	13,93	9,46	9,46	9,46

Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.azhk.kz

«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы»

(АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ - 75% + 1 акция)

Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (31.10)
Электр энергиясын жеткізу	мың кВт.сағ	2 090	2 712	2 667	2 098
Тұтынушылар саны	дана	17 476	19 329	19 445	19 541

Негізгі тұтынушылар «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазтрансойл» АҚ, «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Қарақұдықмұнай» ЖШС, «Бузачи Оперейтинг ЛТД» КФ, сондай-ақ «Ақтау Халықаралық Теңіз Сауда Порты» АҚ

Басқарма Төрағасы М.Жақыпов



Қазіргі уақытта «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ Маңғыстау облысында электр энергиясын жеткізу және тарату қызметін көрсету нарығындағы бос орынды толтырып отыр. «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ желілері бойынша тасымалданатын электр энергиясының тоқсан пайызын өңірдің мұнай өндіруші ең ірі компаниялары пайдаланады.

«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ-ның негізгі міндеті «Қазатомөнеркәсіп-МАЭК» ЖШС өндіретін электр энергиясын қуат өндіруші көзден тұтынушыларға бөлу және жеткізу болып табылады.

Қызмет көрсету аумағы – 165 642 км. Желілерге қызмет көрсетуді Маңғыстау облысы бойынша электр желілерінің алты ауданы жүзеге асырады. Кәсіпорынның теңгерімінде: кернеуі 220, 110, 35/6-10кВ 57 ҚС, 428 ЖТҚС, жалпы жиынтық қуаты 1974,5 МВА 535 күштік



трансформатор, сондай-ақ 5 мың км-ден аса электр жеткізу желісі бар.

«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ өз желілері бойынша жылына 2,5 млрд. кВт/сағ-тан аса электр энергиясын жеткізеді және Маңғыстау облысының 19 541 тұтынушысын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ өз жұмысын тиімді жалғастыруда, «МЭБК» АҚ-ның бекітілген 2022ж. дейінгі Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес бізге көптеген шаруаны атқаруға тура келеді.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	мың теңге	70	1 050	1 533	1 848
ЕБИТДА	мың теңге	854	3 295	3 983	4 399
ЕБИТДА Margin	%	24	37	38	47

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру деңгейі



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар:
www.mrek.kz



2017 жылғы 18 қазанда активтерді бәсекелес ортаға сатуға қатысты екі кезеңдік ашық конкурстың қорытындылары бойынша «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ акцияларының меншік құқығы «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС және «КВІ» ЖШС» консорциумына табысталды

«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ

Басқарма Төрағасы Е. Қырқынбаев



«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ - электр энергиясын тұтынушыларға қуат көзінен жеткізу мен таратуды жүзеге асыратын ең ірі кәсіпорындардың бірі. Компания Шығыс Қазақстан облысының 16 ауданына, 10 қалаға, 900 кент пен ауылға электр энергиясын жеткізеді. Олардың арасында Өскемен және Семей қалалары бар.

АЭК желілерінің ұзындығы шамамен 35 000 км құрайды. Қызмет көрсететін аумағының ауданы – 283 300 шаршы км. Осы аумаққа бір Ұлыбритания, екі Греция, үш Португалия, төрт Ирландия және Бельгия сыйып кетер еді!

«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ - қызмет көрсететін жабдық бірліктерінің саны бойынша Қазақстанның өзге өңірлік энергия жеткізуші кәсіпорындары арасында көшбасшы.



«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ маңызды міндеттерінің бірі трансформаторлық қуат профицитін құру және тасымалдаудың құрамдас бөліктерін дамыту болып табылады. Сондықтан Компанияда желілер мен жабдықтарды жаңғыртуға, қазіргі заманғы технологиялар мен шешімдерді ендіруге бағытталған инвестициялық бағдарлама бар. Кәсіпорынның инженерлік-техникалық құрамы саланың ең жоғары талаптарына сәйкес келеді және мемлекет экономикасының дамуына маңызды үлес қосатын Шығыс Қазақстан облысындағы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды энергиямен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (11 ай)
Таза табыс	млн.теңге	-199	2 069	1 502	1 379
ЕБИТДА	мың теңге	789	4 045	3 944	3 944
ЕБИТДА Margin	%	12	36	31	30

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Желілердің қуат бойынша бөлгендегі ұзындығы	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (11 ай)
220 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	143,80	161,60	161,60	161,60
110 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	4 716,86	4 777,25	4 779,23	4 779,23
35 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	4 320,78	4 231,22	4 231,22	4 231,22
10 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	12 015,80	12 093,20	12 069,26	12 069,26
6 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	868,39	870,73	872,11	872,11
0,4 кВ әуе ЭЖЖ ұзындығы	10 693,27	10 678,13	10 666,53	10 666,53
10/6 кВ кабельді ЭЖЖ ұзындығы	1 028,59	1 038,23	1 038,53	1 038,53

Желілердің қуат бойынша бөлгендегі ұзындығы	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (11 ай)
0,4 кВ кабельді ЭЖЖ ұзындығы	689,98	697,20	697,08	697,08
Қорытынды:	34 477,47	34 547,56	34 515,56	34 515,56

Кол-во подстанций с разбивкой по мощности	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (11 ай)
Количество ПС 220 кВ	4	4	4	4
Количество ПС 110 кВ	111	116	116	116
Количество ПС 35 кВ	192	193	193	193
Количество ПС 6-10 кВ	6 495	6 521	6 524	6 524
Итого:	6 802	6 834	6 837	6 837

Электр энергиясын жеткізу	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (11 ай)
«ШҚ АЭК» АҚ-ның желілері бойынша барлығы, мың кВтсағ	3 263 388	3 431 033	3 375 216	3 065 650
Тұтынушылар саны (коммерциялық және т.б.)	3 263 388 151	3 431 033 383	3 75 215 707	

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Экологиялық көрсеткіштер

	Жылдар бойынша көлемі, т			
	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Шығарындылар	23,878	23,839	23,837	25,053

Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.ekres.kz

2017 жылғы 14 желтосқанда активтерді бәсекелес ортаға сатуға қатысты екі кезеңдік ашық конкурстың қорытындылары бойынша «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ акцияларының меншік құқығы «Шығыс Қазақстан энергетикалық компаниясы» ЖШС және «Караоба-2005» ЖШС консорциумына табысталды



«Шығысэнерготрейд» ЖШС

(АО «ВК РЭК» – 100%)

Бас директор
Е. Текешов



Өскемен қаласында орналасқан «Шығысэнерготрейд» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы бойынша электр энергиясын жеткізуші болып табылады. Компания 15 ауданды, 10 қаланы, 30 кентті, 870 ауылдық елді мекенді қоса алғанда, 283 226 км² аумақты алып жатқан Шығыс Қазақстанның 505 мыңнан астам тұтынушысына электр энергиясын жеткізеді. ШҚО халқына электр энергиясын бөлшек сату бойынша «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ның үлесі 99%-дан артық.

Серіктестік тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстың жаңа әдістері мен заманауи технологияларды тұрақты түрде ендіруде: өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған ақпараттық дүңгіршек, төлем жеткізілімінің балама тәсілдері, электрондық поштаға хабарлама-шоттарды, СМС-ті жеткізу, Жеке кабинет, мобильді қосымша, барлық учаскелерге төлемдерді комиссиясыз қабылдау бойынша автоматтандырылған кассалар орнатылған. Қаржылық



тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында «Шығысэнерготрейд» ЖШС іске асырылған тәуекелдерді бақылау, есепке алу және талдау жүйесін енгізді, тәуекелдерді басқару жүйесі автоматтандырылды. Тұтынушылардың біздің компанияның қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі үздіксіз өсіп келеді, 2016 жылдың қорытындысы бойынша 98,4 %-ға жетті, бұл Серіктестік құрылғалы бергі уақыттағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС орнықты даму динамикасын сақтап қалып отыр. Компания жаңа жағдайларға ойдағыдай бейімделуде, өзінің миссиясын орындау, яғни Шығыс Қазақстан өңірін электр энергиясымен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету аясында тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруда.

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (01.10)
Таза табыс	млн. теңге	883	169	-941	-380
ЕБИТДА	млн. теңге	1 142	459	-834	-210
ЕБИТДА Margin	%	5	2	-3	-1

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Тұтынушылар тобы	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж. (01.10)
Тұрғындар	458 362	475 633	477 677	484 268
Тұрмыс үшін пайдаланбайтын тұтынушылар, оның ішінде:	18 331	20 514	20 524	21 110
Өнеркәсіптік және оларға теңестірілген тұтынушылар	1 281	828	889	816
Бюджеттік ұйымдар	2 029	2 143	1 968	1 788
Өзге тұтынушылар	15 021	17 543	17 737	18 506
Барлығы:	476 693	496 147	498 271	505 378

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.shygys.kz

«Алматыэнергосбыт» ЖШС

(«Самұрық-Энерго АҚ – 100%»)

Бас директор
М. Каримов



«Алматыэнергосбыт» ЖШС Алматы өңірінің шамамен 3 млн. тұрғынын электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған ірі жеткізуші болып табылады.

Қызметін бастаған күннен бастап компания қызмет көрсету сапасын арттыруға, өзінің барлық бөлімшелерінің жұмысын жетілдіруге басымдық береді. Жұмыс істеген жылдары ішінде ұйым тұтынушыларға қызмет көрсетуге арналған Алматы облысында - 10, Алматы қаласында – 7 жаңа аудандық бөлім ашты, бұларда тұтынушыларға білікті қызмет көрсетіледі. «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС аудандық бөлімшелерінің қызметі жұмыс сапасы мен

«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ-ның акцияларына меншік құқығының «Шығыс Қазақстан энергетикалық компаниясы» ЖШС және «Қараоба-2005» ЖШС заңды тұлғалар консорциумына көшуіне байланысты 2017 жылы 14 желтоқсанда «Шығысэнерготрейд» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар құрамынан шығарылды



тұтынушыларға қызмет көрсету деңгейін арттыруға бағытталған, себебі біздің тарапымыздан көрсетілетін қызмет сапасы компаниямыздың дамуы мен өркендеуінің кілті болып табылады.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС ашық ақпараттық саясат жүргізеді және қай кезде де барлық тұтынушылармен сындарлы қарым-қатынасты көздейді. Біз клиенттерімізге электр энергиясын сатып алу және сату бойынша сапалы қызмет көрсете отырып, қолайлы жағдайда өмір сүру және жұмыс істеу құқығын іске асыруға көмектесеміз.

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	640	-573	857	1 374
EBITDA	млн. теңге	1 244	-383	1 035	2 002
EBITDA Margin	%	1,85	-0,43	1,15	2,12



Өндірістік қызметтің қорытындылары

Тұтынушылар тобы	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Тұрғындар	689 956	737 813	752 711	770 245
Тұрмыс үшін пайдаланбайтын тұтынушылар, оның ішінде:	24 973	27 560	29 023	30 203
- Өнеркәсіптік және оларға теңестірілген тұтынушылар	1 948	1 828	1 865	1 866
- Бюджеттік ұйымдар	1 280	1 147	1 230	1 238
- Өзге тұтынушылар	21 745	24 585	25 928	27 099
Барлығы:	714 929	765 373	781 734	800 448

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны

Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.shygys.kz



ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА



«Мойнақ ГЭС» АҚ

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

Басқарма Төрағасы
А. Берлибаев



Мойнақ ГЭС – Қазақстандағы деривациялық типтегі алғашқы жоғары қысымды және ТМД кеңістігіндегі ең жоғары қысымды су электр станциясы. Станцияда қолданылатын заманауи технологиялық жабдықтар электр энергиясын өндіру процесін мейлінше автоматтандыруды және тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мойнақ ГЭС-інде 1 МВт өндіруге жұмсалатын судың шығыны секундына 0,246 текше метрді құрайды және жұмыс істеп жатқан су электр станцияларының ішіндегі ең жоғары көрсеткішке ие станцияның бірі болып табылады.

Пайдалануға берілген кезден бастап станция 5 млрд. квт*сағаттан астам электр энергиясын өндірді, компания бүгінде Қазақстандағы тиімділігі жоғары су электр станциясы болып табылады.

Мойнақ ГЭС-ін іске қосу Алматы облысын дамытуға, әсіресе Райымбек ауданын дамытуға мол серпін берді. ГЭС ғимараты өлкенің шырайын кіргізіп, оған жаңаша түр берді. Аудан қосымша табыс көзін тауып, индустриалдық кәсіпорын мен тұрақты жұмыс орындарына ие болды. Біз қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмаймыз. Қазіргі кезде Бестөбе су қоймасын қосымша толтыру үшін Кеңсу өзені ағынының бір бөлігін пайдалану туралы мәселе зерделеніп жатыр. «Кеңсу өзені ағынының бір бөлігін Бестөбе су қоймасына бұру» ТЭН-і әзірленді. «Мойнақ ГЭС» АҚ ұжымы болашаққа сеніммен қарайды. Су электр станциясының жұмыс тиімділігін арттыру бойынша болашақтағы жоспарымыз да зор.

Қаржылық көрсеткіштер


Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	-607	-27 619	4 740	3 076
ЕБИТДА	млн. теңге	50	6 905	8 434	9 118
ЕБИТДА Margin	%	12	86	85	84

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	300	300	300	300
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтс	503,890	902,766	1 165,535	1 226
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтс	501,365	893,917	1 156,197	1 221

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.moynak.kz

«Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	961	1 065	1 376	1 706
ЕБИТДА	млн. теңге	1 342	1 190	2 194	2 330
ЕБИТДА Margin	%	68	57	69	68

Басқарма Төрағасы Б. Жаңабаев



«Шардара СЭС» АҚ Нарын-Сырдария каскады су-энергетикалық кешенін пайдалану бойынша іс-қимылдарды үйлестіруді күшейту және Оңтүстік Қазақстанды энергиямен қамтамасыз етуді оңтайландыру мақсатында құрылған. Қазіргі кезде су электр станциясы Оңтүстік Қазақстан облысындағы ірі энергия өндіруші ұйым болып табылады, оның қызметінің негізгі бағыты – электр энергиясын өндіру және оны сату.

Компанияның электр энергиясын өндіру мен табыс көлемін одан әрі өсіру үшін қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында қазіргі кезде «Шардара СЭС» АҚ-да су электр станциясының қолда бар жабдықтарын заманауи технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Компания өз қызметін қазіргі әлемде әлеуметтік саясатты жүргізу экономикалық қажеттілік болып табылатынын сезіне отырып жүзеге асырады, сондықтан да барлық мүдделі тараптармен: жұртшылықпен, мемлекетпен, іскер серіктестермен және персоналмен әлеуметтік-жауапкершілікке негізделген өзара іс-қимыл бойынша міндеттемелер қабылдайды.


«Шардара СЭС» АҚ алдағы уақытта да қол жеткізген жетістіктерді арттыруға, сол арқылы Қазақстанның электр энергетикалық саласын орнықты дамытуға өзінің сүбелі үлесін қосуға ниетті әрі сол үшін бар күшін жұмсамақ.

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	100	100	100	100
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтс	569,319	465,259	334,042	359,360
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтс	563,661	460,424	329,352	354,752
Коммерциялық тұтынушылар саны	«Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік – Жарық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Казбытгрупп» ЖШС, «Энергоснаб XXI» ЖШС, «Югэнергоимпульс» ЖШС, «ГарантЭнерго» ЖШС;				

Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.moynak.kz



«Бұқтырма ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ - 90%)

«Бұқтырма ГЭС» АҚ Ертістен бастау алатын Зайсан көлінен 350 шақырымда, Бұқтырма өзенінің сағасынан 15 шақырым төмен орналасқан. БГЭС бөгетінде салынған тіреу сыйымдылығы 49,6 млрд. текше метр, айнасының алаңы 5490 шаршы шақырым болатын су қоймасын жасай отырып, Зайсан өзенінің табиғи деңгейін 5-6 метрге дейін бөгеу тұрады.

«Бұқтырма ГЭС» АҚ-ны құру энергетика, көлік және балық шаруашылығының көптеген мәселелерін шешеді. Су электр станциясын салғаннан кейін су көлігінің жұмыс істеу жағдайлары 500 шақырым қашықтықта терең су жолының пайда болуы және реттелген шығыстардың су торабы арқылы өткізу салдарынан күрт жақсарды.



«Бұқтырма ГЭС» АҚ жұмыс көлемінің үлестік шамасы бойынша да, сондай-ақ электр энергиясын өндірудің құндық көрсеткіштері бөлігінде де өте үнемді су электр станциясы болып табылады.

ГЭС-тің белгіленген қуаты 675 МВт-ны құрайды, орташа жылдық өндіріс - 2,77 млрд кВтсағ. ГЭС Қазақстанның энергетикалық жүйесіндегі ең жоғарғы жүктемелерді жабады.

Бұқтырма ГЭС-інің гидротехникалық құрылыстарын салған кезде КСРО-да бірінші рет төсеу үшін арнайы әзірленген технология қолданылған «қатты бетон» деп аталатын материал қолданылды. 2002 жылы 60 түрлі орыннан бетон сынамалары алынып, екі тәуелсіз зертханаға талдау жасау үшін жіберілді. Талдау қорытындылары бойынша нәтижелер алынды, оның беріктігі құрылысты салған кездегімен салыстырғанда артқан. Сонымен бірге 2002 жылы Бұқтырма бөгеті бетон сапасының барлық күтілетін параметрлерден артық болуына байланысты әлемдегі ең мықты бөгет болып танылды.

Негізгі қызмет түрі: Өз жылжымайтын мүлкін жалға алу және басқару, өзге машиналарды, жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға алу.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070825, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Серебрянск қаласы, Графтио көшесі, 5

«Өскемен ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ - 89,99%)

Су электр станциясының 40%-дан астамы Қазақстан Республикасының шығысында, Ертіс өзенінде шоғырланған. Ертіс каскадында алғашқы салынғаны – Өскемен ГЭС-і. Қазіргі кезде Өскеменнің солтүстік-шығысына қарай қала маңында орналасқан белгіленген қуаты 315 МВт болатын станцияның төрт турбинасы бар (82,8 МВт). Орта есеппен алғанда станцияның көп жылғы өндірген энергия көлемі 1 580 млн. кВтс құрайды, ал су аз болған жылдары – 1 200 млн. кВтс. «Өскемен ГЭС» АҚ өзінің инвестициялық міндеттемелерін орындап келеді және негізгі құралдарды жаңғырту мен қайта құру бойынша ұзақ мерзімді бағдарламаны жоспарлы түрде іске асыруда. «Өскемен



ГЭС» АҚ-ның инвестициялық бағдарламаларын іске асыру негізгі және қосалқы жабдықтарды, гидротехникалық құрылыстар кешенін пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ жұмысшы параметрлерді оңтайлы таңдауды қамтамасыз ете отырып, гидроагрегаттардың жұмыс режимдерін басқару тиімділігін арттыруға бағытталған.

Негізгі өнімі: электр энергиясы

Негізгі қызмет түрі: Ұйымдастырушылық-басқарушылық және коммерциялық қызмет

Орналасқан жері: Заңды мекенжайлары: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Аблакетка кенті (заңды мекенжайы). Атқарушы органның мекенжайы: Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 27

«Шүлбі ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ - 92,14%)

«Шүлбі ГЭС» АҚ Ертіс өзенінің орта ағысында, Семей қаласынан 70 шақырым жоғары орналасқан. Су электр станциясының құрылысы 1976 жылы басталған, бірінші гидроагрегат өнеркәсіптік пайдалануға 1987 жылы 23 желтоқсанда берілді, алты гидроагрегаттың соңғысы 1994 жылы 19 желтоқсанда іске қосылды.

Гидроторап құрылысының өткізу қабілеті қатты су тасқыны кезінде судың асып кету ықтималдылығы 1% - 7770 м3/сек болатын қалыпты тіреулік деңгейде 240 м – ге, ал ықтималдылығы 8770 м3/сек болатын тіреулік деңгейде 243 м 0,01 % өткізуге есептелген.

Негізгі өнімі: электр энергиясы

Негізгі қызмет түрі: Ұйымдастырушылық-басқарушылық және коммерциялық қызмет

Орналасқан жері: Семей қ., Шүлбі кенті (ШГЭС). Атқарушы органдарының орналасқан жері (ӨГЭС, ШГЭС) – Өскемен қ., Қазақстан көшесі, 27



ТОО «Энергия Семиречья» (АО «Самрук-Энерго» – 51%, Zenith Global FLE – 49%)

«Самұрық-Энерго» АҚ Стратегиясында бекітілген міндеттерді орындау үшін «Энергия Семиречья» ЖШС «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде келешекте қуаты 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асырумен айналысады.

Серіктестік электр энергиясын өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу қызметін көрсету үшін құрылған.

Жақын арада «Жоңғар қақпасы 72 МВт» жобасы аясында Жоңғар қақпаларындағы желді мониторингілеуді аяқтауды, сондай-ақ Шелек энергия торабын дамытуды (Қоғам мен HYDROCHINA CORPORATION арасындағы Келісімді іске асыру) көздеп отыр.



Қазіргі кезде «Энергия Семиречья» ЖШС Жобаны іске асырудың инвестициялық кезеңіне шықты және акционерлер бағдарламасының қысқа мерзімде орындалуын ұйымдастыру міндетін қойып отыр.

Қойылған міндеттер Алматы облысындағы энергия тапшылығын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сонымен қатар зиянды газдарды қысқарту және экологияны сақтау үшін тағы бір қадам жасауға мүмкіндік береді.

«Тегис Мунай» ЖШС

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

«Тегис Мунай» ЖШС-ның қызметі жер үсті Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Придорожное» кен орнында инфрақұрылымды салу және жайластыру, «Придорожное» кен орнынан Бейнеу-Бозой-Шымкент магистралды газ құбырына дейін газ құбырын салу, газды өндіру, өңдеу және сату болып табылады.

Қауіпсіз еңбек шарттарын, қоршаған ортаның қорғалуын және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, жобаланатын объектілердің жобаның өнер-

кәсіптік және энергия өндіруші бөлімдеріне энергиялық тиімді технологияларды ендіру үшін ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институттармен белсенді қатынасады.

Алдымызда көптеген тапсырмаларды шешу міндеті тұр, оларды озық технологияларды және қызметкерлеріміздің жинаған тәжірибесін қолдану арқылы жүзеге асырамыз деп сенеміз.

«МАНГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС

(«Тегис Мунай» ЖШС - 100%)

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымы «МАНГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС жаңа озық мүмкіншіліктерді тарта отырып, барлау кезеңін аяқтады және ҚР ҚМК-да 16 475 млн.м³ мөлшерінде «Придорожное» кен орнында табиғи газдың жаңартылған геологиялық қорларын бекітті. Көмірсутекті шикізат қорлары 125%-ға өсті, бұл «Придорожное» кен орынға Қазақстандағы табиғи газдың ірі кен орнының құрамына кіруге мүмкіндік берді.

2017 жыл ҚР Энергетика министрлігімен Тікелей келіссөздер хаттамасына қол қоюмен және Газды өндіру келісімшартына қол қоюға бірінші кезектегі құқық алумен белгіленді.

«МАНГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС-ның негізгі тапсырмасы өңірде газ тапшылығының орнын толтыру, жаңа жұмыс

орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік көмекті және бюджетке салық аударымдарын арттыру мақсатында кен орнын өнеркәсіптік пайдалану болып табылады.

Аталған жобаны іске асыра отырып, қоға мен қоршаған орта алдында жауап тартамыз, кедергілерді және уақыт қауіп-қатерлерінен қорықпай тиімді нәтижелер мен бағаларға қол жеткізуге тырысамыз.

«МАНГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС-ның миссиясы прогресс пен қоғамда өркендеу үшін жасампаз жұмысты білдіреді. Энергиямыз адамдарға жарық пен жылуды әкелсін деп тілейміз.

«Samruk-Green Energy» ЖШС

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

Бас директор
Т.Бөкенов



«Samruk-Green Energy» ЖШС жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылды. 2016 жылы энергия өндіру көлемі 3 228 тыс.кВт*с құрады, ол 1665 тоннадан асатын CO² шығарындыларының атмосфераға шығарылуының алдын алып, Қазақстанның мыңнан астам отбасын электр энергиясымен қамтамасыз етті.

«Samruk-Green Energy» ЖШС компанияның ғылыми-зерттеу қызметіне айрықша көңіл бөледі. Осылайша, 2015 жылы Қапшағай қаласындағы 2МВт КЭС базасында ЖЭК экспериментальдық зерттеу зертханасы құрылды, оның қызметінің негізгі бағыты - ЖЭК технологияларын тестілеуден өткізу. Қызмет аясына «Astana Solar» ЖШС отандық өндірушісінің фотоэлектрлі модульдерін тестілеу де кіреді. Сонымен қатар Қапшағай қаласындағы 2МВт КЭС базасында «Primus Power» американдық компаниясы өндірген «EnergyPod» бірегей ағынды энергия шоғырландырушы жүйе де тестілеуден өтті.

Қазіргі кезде Серіктестік ҚР мен ҚХР арасындағы үкіметаралық келісім аясында 1МВт КЭС пен 5МВт ЖЭС жо-

баларын іске асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға күш салуда. Аталған объектілерді іске қосуды «Қапшағай қаласы ауданында 50МВт «Солар-Парк» КЭС салу» жобасын іске асыру арқылы орындау жоспарлануда. Аталған жобаны іске асырудағы жағымды аспектінің бірі Қапшағай қ. 2МВт КЭС салу және іске қосу тәжірибесі мен ЖЭК зертханасы қызметінің нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында ЖЭК-ті дамытудағы жетістік қазақстандық мамандарды даярлау деңгейіне тікелей байланысты. Осы орайда «Samruk-Green Energy» ЖШС жетекші техникалық ЖОО-лармен (АЭБУ, ҚазҰУ, Қаз ҒЗТУ, ҚБТУ) белсенді түрде бірлесіп жұмыс істейді, осы ынтымақтастықтың аясында студенттер «жасыл» энергетика саласындағы алғашқы практикалық тәжірибелерінен өтеді.

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	-113	-65	-22
ЕБИТДА	млн. теңге	-67	-28	13
ЕБИТДА Margin	%	-62	-25	10


Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	2	2	2
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтс	3,267	3,228	3,215
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтс	3,154	3,109	3,101



Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.samruk-green.kz

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

**Бас
директор
М. Избасханов**



«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп ауқымында жұмыс істейтін алғашқы ірі жел электр станциясы болып табылады.

Компанияның жел паркі экология үшін қауіпсіз жұмыс істейтін 22 жел турбинасынан тұрады. Іске қосылған сәттен бастап электр станциясы 400 млн. кВт/с-дан астам электр энергиясын өндірді. Барлық өндірілетін электр энергиясының 100%-ы Қазақстанның Ұлттық электр торабына қосылады.

Кәсіпорынның есептеуінше, бүгінгі күні жергілікті бюджетке 700 млн. теңгеден астам салық төленді. 10,1 млрд. теңгеден асатын сомада табыс жинақталды.

Компанияның жоспарында отын-энергетикалық ресурстардың жалпы шығынын азайтуды ескеретін өндіруші қуаттардың оңтайлы құрылымын, қоршаған

ортаға тигізетін экологиялық әсер деңгейінің төмен болуын қамтамасыз ету мақсатында жаңартылатын энергия көздерін пайдалана (жел әлеуетін) отырып жаңа өндіруші қуаттарды салу арқылы электр энергиясын өндіру қуатын 300 МВт-ға дейін кеңейту көзделген. ЖЭС жобасын іске асыру парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға алып келетін балама энергетиканы өндіру жолындағы алғашқы қадам болып табылады, сонымен қатар жыл сайын электр энергиясын көмірсутекті отынды жұмсамай жылына 172 млн. кВт/с артық көлемде өндіру кемінде жылына 100 млн. кВт/с. тонна көмірді үнемдеуге, сол арқылы өңірге электр энергиясын жеткізу сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	(0,01)	(329,6)	(444,4)	21,2
ЕБИТДА	млн. теңге	(0,01)	1 083,0	2 131,2	3 420,8
ЕБИТДА Margin	%	–	62	62	78


Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	–	45	45	45
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт/с	–	79,229	151,764	166,384
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВт/с	–	79,131	151,467	165,973

Әлеуметтік көрсеткіштер



Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.pves.kz

«Ereymantau Wind Power» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

«Ereymantau Wind Power» ЖШС 2011 жылы 24 қарашада құрылды. «Ereymantau Wind Power» ЖШС қызметінің негізгі бағыты - жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру. Қазіргі кезде «Ereymantau Wind Power» ЖШС «Келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асырумен айналысады.

Негізгі өнімі: электр энергиясы

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, №12 «А», 3-қабат



«Казгидротехэнерго» ЖШС

(«Самұрық-Энерго» АҚ - 100%)

«Әлеуметтік жауапкершілік» бағыты аясында қоршаған ортаны қорғау, «жасыл экономика» стратегиясын іске асыру маңызды аспект болып табылады, соған байланысты «Казгидротехэнерго» ЖШС-ны сатып алу «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басты басымдықтарының бірі болып табылады. Серіктестіктің қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-ті пайдаланатын объектілерді, дербес техникалық құрылғыларды және онымен байланысты құрылыстарды жобалауға, салуға бағытталған (жобалар – Казгидротехэнергоның 4 шағын ГЭС-ін салу).

«Казгидротехэнерго» ЖШС – Оңтүстік Қазақстандағы жиынтық қуаты 108 МВт болатын шағын ГЭС желілерін әзірлеумен айналысатын компания.

Негізгі өнімі: электр энергиясы

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату



Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Достық даңғылы, 188, «Құлан» БО, 904-оф.

«Теплоэнергомаш» ЖШС

(«Казгидротехэнерго» ЖШС - 95%)

«Теплоэнергомаш» ЖШС Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 12 МВт болатын екі электр станциясын салуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек өзенінде жиынтық қуаты 26 МВт (Алматы облысы) УАК мен ГЭС-те 19 1,2 СЭС-ін салу жоспарланып отыр.

«Теплоэнергомаш» ЖШС қатысушылары: «Казгидротехэнерго» ЖШС - 95%, жеке тұлға – 5%.

Негізгі өнімі: электр энергиясы

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13, «Нұрлы Тау» БО, 1В-к., 505-оф.



КӨМІР



«Богатырь Көмір» ЖШС

(Forum Muider B.V. – 100%)

**Бас
директор
Р. Сансызбаев**



2008 жылы еліміздің басты энергетикалық холдингі болып табылатын «Самұрық-Энерго» АҚ-ның құрамына ене отырып, «Богатырь Көмір» ЖШС көмір өндіруші компаниясы өзінің отын энергетикасы саласындағы жетекші орнын айтарлықтай нығайтып, өндірістің сапалық тұрғыдағы жаңа деңгейіне көтерілді. Шамамен 2,75 миллиард тонна орасан зор көмір қорына ие «Богатырь» және «Северный» кесіктері өздерінің өнеркәсіптік игеру ауқымымен таң қалдырады.

Бүгінде «Богатырь Көмір» ЖШС кезекті технологиялық серпін үстінде. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге жауап бере отырып, компания көмір өндірудің, тұрақтандыру мен тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу үшін белсенді түрде дайындық жұмыстарын жүргізуде. Серіктестікке тиесілі «Богатырь» кесігінде қазірдің өзінде циклдық-ағындық технологияға көшудің аралық кезеңі болып табылатын авто-теміржол және конвейерлік-теміржол технологиялары ендірілді.

Мұнымен қатар, өткен жылдары циклдық-ағындық технологиялар объектілерін салуға учаскелерді дайындау үшін «Богатырь» кесігінің көліктік сызбасын қайта құрылымдау бойынша 2880 млн. теңге сомаға инвестициялық жоба іске асырылды. Аталған жобаны іске асыру:

- циклдық-ағындық технологиялар объектілерін салу үшін алаңдарды дайындауға;

- көмір тасымалдаудың орташа ұзақтығын 2006 жылғы 16,2 шақырымнан 2010 жылғы 12,9 шақырымға дейін қысқартуға;

- көмір кешені теміржолдарының ұзындығын 19,4 шақырымға және 128 бағытталмалық жетекті қысқартуға мүмкіндік берді.



Сонымен қатар, 2014 жылдан бастап «Богатырь» кесігінде сыртқы аршылымды және ішкі аршылымның жыныстарын қоймалау тұрақты ішкі үйіндіде жүзеге асырылады.

Осы жоспарлы жұмыстың арқасында «Богатырь Көмір» ЖШС дүние жүзіндегі ашық тәсілмен көмір өндіру бойынша аса ірі кәсіпорындардың бірі болып қала береді. Компанияның үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмірдің 60 пайызы және ҚР-дағы жалпы көмір өндіру көлемінің 40 пайызы тиеді. Мұнда кәсіпорынның өндірістік қуаты көмірді жылына 42 млн. тоннаға, оның ішінде «Богатырь» кесігінде - 32 миллион тоннаға, «Северный» кесігінде - 10 миллион тоннаға дейін өндіруге мүмкіндік береді.

Кесіктің жарты жылдық тарихы ішінде «Богатырь» кеншілері 1,5 млрд. тоннадан астам көмірді өндіріп және тұтынушыларға тиеді. Компания Қазақстан мен Ресей Федерациясының энергия жүйелері үшін ең сенімді және уақытпен сыналған қатты отын жеткізуші ретінде жайғасымды растайды.

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның келешек жоспарлары Қазақстанның энергетика саласындағы Екібастұз ГРЭС-1, Екібастұз ГРЭС-2, Қарағанды 3-ЖЭО, Астана қ. энергетикалық жүйелерін қайта құру және жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу, сондай-ақ Балқаш ЖЭС-і мен Талдықорған қ. ЖЭО-ны салу жөніндегі ауқымды жобалармен байланысты.

Қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Таза табыс	млн. теңге	11 637	9 268	11 191	21 960
ЕБИТДА	млн. теңге	19 893	23 307	22 785	34 506
ЕБИТДА Margin	%	44,6	41,8	36,4	43,4


Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	46,1	34,5	35,1	40,4
ҚР-дағы көмір сату көлемі	млн тонна	24,0	23,3	25,9	30,7
жеке ЭС-ға	млн тонна	13,7	11,6	11,5	15,6
сыртқы ЭС-ға	млн тонна	10,3	11,7	14,4	15,1
Көмірді экспорттау көлемі	млн тонна	22,2	10,6	9,2	10,2

Коммерциялық тұтынушылар Екібастұз ГРЭС-1, ГРЭС-2, Алматы және Қарағанды жылу электр орталықтары, Ақмола 2-ЖЭО, Петропавл 2-ЖЭО және Ресейдің – Рефтинск, Троицк ГРЭС-тері мен Қорған ЖЭО-сы.

* Жылу электр станцияларына көмір жеткізу үлесі жалпы жеткізілім көлемінің 95%-ын, бюджеттік ұйымдарға (коммуналдық-тұрмыстық көмір) - 5%-ын құрайды. ҚР-ның ішкі нарығына жеткізілім жалпы жеткізу көлемінің 75%-ын, экспортқа - 25%-ын құрайды.

Экологиялық көрсеткіштер



Әлеуметтік көрсеткіштер

Орташа жалақының өзгеру қарқыны



Компания туралы барынша толық ақпаратты мына сайттан аласыздар: www.bogatyr.kz



03

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

Қазіргі кезде Компания энергиямен жабдықтау бойынша тиімділігі жоғары жүйені қалыптастыратын, сондай-ақ Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін халықаралық энергия балансына ойдағыдай интеграцияланған аса ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын өндіру, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алу болып табылады.

Компания активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы өңірінде өңірлік маңызы бар электр және жылу энергиясын өндіретін станциялар бар; СЭС Ертіс каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне («Шардара СЭС» АҚ және «Мойнақ СЭС» АҚ) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары ұсынылған. Сонымен қатар Компания активтерінің құрамына өңірлік тарату желілері мен Алматы өңірінің өткізуші компаниясы және Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының нысандарына және Қазақстанда да, Ресей Федерациясында да орналасқан үшінші тараптардың да өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, құрамында «Шығыс-энерготрейд» ЖШС бар «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ және «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылы 23 қарашада Жекешелендіру жоспарын орындау аясында бекіткен шешіміне сәйкес сатылды.



**Кіріс бөлігінің 220 млрд.теңгеге
21%-ға ұлғаюын өндіру мен сатудың
өсуі қамтамасыз етті**

Макроэкономикалық факторлар


2017 жылдың қорытындысы бойынша, инфляция 7,1% деңгейінде қалыптасты, бұл 2016 жылғы инфляцияның деңгейінен (8,5%) 1,4%-ға төмен. Төртінші тоқсан бойындағы әлемдік шикізат нарықтарындағы конъюнктураның оң динамикасы, сыртқы ауылшаруашылық нарықтарындағы негізгі тауар жайғасымдарына бағаның тұрақты болуы фондындағы сыртқы инфляциялық қысымның азаюы, валюта нарығындағы

жағдайдың тұрақталуы мен теңгенің нығаю тренді инфляциялық үдерістердің баяулауына ықпал етті. Инфляцияның мейлінше төмендеуіне энергия тасымалдағыштар нарығында бағаның шарықтауының жалғаса түсуі кедергі келтірді, оның ықпалы тек тоқсан соңында ғана әлсіреді. Базалық инфляцияның көрсеткіштері неғұрлым тұрақты түрде төмендегенін көрсетті. (ҚР ҰБ дереккөзі)


Валюта бағамының динамикасы:

	31.12.2016 жыл	31.12.2017 жыл	%
KZT/USD	333,29	332,33	100%
KZT/EUR	352,42	398,23	113%
KZT/RUB	5,43	5,77	106%


KZT/USD



KZT/EUR



KZT/RUB



Жүйелік оператордың деректері бойынша ҚР электр станциялары 2017 жылы 102 383,6 млн. кВтс электр энергиясын өндірді, бұл 2016 жылдың осы кезеңіне қарағанда 8,83%-ға көп. ҚР БЭЖ-інің Солтүстік және Батыс өңірінде электр энергиясын өндіру көлемі артса, осы мерзімде Оңтүстік аймақта өндіру көлемінің төмендеуі байқалды.

ҚР электр энергиясын өндіру, млн. кВт•ч



ҚР электр энергиясын тұтыну, млн. кВт•ч



Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2017 жылы бүкіл ҚР бойынша электр энергиясын тұтыну динамикасында 2016 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда өсу байқалады. Сөйтіп, республиканың солтүстік өңірінде тұтыну 5,0%-ға, батыс өңірінде - 7,8%-ға және оңтүстік өңірде 8,1%-ға өсті.

Жамбыл облысында азот, фосфор және ферросиликомарганец тыңайтқыштарын өндіру ұлғайды. Бұл облыста электр энергиясын тұтынудың өсуіне әсер етті (19,2%).

Атырау облысында электр энергиясын тұтыну шикі мұнай өндіру көлемінің өсуі есебінен 17,5%-ға өсті.


Батыс Қазақстан облысында электр энергиясын тұтыну газ конденсатын өндіру есебінен 6,8%-ға өсті.

Ақтөбе облысында хром рудалары мен концентраттар өндірудің ұлғаюына байланысты электр энергиясын тұтыну 11,9%-ға өсті.

Оңтүстік Қазақстан облысында электр энергиясын тұтыну 8,8%-ға өсті. Облыста дәрі-дәрмек, керосин, бензин, электр трансформаторлары мен мақта өндірісі өсті.

Өндірістік көрсеткіштер

ҚР бойынша 2017 жылы «Самұрық-энерго» АҚ-ның жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша 2017 жылы жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі 28%-ды құрады, ол 2016 жылмен салыстырғанда үлес 4%-ға өсті.

Өндірістік НҚК (өндірушілерге шаққанда)


ЕТҰ атаулары	2016	2017	2016-ң 2017-ге қарағандағы ауытқуы	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс					
«АлЭС» АҚ	5 911,4	5 712,4	97%	5 205,1	5 204,3
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	905,7	901,2	100%	-	-
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	9 037,3	14 797,0	164%	19 912,1	22 547,7
Оның ішінде экспорт	133,2	4 705,5		6 100,0	6 100,0
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	4 976,1	5 495,5	110%	5 109,7	5 800,6
«Шардара СЭС» АҚ	334,0	359,4	108%	320,0	378,0
«Мойнақ ГЭС» АҚ	1 165,5	1 226,5	105%	960,0	906,0
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	3,2	100%	8,7	21,7
«БЖЭС» ЖШС	151,8	166,4	110%	172,2	172,2
Барлығы	22 485,1	28 661,5	127%	31 687,7	35 030,4
Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс					
«АЖК» АҚ	6 252,0	6 527,9	104%	6 696	-
«ШҚ АЭК» АҚ	3 375,2	3 399,6	101%	-	-
«МЭБК» АҚ	2 490,4	2 098,5	84%	-	-
Барлығы	12 117,6	12 026,1	99%	6 696	0,0
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс					
«АЭС» ЖШС	5 766,8	5 767,5	100%	5 892,0	-
«ШЭТ» ЖШС	2 670,7	2 618,7	98%	-	-
Барлығы	8 437,6	8 386,1	99%	5 892,0	0,0

ЕТҮ атаулары	2016	2017	2016-ң 2017-ге қарағандағы ауытқуы	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал					
«АлЭС» АҚ	4 970,5	5 223,3	105%	5 140,0	5 140,0
«Ақтөбе ЖЭО» ЖЭО	1 763,5	1 731,4	98%	-	-
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	70,8	66,5	94%	76,0	76,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС		8,2		375,0	375,0
Барлығы	6 804,8	7 029,3	103%	5 591,0	5 591,0
Көмір сату көлемі, млн тонна	35,1	40,9	116%	41,3	40,3


« - » актив сатылды/сатуға жоспарлануда

Электр энергиясын өндіру көлемі 2017 жылы 28 662 млн. кВтс (2016ж. салыстырғандағы өсім 6 176,4 млн. кВтс немесе 27%) құрады. Негізінен өндіру көлемінің ұлғаюына «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан Ресейге 4 706 млн. кВтс электр энергиясын экспорттау нәтижесінде және ішкі нарықтағы ұлғаюына байланысты қол жеткізілді, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бойынша ұлғаю электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықта сату есебінен 519 млн. кВтс құрады, сондай-ақ ағын судың өсуі есебінен «Мойнақ ГЭС» АҚ мен «Шардара СЭС» АҚ бойынша өндіру көлемі өсті.

ЖЭС, ЖЭО-да электр энергиясын өндіру көлемі (млн.кВтс)




Жылу энергиясын өндіру көлемінің өзгеру динамикасы, мың Гкал




2017 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемінің** 5 %-ға (224,5 мың Гкал-ға), артуы 2016 жылғы климатологиялық температуралармен салыстырғанда сыртқы ауа температурасының неғұрлым төмен болуы себебінен жылыту жүктемесінің ұлғаюына байланысты.

Электр энергиясын жеткізу көлемі 2016 ж. көлемнің деңгейінен -12 117,6 млн теңгеге (91,5 млн кВтс-қа азайды) аз ғана төмендей отырып, 12 026,1 млн кВтс құрады.

СЭС, ЖЭС және КЭС-тердегі электр энергиясын өндіру көлемі (млн.кВтс)



Желілердегі электр энергиясын жеткізу (млн.кВт.с) және шығын көлемі (%-бен)



« - » актив сатылды/сатуға жоспарлануда

Желілердегі шығындар «АЖК» АҚ мен «МЭБК» АҚ-да желілер мен ЭЭКЕАЖ-ды жаңғырту бойынша іс-шараларды өткізу есебінен 0,46%-ға және сәйкесінше 1,99%-ға азайды. Жалпы алғанда, барлық ӨЭК бойынша шығын деңгейі ТМРБҚК белгілеген нормативтен төмен.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда есепті кезең ішіндегі **электр энергиясын сатудың жалпы көлемі**

Атауы	Нақты 2016ж.	Нақты 2017ж.	Ауытқу	%
АлматыЭнергоСбыт				
Тұтынушылар саны, оның ішінде:	781 734	800 448	18 714	2%
Халық	752 711	770 245	17 534	2%
Заңды тұлғалар	29 023	30 203	1 180	4%
Сату көлемі, млн кВтс	5 767	5 767	0,6	0%
ШығысЭнергоТрейд				
Тұтынушылар саны, оның ішінде:	498 271	506 258	7 987	2%
Халық	477 677	485 013	7 336	2%
Заңды тұлғалар	20 594	21 245	651	3%
Сату көлемі, млн кВтс	2 671	2 619	-52	-2%

2017 ж. қорытындысы бойынша, көмір сату көлемі 40 858 мың тоннаны құрады, бұл ұқсас кезеңнен 16%-ға немесе 5 776 мың тоннаға жоғары.

Ішкі нарықта көмір сату көлемінің 4 845 мың тоннаға немесе 19%-ға ұлғаюы негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның 3 293 мың тоннаға (электр энергиясын өндірудің ұлғаюы), «Астана-Энергия» АҚ-ның 603 мың тоннаға, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға көмір сату көлемінің 467 мың тоннаға өсуі есебінен болды.

Экспортқа көмір сатудың 932 мың тоннаға немесе 10%-ға ұлғаюы негізінен Серовск ГРЭС-і мен Троицк ГРЭС-і бойынша 671 мың тоннаға азайған кезде Рефтинск ГРЭС-і бойынша 1599 мың тоннаға өсуімен байланысты.

«Богатырь-көмір» ЖШС көмірін сату, мың тонна



Алдағы кезеңге болжам:

2018 жылға жасалған болжамда электр энергиясын өндіру көлемі 2017 жылдың фактілеріне қатысты бірте-бірте өсу арқылы болжанады. 2018 жылы электр энергиясын өндіру көлемінің 3 026 млн. кВтс-ға артуы негізінен ішкі және сыртқы (РФ) нарықтарда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын сату көлемінің өсуінен болды.

8 386 млн. кВтс құрады, бұл 2016ж. салыстырғанда 0,6%-ға төмен.

Тұтынушылар санының өскеніне қарамастан, тұтыну көлемі айтарлықтай өзгеріссіз қалып отыр:

2019 жылға жасалған болжамда электр энергиясын өндіру көлемі 11%-ға артқан, бұл «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ электр энергиясын өндіру көлемінің артуына байланысты.

Жылу энергиясын өндіру көлемі 2018 жылға арналған жоспарда 2017 жылдың фактілеріне қарағанда 20%-ға азайтылып болжанады, бұл негізінен 2017 жылы «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның активін сатуға байланысты.

Электр энергиясын жеткізу және тарату көлемі бойынша 2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ мен «МЭБК» АҚ активтерін сатуға байланысты азаю күтіледі.

Электр энергиясын сату көлемі 2018 жылға арналған болжамда 2017 жылдың фактісі деңгейінен 30%-ға азаяды, ол 2017 жылы «ШЭТ» ЖШС-ны сатумен байланысты. 2019 жылға арналған болжамда электр энергиясын сату көлемі 2018 жылдың аяғында «АЭС» ЖШС-ны сатуға байланысты жоспарланбайды.

Көмір сату көлемі 2018 жылға арналған болжамда 2017 жылдың фактісімен салыстырғанда 0,4 млн тоннаға немесе 1%-ға артады.

2019 жылға арналған болжамда көмір сату көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2%-ға немесе 1,0 млн тоннаға қысқарады. 2018-2019 жылдарға арналған көмір өндіру және көмірді сату көлемі ҚР мен РФ-дағы электр энергиясын өндірудің болжамды көлемін ескере отырып қарастырылды.

Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар

Күні	Оқиға
1 қаңтар	Энергия өндіруші ұйымдардың 1 тобы («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС- 2» АҚ) үшін шекті тарифтер Энергетика министрлігінің ұсынымы бойынша 8,42 теңге/кВтс деңгейіне дейін төмендеді.
1 қаңтар	Табиғи монополиялар субъектілері (ТМС) үшін 2017 жылдың қаңтарынан бастап заңнамаға өзге қызметті жүзеге асыру бөлігінде өзгерістер (бұрын өзге қызметтен түсетін кіріс негізгі қызметтен түсетін кірістің 5%-ынан аспауы тиіс болатын) енгізілді. Осылайша, субъектілер реттеуші – ТМРЖБҚК бекіткен тарифтерде көзделмеген шығыстарды жүзеге асыру үшін қосымша кіріс алу мүмкіндіктеріне ие болды.
1 қаңтар	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар үшін заңнама жүзінде 2 негізгі мәселе оң шешілді: — тәулік өңірлері бойынша тарифтер - «түнгі» тарифтер сатып алынатын тарифтердің деңгейінде белгіленді, ол тәулік өңірлері бойынша тарифтерді сараланумен байланысты ЭЖҰ-ның залалын жояды; — қассалық алшақтықты жою мақсатында кредиттік қаражат тарқаны үшін ЭЖҰ тарифіне банктерге сыйлықақы қосу, бұрын сыйлықақылар тарифке қосылған жоқ және ЭЖҰ-ның шығындарына жатқызылды.
15 ақпан	Fitch Ratings рейтинг агенттігі Қоғам дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін шетелдік және ұлттық валютада «BB+» деңгейінде растады.
12 сәуір	Қоғамның кредиттік рейтингі S&P рейтинг агенттігінің бір нотч-ке төмендеді.
20 маусым	«Самұрық-Энерго» АҚ еурооблигациялары бойынша 9 375 000 АҚШ доллары сомасына купондық сыйлықақы төленді.
03 шілде	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100 млрд. теңге сомасындағы бірінші облигациялық бағдарламасы тіркелді.
03 шілде	Облигациялар бағдарламасы шегінде 20 млрд. теңгеге және 28 млрд. теңгеге облигациялардың бірінші және екінші шығарылымы шығарылды.
13 шілде	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен 40 млрд. теңге сомаға кредиттік келісім жасалды.
20 қыркүйек	«Самұрық-Энерго» АҚ 80 млн. АҚШ доллары сомасына халықаралық купондық облигацияларды ішінара өтеді.
28 қараша	Энергия өндіруші ұйымдар үшін Энергетика министрлігінің бұйрығымен Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін тіркелген пайданы (12% мөлшерінде тіркелген пайда), сондай-ақ теңгеруші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін теңгерім үшін тіркелген пайданы (24% мөлшерінде тіркелген пайда) анықтау әдістемесі бекітілді.
28 қараша	Энергия өндіруші ұйымдар үшін Энергетика министрлігінің бұйрығымен 2019-2025 жылдар кезеңіне 700 мың теңгеге/(айына*МВт) электр қуатын дайындықта ұстап тұру қызметіне шекті тарифтер бекітілді.
20 желтоқсан	«Самұрық-Энерго» АҚ 420 млн. доллар сомасына халықаралық купондық еурооблигацияларды өтеді.
21 желтоқсан	Standard and Poor's рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі бойынша болжамды тұрақтыдан жағымдыға қайта қарап, В+ /В деңгейіндегі рейтингті бекітті.
22 желтоқсан	«ГРЭС-1» ЖШС үшін «КЕГОК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын жеткізу бойынша реттелетін қызметке белгіленген тарифке 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізе отырып, 0,71 мөлшерде уақытша төмендету коэффициентін бекітті.

Компанияны дамытудың негізгі бағыттары

2018-2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарда Стратегиялық НҚК-нің нысаналы көрсеткіштерін орындау мақсатында мынадай негізгі даму бастамалары көрсетілді:

1) 2022 жылдан бастап электр энергиясын CASA-1000 бағыты бойынша экспорттау

CASA-1000 жобасы Оңтүстік Азиядағы энергия тапшылығын азайтуға өзара тиімді негізде ықпал ету үшін Орталық Азияның елеулі энергетикалық ресурстарын пайдалана отырып, Орталық және Оңтүстік Азия электр энергиясының өңірлік нарығын құру жолындағы алғашқы қадам болып табылады. 2022 жылдан бастап электр энергиясын CASA-1000 бағытында кемінде 1 млрд. квтс. көлемінде экспорттауды қамтамасыз ету болжануда.

2) Көмірді байыту

Екібастұз көмірі жылу шығару қабілетін ұлғайту және күлділікті азайту бойынша техникалық және экономикалық әлеуетке ие. 2021 жылы көмірді байыту бойынша толық қуаттарды енгізуді қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы жоба бойынша жұмыс басталады деп жоспарлануда.

3) Технологиялық мұқтаждықтар үшін отынның, судың меншікті шығындарын азайту

Отынға жұмсалатын шығындарды азайтуға «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға 2017 жылғы 372,4 г/кВтс-тан 2020 жылғы 366 г/кВтс дейін электр энергиясын босатуға шартты отынның меншікті шығынын (ШОМШ) азайту нәтижесінде қол жеткізуге болады. Пайдалану режимін экономикалық тұрғыдан тиімді жүргізу есебінен ШОМШ-ты азайтудың негізгі себептері – іске қосылу ПВД-мен жұмыс, турбиналарды IV іріктеуден өткізген ТПН-дағы жұмыс және белгіленген қуатты пайдалану коэффициентін (БҚПК) 2018 жылғы 54%-дан 2020 жылы 65%-ға дейін көбейту. Технологиялық мұқтаждықтарға су бойынша шығында 504 млн. теңге көлемінде азайтуға су қоймасын толықтыру көлемін оңтайландыру, сондай-ақ суды технологиялық мұқтаждықтарға жұмсауды азайту есебінен қол жеткізілді.

Компания	Мақсатты	Шекті
	К1 Қарыз/ЕБИТДА аспайтын	К1 Қарыз/ЕБИТДА аспайтын
«Самұрық-Энерго» АҚ	3,50	4,50

Аталған қаржылық тұрақтылық коэффициенті сондай-ақ компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Компания мынадай негізгі іс-шаралардың есебінен Қарыз/ЕБИТДА бойынша мақсатты көрсеткішке қол жеткізуге ұмтылады:

1. 2018-2019жж. активтерді жекешелендіру арқылы түсіруден жоспарланатын қаражат есебінен сыртқы қарызды өтеу;

4) ОЭР-энергия үнемдеуге жұмсалатын шығындарды оңтайландыру

ОЭР-энергия үнемдеуге жұмсалатын шығындарды азайтуға энергия ресурстарын, жөндеу-сервистік қызметті қайта жарақтандыру, жаңғырту, қайта құру, есепке алуды жетілдіру есебінен қол жеткізілетін болады.

5) Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындарды оңтайландыру

Станцияның негізгі жабдықтарының нақты жай-күйіне сүйене отырып, жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындарды оңтайландыру есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарына шығындарды азайту, яғни жабдықтардың жарамдылық мерзімі бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу.

6) Өндірістік активтерді қолданыстық күйде ұстап тұруға жұмсалатын күрделі шығыстарды оңтайландыру

2018-2022 жылдарға өндірістік активтерді қолданыстық күйде ұстап тұруға жұмсалатын капиталдандырылатын шығыстарды қысқарту бойынша бастама қарастырылады. Капиталдандырылатын шығыстарды қысқарту жалпы станциялық жабдықтарды жөндеуге жұмсалатын шығындарды азайту есебінен көрсетілді.

7) Активтерді сату

Даму жоспарында сатылатын активтердің тізбесі қарастырылған: «Тегіс Мұнай» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «АЖК» ЖШС - 2018 жылы, «АлЭС» АҚ - 2019 жылы.

8) Қаржылық тұрақтылықты жақсарту

Стратегиялық НҚК-ге ҚБС талаптарының орындалуы жөніндегі бастаманың әсері. ҚБС талаптарына сәйкес, Қарыз/ЕБИТДА қаржы тұрақтылығы коэффициентінің мақсатты және шекті мәні мынадай:

- Жекешелендірілген компаниялар қарызын есептен шығару есебінен шоғырландырылған қарыз көлемін азайту;
- Электр энергиясын сату және сәйкесінше ЕБИТДА көлемінің артуы;
- Өтеу кестесіне сәйкес, қарызды жоспарлы өтеу;
- Уақытша бос ақшалай қаражатты қарызды азайтуға бағыттау.

Есеп саясатының қағидаттары

2017 жылы Қоғамның электр энергетикасы және көмір салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы шоғырландырылған есепті жасаған кезде бірыңғай ұстаным ұстану мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан бөлек, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалау есепке алынбай жүргізіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есепке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктірген кезде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын үлестік қатысу мөлшеріне қарамастан, сатып алған күнгі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, шоғырландырылған теңгерімдегі үлестік қатысу әдісін пайдаланған кезде «Екі-

бастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы секілді ірі компаниялардың айналымдары алынып тасталды, «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан олардағы иелену үлесі 50%-ды құрайды. Бұдан бөлек, үлестік пайда мен инвестицияның құнсыздануынан «БЖЭС» АҚ қауымдастырылған компаниясының 50% -1 акция иелену үлесі бойынша қаржылық нәтижесі көрсетіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастырған кезде осы компаниялар бойынша пайданың үлесі «ұйымның үлестік қатысу мен инвестицияның құнсыздану әдісі бойынша есептелетін пайдасының/залалының үлесі» бабында көрсетіледі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, құрамында «Шығысэнерготрейд» ЖШС бар «ШҚ АЭК» АҚ және «МЭБК» активтері АҚ Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылы 23 қарашада Жеке-шелендіру жоспарын орындау аясында бекіткен шешіміне сәйкес сатылды.

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіш, млн. теңге	2016 нақты	2017 нақты	2018 болжам	2019 болжам
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	181 310	219 892	220 125	193 070
1.1.	Электр энергиясын өндіру	124 085	151 861	194 407	189 381
1.2.	Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуы	90 284	94 458	0	0
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	13 991	17 370	20 440	191
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және тарату	33 448	38 058	0	0
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 662	1 672	1 699	0
1.6.	Жалға алулар	3 504	3 289	3 417	3 417
1.7.	Өзге	778	1 701	1 203	1 073
2	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	136 127	159 611	146 676	100 693
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	91 658	107 795	125 383	100 102
2.2.	Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуының өзіндік құны	88 644	91 817	0	0
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	13 699	17 122	19 036	0
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	26 506	28 337	0	0
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны	1 614	1 644	1 686	0
2.6.	Негізгі қызметтің басқа түрлерінің өзіндік құны	215	443	719	724
	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	41 053	43 824	41 067	37 497
3	Жалпы пайда	45 184	60 281	73 449	92 378
4	Қаржыландырудан түскен кірістер ⁽¹⁾	3 396	2 805	1 033	434

№ р/с	Көрсеткіш, млн. теңге	2016 нақты	2017 нақты	2018 болжам	2019 болжам
5	Өзге кірістер	6 061	3 224	426	558
6	Өнімді сату мен қызмет көрсетуден түскен шығыстар	3 017	15 145	16 277	21 052
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар	12 826	12 709	12 658	9 997
8	Қаржыландыруға жұмсалған шығыстар ⁽²⁾	19 218	29 182	31 752	23 937
10	Негізгі емес қызметке жұмсалған өзге шығыстар ⁽³⁾	2 056	5 959	492	586
11	Ұйымның үлестік қатысу және инвестицияның құнсыздану әдісі есептелетін пайдасының/залалының үлесі	4 895	26 636	9 825	8 436
12	Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)	2 494	1 670	13 934	10 576
13	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	6 521	5 553	10 135	12 532
14	Азшылықтың үлесі	632	681	276	276
15	«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының Акционерлеріне тиесілі барлық пайда	17 759	27 884	27 076	44 002

⁽¹⁾ Аудит жүргізілген ҚЕ-де 2016ж. бағам айырмасының сальдосы «қаржылық кірістер» бөлімінде көрсетілді

⁽²⁾ Аудит жүргізілген ҚЕ-де 2017ж. бағам айырмасының сальдосы «қаржылық кірістер» бөлімінде көрсетілді

⁽³⁾ 2017 ж. аудит жүргізілген ҚЕ-де «құнсызданудан шеккен залалды қалпына келтіруден» түскен кіріс пен құнсызданудан түскен залал (НЕТТО) «қаржылық шығыстар» бабында көрсетілді

Ескерте: Қызмет түрлері бойынша кірістер мен өзіндік құн алып тастауды есептемей көрсетілді.


«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша **Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірістер** 2017 жылы 219 892 млн. теңгені құрады:

Шоғырландырылған түсім негізінен электр энергиясын өндіру сегменті бойынша электр энергиясын сату көлемінің өсуі есебінен өсті. Алайда, 2017 жылы Энергия өндіруші ұйымдардың 1 тобы үшін өлшенген орташа тарифтің төмендегені байқалады, ол орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын нарықтық бағалар бойынша сату үлесінің ұлғаюына, сондай-ақ дағдарыс жағдайында қолдау көрсету мақсатында нарықтың стратегиялық субъектілері үшін жеңілдіктер беруге байланысты. Осылайша, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ге 2017ж. 4 субъект үшін жалпы сомасы 6,85 млрд. теңгеге жеңілдікті тарифтер берілді.

Сегменттер бойынша түсімнің бөлінуі мен сатылуы (өткізу), өсуі электр энергиясының көлемі мен тарифтерге байланысты.

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2018 жылға арналған болжамда сатудан түскен кіріс 2017 жылдың фактісі деңгейінде 220 125 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл жоспарланатын сатуға сәйкес «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның кірісін электр энергиясын сату көлемін өсіре отырып ұлғайтуға және сонымен қатар «АЖК» АҚ мен «АЭС» ЖШС-ның айналымынан алып тастауға байланысты. 2019 жылға арналған болжамда 2018 жылмен салыстырғанда табыстың төмендеуі байқалады, бұл «АлЭС» АҚ-ны сату жоспарымен байланысты болып отыр, бұл ретте «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша электр энергиясын өндіру көлемінің өсуіне байланысты табыс көлемі ұлғаяды.

Шоғырландырылған түсім, млн.теңге



31.12.2017 ж. 219 892

Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2017 жылғы кірістің құрылымы



Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс

Көрсеткіш, млн. теңге	2016	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	181 310	219 892	220 125	193 070
«Самұрық-Энерго» АҚ	8 417	20 765	63 475	66 649
«Green Energy» ЖШС	113	131	180	285
«Бұқтырма ГЭС» АҚ	3 503	3 288	3 417	3 417
«Шардара СЭС» АҚ	3 157	3 405	2 989	7 305
«Мойнақ СЭС» АҚ	9 919	10 889	8 868	10 095
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	90 284	94 458	0	0
«АЖК» АҚ	33 848	38 658	0	0
«АлЭС» АҚ	60 761	62 349	65 489	0
«ЕГРЭС-1» ЖШС	62 729	90 177	134 414	166 904
«БЖЭС» ЖШС	3 435	4 388	4 757	4 995
«Energy Solution center» ЖШС	334	666	1 052	1 061
«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы ішілік айналымдар (алып тастау)	-95 190	-109 282	-64 515	-67 641

Қоғамның негізгі қызметінен түскен кірістегі негізгі үлес «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға, «АлЭС» АҚ-ға, «АЖК» АҚ-ға, «АЭС» ЖШС-ға тиесілі. Сонымен бірге, жалпы сомадағы кірістерді шоғырландырған кезде негізінен энергия өн-

діруші және энергия таратушы компаниялар бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы ішіндегі айналымдар алынып тасталады.


Өнім мен қызмет көрсетудің өзіндік құны

Көрсеткіш, млн. теңге	2016	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Отын	31 626	43 364	53 050	35 592
Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар	22 316	24 035	15 160	5 174
Сатып алынған электр энергиясының құны	4 679	7 256	5 143	4 043
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	41 053	43 824	41 067	37 497
Жөндеу және жұмыс қалпында ұстау	6 416	6 517	6 212	4 533
Электр энергиясын жеткізу және басқа қызметтер	7 444	8 506	2 994	44
Материалдар	1 880	1 762	1 986	1 224
Сумен қамтамасыз ету	3 835	4 455	5 030	2 589
Желілердегі шығын	198	205	0	0
Табыс салығынан басқа салықтар	5 955	7 627	8 803	7 427
Сыртқы ұйымдардың қызметі	7 528	7 394	5 264	1 829
Басқа	3 198	4 665	1 968	739
БАРЛЫҒЫ	136 127	159 611	146 676	100 693

2017 жылдың қорытындысы бойынша өзіндік құн 159 611 млн теңгені құрады, бұл 2016 жылдың фактісінен 17%-ға жоғары. Негізінен, бұл өсу өндіріс және сату

көлемінің өсуіне байланысты, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі есебінен өзгеріп отыратын шығыстар бойынша болды.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы



- Отын, ЖЖМ, энергия
- Шикізат пен материалдар, басқа жұмыстар, қызметтер және өнеркәсіптік сипаттағы жалдау
- Тарату және сатуға байланысты қызметтер
- НЖ пен МЕА амортизациясы
- Салық және бюджетке міндетті төлемдер
- Өндірістік персоналдың ЖТҚ
- Ремонттар
- Басқалары

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2018 жылға арналған болжамда сатылған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны азаяды, бұл өндіріс көлемінің өсуі есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша өзіндік құн ұлғайған кезде «АЖК» АҚ мен «АЭС» ЖШС активтерін негізгі қызметтен тоқтатылған қызметке қайта жіктеуге байланысты. 2019 жылға арналған болжамда өзіндік құн бойынша шығыстар өндіріс көлемінің өсуі есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша өзіндік құн ұлғайған кезде «АлЭС» АҚ-ны негізгі қызметтен тоқтатылған қызметке қайта жіктеуге байланысты азаяды.


2017 жылдың қорытындылары бойынша сатуға жұмсалған шығындар едәуір өсті, аталған ауытқу 01 ақпаннан бастап «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның РФ-ға электр энергиясын жеткізуіне, сондай-ақ «KEGOC» АҚ тарифтерінің өсуіне орай «KEGOC» АҚ желілері бойынша электр энергияны тасымалдауға жұмсалған шығындарға байланысты.

2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылға жасалған болжамда сатуға жұмсалған шығындардың өсімі 7%-ды құрайды. Шығындардың ұлғаюы РФ-ға электр энергиясын экспорттау көлемінің өсуіне негізделген, бұл жерде «ГРЭС-1» ЖШС үшін «KEGOC» АҚ желілері бойынша тасымалдауға арналған шығындарға 0,71 мөлшерінде уақытша төмендету коэффициенті алынды, ол 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылдың болжамында шығындардың өсуі «KEGOC» АҚ тарифтерінің өсуіне байланысты.

Компаниядағы шығындарды оңтайландыру бойынша өткізілетін іс-шараларға байланысты 2017 жылдың қорытындылары бойынша әкімшілік шығыстар 12 709 млн. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы фактінің деңгейінен төмен.


Сатуға жұмсалған шығындар, млн. теңге



Әкімшілік шығыстар, млн. теңге



Қаржылық шығыстар, млн. теңге



Алдағы кезеңге арналған болжам: 2018 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар 2017 жылдың деңгейінен төмен және 12 658 млн. теңгені құрайды. 2019 жылға арналған болжамда 2018 жылғы болжаммен салыстырғанда әкімшілік шығыстар азаяды және активтерді негізгі қызметтен тоқтатылған қызметке қайта жіктеумен байланысты 9 997 млн. теңгені құрайды.

2017 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық шығыстар 29 182 млн. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы нақты мәннен жоғары. Қаржыландыруға жұмсалған шығын-

дардың ұлғаюу негізінен бұрын капиталдандырылған пайыздарды аудару есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша және еурооблигацияларды едәуір жоғары мөлшерлеме бойынша қайта қаржыландырумен (соған қоса теңгені қайта қаржыландыру есебінен валюталық тәуекел азаяды) және активтерді сату арқылы төлемдерді бөліп төлеу дисконтын көрсетуге байланысты Корпоративтік орталық бойынша болады.

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2018 жылға арналған болжамда қаржыландыруға жұмсалған шығындар 31 752 млн. теңгені құрайды, 2017 жылдың фактісі бойынша, ұлғаюу 2017 жылы еурооблигацияларды едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме бойынша қайта қаржыландыру есебінен болды. 2019 жылға арналған болжамда шығындардың азаюы Корпоративтік орталықтың заемдарын өтеумен байланысты.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес пен инвестициялардың құнсыздануы

Көрсеткіш, млн. теңге	2016	2017	2018	2019
	нақты	нақты	жоспар	жоспар
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	4 895	(26 636)	9 825	8 436

2017 жылғы үлестік кіріс және инвестициялардың құнсыздануы ұқсас кезеңге қатысты (31 530) млн. теңгеге қысқарып, (26 635) млн. теңгені құрады.

Негізгі өзгерістер мына активтер бойынша болды:

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – өткен жылмен салыстырғанда 10 334 млн. теңгеге азаю төмендегі факторларға негізделген:
 — 5 844 млн. теңге мөлшерінде НҚ-ның құнсыздануынан болған шығындарды көрсетуге және 5 233 млн. теңгеге қаржыландыруға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты, оған қоса 780 млн. теңге мөлшерінде бағам айырмашылығынан болған шығындар азайды;


Forum Muider - 4 461 млн. теңгеге ұлғаюу негізінде «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша 5 777 мың тонна (16,5%) көмірді ішкі және сыртқы нарықтарға сату көлемінің артуы мен экспорт бағасының 16,1 %-ға артуы есебінен болды.

Тоқтатылған қызметтен түскен кіріс (шығыс)

Көрсеткіш, млн. теңге	2016	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Тоқтатылған қызметтен кіріс	2 494	1 670	13 934	10 576

2017 жылдың қорытындылары бойынша, **Тоқтатылған қызметтен түскен кіріс** 1 670 млн. теңгені құрады, бұл мына ЕТҰ-лардың қаржылық нәтижелерін қамтиды: «ШҚ АЭК» АҚ, «ШЭТ» ЖШС, «МЭБК» АҚ, «Тегіс Мұнай» ЖШС және «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС.

Үлестік кірістің өзгеруі мен инвестициялардың құнсыздану динамикасы, млн теңге



«БЖЭС» АҚ – 2016 жылмен салыстырғанда 25 658 млн. теңгеге азаюы негізінде 27 571 млн. теңге сомаға инвестициялардың құнсыздануын тану есебінен болды.

2018 жылғы жоспарда кіріс 9 825 млн. теңгені, 2019 жылы - 8 436 млн. теңгені құрады.

2018 жылға арналған болжалда тоқтатылған қызметке «АЖК» АҚ, «АЭС» ЖШС, 2019 жылы – «АлЭС» АҚ активтері жатқызылды.

Тариф саясаты

Табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілері мен бәсекелес нарықта басым сипатқа ие субъектілер болып табылатын «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» және «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңдарымен реттеледі. Тарифтік реттеу энергетикалық компанияның қызметінің түріне байланысты ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015ж. 27 ақпандағы №160 2016-2018жж. кезеңге «Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен бекітілді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тарифтер тіркелген болып табылады және ЖЭК

Компания қызметінің түрлерін тарифтік мемлекеттік реттеу

Есептік кезеңде мына тарифтер қолданылды:
 - 2009-2015жж. кезеңде бекітілген шекті тарифтердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін энергия өндіруші ұйымдар үшін (ЭӨҰ) 2016-2018жж. аралығында станциялар үшін тарифтер 2015 жылдың деңгейіндегі тариф сақталды. Соған қоса, 2015 жылғы ақпаннан бастап 2016 жылғы желтоқсанға дейін ЭӨҰ-ның бірінші тобы («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-1 станциясы» АҚ) үшін белгіленген 8,80 теңге/кВтсағ мөлшеріндегі шекті тариф болғанда Компания 8,65 теңге/кВтсағ төмендетілген тариф бойынша электр энергиясын сатты. ҚР Үкіметінің ұлттық экономиканы қолдау жөніндегі тапсырмасын ескере отырып, 2017 жылы ішінде және қазіргі уақытқа дейін станциялар электр энергиясын, 42 теңге/кВтсағ-тан аспайтын тарифтер бойынша сатуды жүзеге асырады.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның 2017 жылғы орта өлшемді тарифі 6,39 теңге/кВтсағ-ты құрады, бұл 2016 жылдың деңгейінен (7,33 теңге/кВтсағ) 0,94 теңге/кВтсағ-қа төмен. Орта өлшемді тарифтің қысқаруы орталықтандырылған сауда-саттықтарда электр энергиясын нарықтық бағалар бойынша сату, сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік кәсіпорындарға жеңілдік беру нәтижесінде болды.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның 2017 жылғы орта өлшемді тарифі 6,60 теңге/кВтсағ-ты құрады, бұл 2016 жылғы (6,68 теңге/кВтсағ) деңгейден 0,08 теңге/кВтсағ-қа

технологияларына (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) байланысты ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді және жыл сайынғы индекстеуге жатады. Бұл жерде есеп айырысу-қаржылық орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде қызмет етеді. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге және энергиямен жабдықтауға белгіленетін тарифтерді Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитет заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте реттейді және бақылау жасайды.

Тарифтер бойынша шешімдер белгілі бір деңгейде әлеуметтік және саяси мәселелердің ықпалына ұшыраған. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және басқа саясаттарының «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының операциялық қызметіне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін.

төмен. Орта өлшемді тарифтің қысқаруы электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату нәтижесінде болды.

«Мойнақ СЭС» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ үшін ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды ескере отырып, 9,50 теңге/кВтсағ мөлшерінде жеке және есептік тарифтер бекітілді, бұнда электр энергиясының бір бөлігін орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату есебінен «Мойнақ СЭС» АҚ-ның 2016-2017жж. кезеңіндегі нақты тарифтері бекітілген тарифтерден төмен.

Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) үшін бекітілген тіркелген тарифтер инфляцияны ескере отырып, жыл сайынғы индекстеуге жатады.

ЭӨҰ үшін қуат нарығын ендіру ҚР Энергетика министрінің 03.07.2015ж. №465 бұйрығымен (ҚР ЭМ-ның 28.11.2017ж. № 414 бұйрығымен енгізілген өзгерістері бар) 2019ж. жүзеге асырылады. ЭӨҰ-ның барлық «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына 2019-2025жж. аралығына 700 мың теңге / (МВт*ай) мөлшерінде электр энергиясы қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметке шекті тарифтер бекітілді. ЭӨҰ үшін «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін тіркелген кірісті (12% мөлшерінде тіркелген кіріс), сондай-ақ теңгерімделген электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін, теңгеру үшін тіркелген кірісті (24% мөлшерінде тіркелген кіріс) белгілеу

әдістемесі» бекітілді. Алайда, қуат нарығын енгізу үшін ЭӨҰ тобы бойынша электр энергиясына тарифтерді қай-

та бекіту қажет, себебі 2015ж. бұрын бекітілген тарифтер жоғарыда көрсетілген Әдістемеге сәйкес келмейді..

Электр энергиясын өндіруге арналған орта өлшемді тариф

Атауы	Өлш. бірл.	2016ж. нақты	2017ж. нақты	Жоспар 2018ж.	Жоспар 2019ж.
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/кВт.сағ				
электр энергиясына тариф, теңге/кВтсағ.		7,33	6,39	7,11	5,87
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					700
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	теңге/кВт.сағ				
электр энергиясына тариф, теңге/кВтсағ.		6,68	6,60	7,48	5,77
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					3 000
«АлЭС» АҚ	теңге/кВт.сағ				
электр энергиясына тариф, теңге/кВтсағ.		8,60	8,60	9,56	8,89
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					1 543
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	теңге/кВт.сағ	7,30	7,30	-	-
«Шардара СЭС» АҚ	теңге/кВт.сағ				
электр энергиясына тариф, теңге/кВтсағ.		9,50	9,50	9,50	2,28
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					8 529
«Мойнақ СЭС» АҚ	теңге/кВт.сағ				
электр энергиясына тариф, теңге/кВтсағ.		8,25	8,65	9,50	3,97
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					5 344
«Samruk-Green Energy» ЖШС	теңге/кВт.сағ	36,13	42,12	45,11	46,88
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	теңге/кВт.сағ	22,68	26,11	28,31	29,43

« - » актив сатылды/сатуға жоспарланады

- заңнама талаптарын орындау үшін «АлЭС» АҚ-ның **жылу энергиясын өндіруі** үшін тарифтерге инвестициялық құрамдасын қоса отырып, 2017-2021жж. аралығына шекті ұзақ мерзімді тарифтер бекітілді. «Екібастұз

ГРЭС-1» ЖШС-да 2017ж. қазаннан бастап тұтынушыларға бу мен ыстық су түріндегі жылу энергиясын іске асыруды бастады (Павлодар облысы бойынша ТМРБҚҚД белгіленген тәртіпте қызметтерге арналған тарифтер бекітілді).

Жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтер

Атауы	Өлш. бірл.	2016ж. нақты	2017ж. нақты	2018ж. жоспар	2019ж. жоспар
"АлЭС" АҚ	теңге/Гкал	2 872	3 363	3 951	4 070
"Ақтөбе ЖЭО" АҚ	теңге/Гкал	1 532	1 839	-	-
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	теңге/Гкал	683	740	809	831
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/Гкал		352	511	511

« - » актив сатылды/сатуға жоспарланады

- ұқсастығына қарай аймақтық энергия **жеткізуші компаниялар** (АЭК-тар) үшін ұсынылған тарифтік сметалар негізінде 2016-2020жж. аралығына шекті ұзақ мерзімді

тарифтер бекітілді. Тарифтер желілік компаниялар үшін инвестициялық бағдарламаларды қамтиды.

Электр энергиясын жеткізу қызметтеріне арналған тарифтер

Атауы	Өлш. бірл.	2016 ж. нақты	2017 ж. нақты	2018ж. жоспар	2019ж. жоспар
"АЖК" АҚ	теңге/кВт.сағ	5,35	5.83	6,04	-
«ШҚ АЭК" АҚ	теңге/кВт.сағ	3,76	3.83	-	-
«МЭБК» АҚ	теңге/кВт.сағ	4,16	4.44	-	-

« - » актив сатылды/сатуға жоспарланады

- энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін (ЭҚҰ) есептік кезеңде тарифтер ТМРЖБҚК-мен келісілді. .

ЭҚҰ-ның электр энергиясын сатуы үшін тарифтер

Атауы	Өлш. бірл.	2016ж. нақты	2017ж. нақты	2018ж. жоспар	2019ж. жоспар
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	теңге/кВт.ч	15,66	16.38	17,64	-
«ШығысЭнергоТрейд» ЖШС	теңге/кВт.ч	10,48	10.99	-	-

« - » актив сатылды/сатуға жоспарланады

2017ж. заңнаманың өзгеруіне байланысты ЭҚҰ-да тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтер жойылды. Жеке тұлғалар үшін тұтыну нормалары бойынша саралау

сақталды, заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізу босатудың орташа тарифтері жүзеге асырылады.

Күрделі шығындарды талдау

№	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	2016	2017	2018	2019
		нақты	нақты	жоспар	жоспар
	БАРЛЫҒЫ	79 061	72 418	71 461	74 105
1	Инвестициялық жобалар, оның ішінде	41 810	25 177	32 159	48 614
1.1	Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-ші блокты қалпына келтіру	5 296	3 962	2 471	
1.2	Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 2-ші блокты қалпына келтіру				
1.3	АТҚ-500 кВ-ны жаңғырту	9 805			
1.4	№3 энергия блогын сала отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру (50%)	4 008	-36		
1.5	«Богатырь» кесігінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, тұрақтандырудың және жүктеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу (50%)	30	30	10 121	9 806
1.6	«Шамалған» (Үшқоңыр) ҚС-ны және жақын орналасқан 35/10кВ ҚС-лардан жүктемелерді аудара отырып, «Шамалған станциясы» ҚС-ны сала отырып, Қарасай ауданында электр желілерін дамыту	58			
1.7	Кейін 131А ҚС-ны бөлшектей отырып, «Горный Гигант» №131А 220/110/10кВ ҚС-ны 110кВ желілер бойынша «Ерменсай» 220/110/10кВ №160А ҚС-ға аудару	340	5 079		
1.8	Алматы ЖЭО-2-ні қайта құру және кеңейту. III-кезек. Қазандық агрегаты № 8 станциясы.	183			
1.9	ЖЭО-2-де күл-қожды жоюдың құрма жүйесін қайта құру				100

№	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	2016	2017	2018	2019
		нақты	нақты	жоспар	жоспар
1.10	Ақтөбе ЖЭО-ны қайта құру және жаңғырту	2			
1.11	Мойнақ СЭС-ін салу	79	2		
1.12	Шардара СЭС-ін жаңғырту	8 988	11 263	2 183	10 371
1.13	Қуаты 45 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу (I-кезек)				
1.14	Қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу (II-кезек)	145	100		
1.15	Придорожное газ кен орны базасында ГТЭС салу	426	140	1 488	
1.16	Өзге жобалар	12 450	4 637	15 796	28 437
2	Өндірістік активтерді жұмыс күйінде ұстау	35 731	46 042	36 686	23 495
2.1	«Богатырь-Көмір» ЖШС (50%)	1 439	3 508	4 881	3 190
2.2	«ЕГРЭС-2 ст.» АҚ (50%)	17	224	644	
2.3	«ЕГРЭС-1» ЖШС	16 787	17 919	11 402	16 459
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	9 312	13 580	13 206	
2.5	«Алматы Электр Станциялары» АҚ	1 681	4 848	6 021	3 825
2.6	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	392	374		
2.7	«Мойнақ СЭС» АҚ	1 084	304	367	
2.8	«Шардара СЭС» АҚ	124	120	6	11
2.9	«Маңғыстау ЭБК» АҚ	2 027	2 251		
2.10	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	68	35	91	
2.11	«Samruk-Green Energy» ЖШС	3		15	8
2.12	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	24	3	54	1
2.13	«ШҚ АЭК» АҚ	2 740	2 861		
2.14	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	33	16		
3	Әкімшілік активтерді жұмыс күйінде ұстау	1 411	1 145	785	173
4	Өзге	109	54	1 831	1 823

2016 жылы іске асырылған жобалар

2016 жылы мамырда «Ақтөбе ЖЭО»-ны қайта құру және жаңғырту» жобасын іске асыру аяқталды. Жоба қуаты 30 МВт №3 турбинаны орнату есебінен Ақтөбе облысының электр энергиясы тапшылығын жабу үшін белгіленген қуатын арттыруға бағытталған.

2016 жылы қыркүйекте Алматы ЖЭО-2-нің №8 станциясының қазандық агрегатын қайта құру аяқталды. Жоба жылу жүктемелерінің болжанатын өсімін жабуға, «Универсиада-2017» объектілерін жылумен қамтамасыз етуге және белгіленген жылуды 1414 Гкал/сағ-қа арттыруға, Алматы ЖЭО-2-нің электр энергиясын 450 млн. кВтсағатқа өндіруге бағытталған.

2016 жылы қарашада сапалық ескірген жабдықты ауыстыру (ажыратқыштар, трансформаторлар, айырғыштар) және жабдықтың қызмет ету мерзімін арттыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1 АТҚ-500 кВ жаңғырту аяқталды.

2017 жылы іске асырылған жобалар

2017 жылы желтоқсанда трансформаторлық қуаты 80 МВА Алматы қаласының солтүстік бөлігінің өсетін жүктемелерінің сенімді және үздіксіз электрмен қамтамасыз ету мақсатында «Түркісіб» 110/10 кВ ҚС-ны салу жобасын іске асыру ақталды.

2018 жылы аяқтау жоспарланып отырған жобалар

2018 жылдың бірінші жартыжылдығының аяғына дейін кейіннен Горный Гигант ҚС-ны бөлшектей отырып, 110 кВ желілері бойынша Горный Гигант 220 кВ ҚС-ның жүктемесін Ерменсай 220 кВ ҚС-ға аудару жобасы бойынша жұмысты аяқтау жоспарланады.

2020 жылы аяқталуы жоспарланған жобалар

2020 жылы Шардара СЭС-ін жаңғырту жобасы бойынша жұмыстар аяқталады. Жоба станцияның белгіленген қуатын 100 МВт-дан 126 МВт-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2020 жылы Алматы энергия кешенін газдандыру жобасын жүзеге асыруды аяқтау жоспарланып отыр. «АлЭС» АҚ ЖЭО-1 нысанын газ турбиналық технологиялар базасындағы жаңа қуат көздерін орната отырып

кеңейту. Жобаның негізгі мақсаты «АлЭС» АҚ энергия көздерінің Алматы қаласы мен Алматы өңірінің экологиясына жағымсыз әсерін төмендету болып табылады.

Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Сыртқы кредиторлардан ковенантты орындау

Ковенант	Норматив	2017ж. нақты	Ауытқу	Ескертпе
Қарыз/ЕБИТДА (ЕҚҚДБ, ҚХБ)	4,5-тен аспайды	4,64	0,14	Сақталады (ЕҚҚДБ-ның 22.11.2017ж. келісу хаты (вейвер) және ҚХБ-ның 27.12.2017ж. келісу хаты (вейвер) алынды)
ЕБИТДА/Пайыздар (ЕҚҚДБ)	Кемінде 3	2,83	-0,17	Сақталады (22.11.2017ж. келісу хаты (вейвер) алынды)
ЕБИТДА/ Пайыздар (ҚХБ)	Кемінде 3,5	2,83	-0,67	Сақталады (21.12.2017ж. келісу хаты (вейвер) алынды)
Қарыз/Меншікті капитал (ЕАДБ және ҚДБ)	2-ден аспайды	0,71	-0,29	Сақталады

Атауы	2016	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Қарыз/ЕБИТДА	5,41	4,64	3,28	2,02
Қарыз/Меншікті капитал	0,75	0,75	0,71	0,49
Ағымдағы өтімділік	0,66	1,36	0,68	1,22

2016 жылдан бастап Компанияның қаржылық тұрақтылығы мыналардың есебінен жақсарады: өндіріс

пен тарифтердің көлемі ұлғаяды; қарыз жүктемесінің азаюы мен активтерді сату.

Қаржылық тұрақтылықты жақсарту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қабылдаған шаралар

- ▶ 2017 жылдың желтоқсанында меншікті және заемдық құралдар есебінен Қоғамның еурооблигацияларын толық төлеу арқылы валюталық тәуекелді азайту;
- ▶ «АЖК» АҚ мен «АлЭС» АҚ-дан Компанияның «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы ішілік заемдарын қайтару – 2017 жылдың 3-4-тоқсаны.
- ▶ Заемдардың мерзімдерін ұзарту арқылы ағымдағы өтімділікке әсерін азайту;
- ▶ 2017 жылдың 4-ші тоқсанында 15 млрд. теңге мөлшерінде заемдарды мерзімінен бұрын төлеу;
- ▶ Активтерді жекешелендіру аясында іске асырылатын қарыздың істен шығуы («ШҚ АЭК» АҚ, «ШЭТ» ЖШС, «МЭБК» АҚ) – 2017 жылдың 3-4-тоқсаны;
- ▶ 2017 жылғы 22 қарашадағы Қоғамның Қарыз/ЕБИТДА, ЕБИТДА/Пайыздар ковенанты бойынша Еуропа қайта құру және даму банкінен (ЕҚҚДБ) келісу хатын (waiver) алу;

- ▶ Компанияның 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қарыз/ЕБИТДА ковенанты бойынша, 2017 жылдың 21 желтоқсанындағы ЕБИТДА/Пайыздар ковенанты бойынша Қазақстан Халық Банкінен (ҚХБ) келісу хатын (waiver) алу.

Қосымша, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қарыз бен қаржылық тұрақтылықты басқару саясатының талаптарына сәйкес, Қоғам Қоғамды жасыл тәуекел аймағына енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) әзірледі. Аталған Іс-шаралар жоспары ЕБИТДА көрсеткішін жақсартуға, шығындарды оңтайландыруға және қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған 2017-2022жж. аралығында нақты шараларды іске асыруды көздейді.

Аталған шаралар қаржылық ковенанттың және Компанияның жалпы қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

ҚР-дағы әлеуметтік және экономикалық жағдай

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамитын нарықтарға тән кейбір өзгеше ерекшеліктерді көрсетеді. Ол мұнай мен газға және мемлекет экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа минералды шикізат құнының ауытқып отыруына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер мемлекеттен тыс еркін айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ шектелмейді.

Өтімділіктің азаюын және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтардың туындауын қоса алғанда, мұнай мен басқа минералды шикізатқа бағаның төмен болуы, бағам айырмашылығының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізеді және әрі қарай тигізе беруі де мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режимінде негізделген жаңа ақша-кредиттік саясатын іске асыру, валюталық дәлізді жою және еркін құбылмалы бағам айырмашылығына өту туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, 2015 жылғы тамыз-желтоқсан ішінде теңгенің бағам айырмашылығы АҚШ доллары үшін 187 теңгеден 350 теңгеге дейін өзгерді. Осылайша, теңгенің бағам айырмашылығына, сондай-ақ аталған фактордың Қазақстан Республикасының экономикасына тигізетін әсеріне қатысты белгісіздік бар.

2017ж. 8 ақпанда S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының рейтингтері бойынша болжалды «Терістен» «Тұрақтыға» қайта қарады. Сондай-ақ, агенттік «BBB-/A-3» деңгейінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тәуелсіз кредиттік рейтингтерді және «kzAA» деңгейінде ұлттық шкала бойынша елдің рейтингін растады. S&P Global Ratings пікірі бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің төлемдік балансына деген қысымы бірқалыпты болып қалады, ал монетарлық саясаттың икемділігін шектейтін факторлардың әсері депозиттерді долларландыруды қысқарту аясында азайды. Осының салдарынан, S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының рейтингтері бойынша болжамды «Терістен» «Тұрақтыға» қайта қарайды және «BBB-/A-3» деңгейінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тәуелсіз кредиттік рейтингтерді растайды. «Тұрақты» болжамы S&P Global Ratings талдауда үкіметтің банктік секторын қайта капиталдандыру бойынша жоспарымен байланысты бюджеттік шығындарды ескерді, ал елдің экономикалық көрсеткіштері 2020ж. дейін айтар-

лықтай күшті болып қалады деген болжалды білдіреді (дереккөз: http://kase.kz/files/mix/sp_kazakhstan_rating_080917.pdf).

Қаржы нарықтары бұрынғысынша тұрақтылықтың болмауымен, бағаның жиі әрі айтарлықтай өзгеруімен, сауда операциялары бойынша спредтердің өсуімен сипатталады. Аталған экономикалық орта «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Басшылық «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының орнықты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Солай бола тұрса да, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарларын болжау қиын, басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағасы нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістерге тәуелді болып қала береді. Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамалары даму үстінде, оларды түрліше түсіндіруге мүмкіндіктер бар. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары белгілі бір деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызы зор, өйткені ол халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр энергетикалық кешен кәсіпорындарын біріктіреді. Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың энергетикалық секторын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады, ол жаңа электр станцияларын салуды және жұмыс істеп жатқан электр станцияларын қайта құруды көздейді. Электр энергетикасы саласы еліміздің экономикасының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылатындықтан, басшылық Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына қолдау көрсетеді деп күтеді.

Басшылық ағымдағы жағдайларда «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметінің тұрақтылығы мен өсуіне қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді.

Салық заңнамасы

ҚР-дағы салық шарттары өзгерістерге, жүйесіз қолданылуға және түсінуге бейім. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы мен қазақстандық уәкілетті органдардың Қазақстан заңдары мен ережелерін түсіндіруіндегі алшақтықтар қосымша салық, айыппұл және өсімпұлды есептеуге әкеп соғуы мүмкін. Бұл «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының бейрезиденттермен жасаған та-сымалдау жөніндегі келісімшарттарына қатысты.

Қазақстан заңнамалары мен салық салу тәжірибесі үздіксіз даму үстінде, сондықтан оларды әр түрлі түсіну орын алуы мүмкін және кері әсері болуы ықтимал өзгерістерге жиі ұшырайды. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын белгілеу мақсатында салық заңнамасы ҚЕХС ережелеріне сүйенеді, мұның үстіне Қазақстанның салық салу органдарының ҚЕХС-тің тиісті ережелерін түсіндіруі басшылық аталған қаржылық есептілікті әзірлеген кезде қолданған

Сот талқылаулары

Есептік кезең ішінде «ЕГРЭС-1» ЖШС «Майкубен-Вест Холдинг» АҚ-мен сот талқылауына тартылды. «Майкубен-Вест Холдинг» тарапынан сот талқылауының заты Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (бұдан әрі – «МАЭС») бір-бірімен бірқатар байланысты мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз шағымы болып табылады. 2016ж. 26 желтоқсанда Алматы қаласының МАЭС шешім шығарды, оған сәйкес «Майкубен -Вест Холдинг» АҚ-ның талап-арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды. 2017 жылғы 20 қарашада ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен «Майкубен -Вест Холдинг» ЖШС-ға Алматы қаласы МАЭС-тің шешімін қайта қараудан бас тартылды.

«ЕГРЭС-1» ЖШС Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына «Майкубен-Вест Холдинг» ЖШС-дан 333 миллион теңге мөлшеріндегі қарызды, сондай-ақ 10 миллион теңге сомасындағы мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы талап-арыз шағымы берді. Павлодар облысы МАЭС-тің 2016 жылғы 10 маусымдағы шешімімен талап-арыз шағымы толық көлемде қанағаттандырылды. Шешім заң күшіне енді.

есеп саясатынан, пайымдаулардан және бағалардан ерекшеленуі мүмкін, бұл «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективтік тексеру жүргізуі мүмкін.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруін қолдануға болады және «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының салық жайғасымы негізделген болып табылады деп санайды. Басшылықтың пікірінше, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы аталған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтерден артық ағымдағы және әлеуметтік салықтық талап-арыздары бойынша айтарлықтай шығын шекпейді.

«ЕГРЭС-1» ЖШС Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына «Майкубен-Вест Холдинг» ЖШС-дан 1,100,000 мың теңге мөлшерінде қарызды, сондай-ақ 33,000,000 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасын өндіріп алу туралы талап-арыз шағымын берді. 2016 жылғы 25 қарашада Павлодар облысының МАЭС-і шешім шығарды, оған сәйкес ЕГРЭС-1-дің талап-арыз шағымы толық көлемде қанағаттандырылды. 2017 жылғы 21 тамызда Павлодар облыстық сотының апелляциялық сот алқасы Павлодар облысы МАЭС-тің 2016 жылғы 25 қарашадағы шешімін жою, іс бойынша өндірісті тоқтату және «ЕГРЭС-1» ЖШС 33,000,000 теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды қайтаруы туралы анықтаманы шығарды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қарапайым қызметті жүзеге асыру барысында туындаған басқа сот процестеріне қатысады. Басшылықтың пікірі бойынша, қазіргі уақытта нәтижелері «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының келешек қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсерін тигізуі мүмкін қандай да бір ағымдағы сот талқылаулары немесе аяқталмаған наразылықтар жоқ.

Сақтандыру

ҚР-дағы сақтандыру нарығы ерте даму кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандыру түрлері әзірге Қазақстанда қолжетімсіз. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы өндірістің тоқтап қалуына байланысты өндірістік ғимараттарына, жылжымайтын мүлік нысанына немесе апат салдарынан не «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға

келтірілген залалға қатысты үшінші тарап алдында пайда болған міндеттемелерінің залалдары бойынша толық сақтандыру қорғанысы жоқ. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы толыққанды сақтандыруды жаппайынша, белгілі бір активтердің жойылу және бүліну тәуекелі бар, ол Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына кері әсер етеді.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

ҚР-дағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама қалыптасу кезеңінде және ҚР мемлекеттік органдарының оны сақтауын қамтамасыз етуіне қатысты жайғасымы үнемі өзгереді. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қоршаған ортаға тигізетін әсерімен байланысты өз міндеттемелеріне аралық бағалау жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай, олар тез арада есепте көрсетіледі. Азаматтық талап-арыз нәтижелері бойынша қолданыстағы нормативтік актілерге өзгерістер енгізу нәтижесінде немесе заңнама аясында туындауы мүмкін әлеуетті мін-

деттемелер бағалауға жатпайды, бірақ маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, қолданыстағы заңнаманы қазіргі кездегі түсіндіруге сәйкес, басшылық «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының есептелген және «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының операциялық қызметінің нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпалын тигізуі мүмкін, аталған шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға қосымша маңызды міндеттемелер жоқ деп санайды.

Күл үйінділерін жоюға арналған резерв

Табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының өзінің операциялық қызметінің қалдықтарын орналастыру полигондары болып табылатын күл үйінділері учаскелерін жоюға байланысты заңдық міндеттемелері бар. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күл үйінділерін жоюға арналған резервтің баланстық құны 2,404,270 мың теңгені құрады (2016ж. 31 желтоқсан: 1,637,097 мың теңге).

Күл үйінділерін жоюға арналған қолда бар резервтің бағасы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының техни-

ка-экономикалық негіздемесімен және үйіндіні қалпына келтіру бойынша қалпына келтіру және жұмыс жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес инженерлік зерттеулерімен бекітілген ҚР-ның қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруінде негізделген. Бұл баға кейінгі табиғатты қорғау бойынша зерттеу жұмыстарын аяқтаған және қалпына келтіру мен қайта құру бойынша жұмыс істеп жатқан бағдарламаларды қайта қарауы мүмкін.

алу бойынша ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелері бар (2016ж. 31 желтоқсан: 125,661,235 мың теңге).

Күрделі сипаттағы міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының жалпы сомасы 125,739,732 мың теңге негізгі құралдарды сатып

Заемдар бойынша ковенанттар

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына заемдар бойынша белгіленген ковенанттар және облигация бар. Аталған ковенанттарды сақтамау заемдар бойынша шығындардың өсуін және дефолтты жариялауды қоса алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы үшін теріс салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін. 2017 жылғы

31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы өз ковенанттарын сақтады.


Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

- Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді сәйкестендіру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:
 - EBITDA margin;
 - Return on invested capital (ROIC);
 - заемдық құралдар үшін коэффициент (Қарыз/Меншікті капитал)
 - қарыз/EBITDA

Бенчмаркинг нәтижелері:

Қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштері	Samruk–Energy JSC	Inter RAO UES PJSC	ČEZ České Energetické Závody AS	Tauron Polska Energia SA
Қарыз/EBITDA	4,64	0,21	2,58	2,92
ҚАРЫЗ/Капитал	0,71	0,03	0,37	0,36


2017 ж. EBITDA margin



Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері төмен.


Сонымен қатар, EBITDA margin көрсеткіші бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін білдіреді. Ұқсас компаниялармен салыстырғанда, ROIC (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) көрсеткіші бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ нәтижелері төмен, бұл инвестициялардың тиімділігін (рентабельділік, қайтарымдылық) арттыру қажеттігін білдіреді.

Return on Invested Capital (ROIC) за 2017 г.



Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ қолжетімді қаржылық леввереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.

Электр энергиясының 2016 ж. тарифі, АҚШ центімен



Көзі: Bloomberg

Соған қоса, көпшілік ұқсас компанияларға қарағанда «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР Үкіметіне тиесілі екенін, осыған орай, Қоғам электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясаттың жетекшісі болып табылатынын атап кету қажет. Осыған байланысты, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейлінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызды инвестициялық жобалар іске асырылды (ҚР Энергия жүйесі жұмысының сенімділігі мен үздіксіздігіне бағытталған), бұл компанияның табыстылық деңгейін сақтаған кезде инвестицияланған капиталдың елеулі өсуіне әкеп соқты.

Инвестициялардың рентабельділік көрсеткіштеріне ықпал ететін қосымша фактор ұқсас компаниялардың мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы болып табылады.

Сатып алу және қорларды басқару

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 ж. 28 қаңтардағы №126 шешімімен бекітілген «Самұрық - Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық - Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидасына сәйкес жүргізіледі.

Қордың Сатып алу қағидасына сәйкес, сатып алу рәсімдері <http://tender.sk.kz> веб-сайтында орналастырылған Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесінде өткізіледі. Жеткізушіні таңдау тендер өткізу, баға ұсыныстарын сұрату арқылы және бір көзден тәсілімен жүргізіледі.

Сатып алу порталы мен өнім берушіні таңдауға қатысты тәсілді жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс аясында 2017 жылы желтоқсанда <http://www.zakup.sk.kz> веб-сайтында ЭСАЖ-2.0. электронды сатып алудың ақпараттық жүйесі енгізілді. Бұл портал Компания тобының сатып алу жоспарларын орналастыруды көздейді, <http://tender.sk.kz> Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесіне біріктірілген, алдағы уақытта Электронды сатып алу жоспары мен Автоматтандырылған есептілікті құру жүйесіне біріктірілетін болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ барлық компаниялар тобы үшін өнім берушілер мен 2017 жылға арналған тауарлардың бағаларын зерттеу бойынша жұмыс жүргізді (бұдан әрі – Бағалар каталогы), ол мынадай мақсаттарға қол жеткізуге:

2015-2017жж сатып алудағы жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн. теңгемен*

	нақты 2015		нақты 2016		нақты 2017	
	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ, %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ, %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ, %
тауарлар	134 371,84	84%	118 986,63	92%	122 783,06	75%
Ж/Қ	191 754,09	67%	183 028,05	70%	149 580,49	80%

*Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері

Тауарлардағы көрсеткіштердің төмендеуі «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да «ЖГРЭС» АҚ-дан жеткізілген электр энергиясының СТ-KZ сертификатынсыз жеткізілуіне байланысты, 2017 жылы Өзбекстаннан «АлЭС» АҚ-ға тауар-

1. «Самұрық-Энерго» АҚ тобы сатып алатын тауарлардың нарықтағы объективті құнын анықтауға;
2. жоспарланатын шығындарды оңтайландыруға;
3. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңа форматына сәйкес, ТЖҚ БНА кодтарын сәйкестендіруге және стандарттауға;
4. өнім берушілердің деректер базасын құруға;
5. «Самұрық-Энерго» АҚ барлық компаниялар тобы бойынша импорттық тауарлар тізбесін құруға (валюта бағамы ауытқыған кезде бағаны түзету мерзімін азайту үшін) мүмкіндік берді.

Аталған жоба Компания тобының сатып алатын тауарлар құнының диапазондары бойынша тәуелсіз баға берді. Сатып алынатын тауарлардың құрылымдалған топтамасы осы тектес тауарлардың құнын және оларды өзара ауыстыруды талдауға мүмкіндік берді. Аумақтық бірігу тауарлар партиясы құнын азайтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жоба Компанияның барлық Компаниялар тобының сатып алынатын тауарларының құнын төмендету немесе оларға нарықтық конъюнктураны ұсыну түрінде экономикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметті сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесіне мониторинг жүргізу Қордың уәкілетті органының порталындағы <http://www.kmks.kz> веб-сайтында «Сатып алудағы қазақстандық қамтуды мониторингілеу картасы» сатып алу мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

лық газ тасымалдауға белгіленген тарифтің өзгеруі салдарынан газ тасымалдау қызметі «Тауарлық газ» тауарының құнына қосылды.

2015-2017 жылдары отандық компаниялармен жасалған ұзақ мерзімді шарттардың саны бойынша ақпарат

жылдар	2015	2016	2017
Ұзақ мерзімді шарттардың саны	112	184	63
Ұзақ мерзімді шарттардағы жергілікті қамту үлесі			
тауарлар бойынша жұмыстар, қызметтер бойынша	92%	70%	64%
	96%	80%	79%
	86%	70%	64%
Жалпы сомасы	343,4 млрд. теңге	70,6 млрд. теңге	28,6 млрд. теңге

Сонымен, 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, 439,2 млрд. теңге сомасына жасалған 346 ұзақ мерзімді шарт жүзеге асырылуда.

2015-2017 жылдары отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттардың саны бойынша ақпарат

жылдар	2015	2016	2017
Тауарлар бойынша шарттардың саны мына сомаға	3 083 шт. 115 млрд. теңге	3 137 шт. 92,6 млрд. теңге	2 900 шт. 92,8 млрд. теңге
Оның ішінде ОТӨ мына сомаға	541 шт. 96,45 млрд. теңге	379 шт. 67,8 млрд. теңге	473 шт. 67,2 млрд. теңге

Негізгі өнім берушілер:

«АЗИЯ АВТО» АҚ, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ҚазАзот» АҚ, «Қазэнергокабель» АҚ, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Орика-Казахстан» АҚ, «High Industrial Lubricants & Liquids Corporation» (HILL)» ЖШС, «Kaz-metiz» ЖШС (Каз-метиз), «Kazcentrelectroprovod» ЖШС (Қазорталықэлектрқұбыры), «ZHERSU POWER» ЖШС, «Азия Пром Инвест» ЖШС, «АЛТЫНЖҰЛДЫЗ TEXTILE» ЖШС, «КазПрофБезопасность» ЖШС, «Қайнар-АКБ» ЖШС, «Капитал-Кастинг» ЖШС, «Мамай - Астана» ЖШС, «Проммашкомплект» ЖШС, «Семей Май» ЖШС, «ТПГ Казкомплект ЛТД» ЖШС, «АВИКС ГРУП» ЖШС

Бұдан бөлек, «Самұрық-Энерго» АҚ кәсіпорындары әлеуметтік жауапкершілікке назар аударып келеді.

2015 жылы Компания мүгедектер ұйымдарымен 119,6 млн. теңге сомаға шарттар жасады.

2016 жылы Компания мүгедектер ұйымдарымен 114,8 млн. теңге сомаға шарттар жасады.

2017 жылы Қоғам мүгедектер ұйымдарымен, оның ішінде «Ассоциация инвалидов Восток» қоғамдық бірлестігімен,

«Мамай – Астана» ЖШС-мен, «Гермес 21 век» ЖШС-мен, «МЕГАПОЛИС-АСТАНА» ЖК-мен, «Koktem-2016» ЖШС-мен, «Delta inc» ЖШС-мен, Ахманова Д.Х. ЖК-мен, «BAYAZIT Life» ЖШС-мен, «Общество инвалидов «ар-Рохим» қоғамдық бірлестігімен, «Тараз оқу-өндірістік кәсіпорны» мекемесімен, «Қазақ саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігімен, «GrandCorp (ГрэндКорп)» ЖШС-мен, ӘБЕНОВ ЖК-мен, «Қолғанат-Қарағанды» ЖШС-мен арнайы киімдерді, журналдарды, бланкілерді, полиграфиялық қызметтерді сатып алуға 383,3 млн. теңге сомасына шарттар жасады.

Инвестициялық қызмет

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуат көздерін жаңғыртуға, реконструкциялауға және жаңадан салуға, сондай-ақ энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз етуге және электр қуаты мен жылу энергиясына деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған.

2017 жылдың қорытындысы бойынша күрделі қаржы салымын нақты игеру 72 418 млн. теңгені құрады. Инвестициялық жобаларға 25 177 млн. теңге қаржы жұмсалды. Өндірістік және әкімшілік активтерін жұмыс қал-

пында сақтауға 47 187 млн. теңге қаржы жұмсалды. Өзге қаржылық салымдарға 54 млн. теңге қаражат жұмсалды.

Компания Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін сыртқы заемдар мен облигациялар секілді түрлі инструменттерді пайдаланады, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар нысандарды қаржыландыру үшін Республикалық бюджеттен бөлінетін ақшалай қаражатты пайдаланады.

Атауы	Өлшем бірлігі	Қорытындысы бойынша өсіп отырған есепті кезең			2016 ж. қарай пайызы
		кезеңдегі жоспар	нақты	% ара қатысы	
Дамытуға жұмсалған жалпы шығыс (инвестициялар)	тыс. теңге	83 934 159	71 777 276	86%	91%
Оның ішінде:					
қарыздар	тыс. теңге	31 697 628	8 195 691	26%	
Мембюджет қаражаты	тыс. теңге	2 498 300	6 600 625	264%	
компанияның өз қаражаты	тыс. теңге	49 738 232	56 980 961	115%	

«Самұрық-Энерго» АҚ миссиясына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында энергия қорларының сенімді және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету, акционерлік капитал құнын арттыру және «Самұрық-Энерго» АҚ

бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету мақсатында 2008-2017жж. Төмендегідей инвестициялық жобалар жүзеге асырылды:

№	Жоба атауы	Жоба құны, млн. теңге
1	Шарын өзенінде Мойнақ ГЭС құрылысын салу	54 128,7
2	Екібастұз ГРЭС-1 қуатын кеңейту және қайта жаңарту (№8 блокты қайта қалпына келтіру)	26 294
3	Екібастұз ГРЭС-1 қуатын кеңейту және қайта жаңарту (№2 блокты қайта қалпына келтіру)	68 716
4	«Азиада-2011» нысандарын электрмен жабдықтау үшін 4 қосалқы станция салу (Ерменсай ҚС, Медеу, ҚазМУ, Шымбұлақ ҚС)	18 357
5	Метрополитен мен ИТП АЭА аймағын электрмен жабдықтау үшін 5 қосалқы станция салу және қайта жаңарту (Отырар, Новая №16, Алатау, Кеңсай (Бесағаш), Топливная ҚС)	38 253
6	Алматы қаласы ТҚШ нысандарын электрмен жабдықтау үшін 3 қосалқы станция салу (Новая 3А, Мамыр, Алтай ҚС)	7 488
7	Алматы ЖЭО-2 нысанын қайта жаңарту және кеңейту, III кезек. Бойлерная	13 212
8	Алматы ЖЭО-2 күл-қож қалдықтарын жоюдың аралас жүйесін қайта жаңарту	7 593
9	Қуаты 2 МВт болатын СЭС құрылысы, Қапшағай қ.	1 684
10	Ерейментау қаласы ауданында келешекте қуатын 300 МВт-ға дейін арттыру мүмкіндігі бар қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу	19 495
11	Алматы ЖЭО-2 қайта жаңарту және кеңейту, III кезек. №8 қазандық агрегаты	25 699
12	Екібастұз ГРЭС-1 станциясында АТҚ-500 нысанын қайта жаңарту	18 132

«Богатырь» Екібастұз көмір кеніші кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, сапасын тұрақтандыру және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу» жобасы

Жоба «Богатырь» учаскесін көмір өндірудің циклді-үздіксіз технологиясына кезең-кезеңмен көшуді және конвейерлік көлікте орта есеппен алу қоймаларына кейіннен жер үсті комплексіне жүктеу арқылы жеткізуді көздейді. Жобаны іске асыру қажеттілігі темір жол көлігін пайдалану тиімді болмайтын кен жұмыстарының тереңдігіне қол жеткізумен байланысты. Жобаны жүзеге асыру Богатырь кенішінің өндірістік қуатын жылына 32 миллионнан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға, кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыруға, көмір өндірудің өндірістік құнын төмендетуге және кәсір тасымалдау мен тиеу жабдықтарын жаңартуға мүмкіндік береді.

«Придорожное» газ кен орнын игеру» жобасы

Жоба ішкі және сыртқы нарыққа сату мақсатында табиғи газды өндіруді жүзеге асыру үшін инфрақұрылым жүйесін

салуды көздейді. Жоба аясында сондай-ақ «Придорожное» кен орнынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырына дейін жоғары қысымды газ құбырының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр.

Жоба мақсаты ҚР Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи газға деген тапшылығын жабу болып табылады, бұл ретте газ өндірудің жылдық жоғары мөлшері 290 млн. м³ болады деп күтілуде.

«Шардара СЭС-ін қайта жаңарту» жобасы

Жоба станция жұмысының өнімділігі мен пайдаланылу қауіпсіздігін арттыру үшін моральдық және табиғи тұрғыдан тозған жабдықтарды ауыстыруды көздейді, соның нәтижесінде станцияның белгіленген қуатын 126 МВт-ға арттыра отырып, жылына қосымша 57 млн кВтсағ. электр энергиясын өндіру мүмкіндігі пайда болады.

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы

Балқаш көлінің жағасында қуаты 1320 МВт болатын жылу электр станциясын салу жылына 10 млрд.кВтсағ. электр

энергиясын өндіріп, Қазақстанның Оңтүстік аймағының электр энергиясына деген қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді.

«Қапшағай қ. қуаты 2 МВт-тық күн электр станциясының белгіленген қуатын 416 кВт-қа ұлғайту» жобасы

Жоба Қапшағай қ. қуаты 2 МВт-тық қолданыстағы күн электр станциясының белгіленген қуатын 416 кВт-қа ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жобаны жүзеге асыру жылына қосымша 0,5 млн. кВтсағ. электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

Жоба мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану отырып, оңтүстік аймақтағы энергия тапшылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасында Қытай Халық Республикасы Үкіметіне өтеусіз көмек ретінде техникалық жәрдем көрсетуі туралы қой қойылған келісім аясындағы жоба

Жоба Алматы қ. «ИТП Алатау» АЭА аумағында қуаты 1 МВт күн электр станциясын салуды және Алматы облысының Шелек ауданында қуаты 5 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Бұл ретте қытайлық тарап осы нысандарға жабдықтардың жеткізілуін, салынуын, құрастырылуын және пайдалануға тапсырылуын өтеусіз негізде жүзеге асырады.

Жоба мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану отырып, оңтүстік аймақтағы энергия тапшылығын қамтамасыз ету болып табылады.

«Екібастұз ГРЭС-2-ні №3 энергия блогын сала отырып кеңейту және қайта жаңарту» жобасы

Жоба №3 энергия блогын сала отырып станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-қа ұлғайтуды және жылына қосымша 4,8 млрд. кВтсағ. электр энергиясын өндіруді көздейді.

Екібастұз ГРЭС-1 қуатын қайта жаңарту және кеңейту (№1 блокты қалпына келтіру)

Жоба Қазақстан мен Ресейдегі электр энергиясына деген өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1-дегі қуаты 500 МВт-тық №1 энергия блогын қалпына келтіруді көздейді.

110/10 кВ-тық «Түрксіб» ҚС құрылысы

Жоба бойынша тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында Алматы қ. Түрксіб ауданында орналасқан 110/6 кВ-тық «Завод 20 лет Октября» ҚС орнына трансформаторлық қуаты 80 МВА (2x40) болатын жаңа Түрксіб станциясын салу көзделіп отыр.

Қарасай ауданында іргелес жатқан 35/10кВ ҚС-ның жүктемесін ауыстыра отырып, Шамалған ҚС (Үшқоңыр) салу арқылы электр желілерін дамыту

Жоба тұтынушыларды электрмен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру мақсатында Алматы облысы Қарасай

ауданының Үшқоңыр ауылында трансформаторлық қуаты 50 МВА (2x25) болатын 110/10 кВ ҚС салуды көздейді.

220 кВ Горный Гигант ҚС-ның жүктемесін кейіннен Горный Гигант ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ Ерменсай ҚС-ға ауыстыру

Жоба Горный Гигант қосалқы станциясы орналасқан жерде болған топырақ көшкіні нәтижесіндегі төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында 220 кВ Горный Гигант ҚС-ның жүктемесін кейіннен Горный Гигант ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ Ерменсай ҚС-ға ауыстыруды көздейді.

«Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Ерейментау қаласы ауданында келешекте қуатын 300 МВт-ға дейін арттыру мүмкіндігі бар қуаты 50 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына 180 млн. кВтсағ. электр қуатын қосымша өндіруге мүмкіндік береді.

Жоба мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту болып табылады.

Алматы 1-2-3 ЖЭО, «АлЭС» АҚ нысандарына газ тарту

Қолданыстағы Алматы ЖЭО нысандарын жаңғырту жобаларын жүзеге асырудағы негізгі мақсат «АлЭС» АҚ энергия көздерінен Алматы қаласы мен Алматы облысының экологиясына келетін жағымсыз әсерді төмендету болып табылады.

04

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Компания корпоративтік басқару жүйесінің маңыздылығын түсінеді және Қор Басқармасының 2015 жылғы «27» мамырдағы №22/15 шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің талаптары мен ұсынымдарына сай болуға ұмтылады. Ашықтықты, бақылау мен өкілеттіктерді шектеуді арттыру мақсатында Компанияда үш деңгейлі басқару жүйесі жұмыс істейді. Таңдап алынған модель осы деңгейлердің әрқайсысында корпоративтік басқарудың дұрыс құрылған процестері есебінен компания қызметінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ түрлі тәуекелдерді дер кезінде табуға әрі оларды тиімді басқаруға жағдай туғыза отырып, олардың алдын алуға мүмкіндік береді.



*Компанияның 100% акциясы
«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» тиесілі*



Акционер

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100 % акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі (www.sk.kz).

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және оған құрметпен қарауға келіп тіреледі, ол адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілеу арқылы Компанияны басқарады.

Сондықтан Компания қызметтің ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуының өсуін қамтамасыз ету арқылы Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға ұмтылады.

Сөйтіп, Компания қызметінің қорытындылары бойынша, 2017 жылы жарияланған бағалы қағаздардың жалпы саны 8 602 187 данаға, орналастырылғандар саны – 5 601 687 данаға жетті. Бір жай акцияның номинал құны 842 теңгені құрады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Дивидендтік саясатына сәйкес, Жалғыз акционердің 25.07.2017ж. №14/17 хаттамасының шешімі негізінде 2016 жылдың қорытындысында жай акциялар бойынша 4 704 895 450 теңге мөлшерінде дивидендтер төленді.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі акционерлер үшін құндылықтар жасауды, сондай-ақ шешім қабылдаған кезде барлық мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілігін қаперінде ұстайды. Кеңес Заңнамаға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияның алдындағы өзінің міндеттерін, атап айтқанда, шешім қабылдау барысында акционерлердің ең маңызды мүдделері мен Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуына сәйкес келетін шешімдерді қабылдаған кезде бизнестің табысқа жетуіне жәрдемдесуге қатысты міндеттерді үнемі назарында ұстайды. Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылықты жүзеге асырады және атқарушы органның жұмысына бақылау жасайды.

Біздің стратегиямызды ойдағыдай іске асыру нағыз таланттарды тарту мен оларды сақтап қалуға байланысты. Бұл Директорлар кеңесі құрамы сапасының жоғары болуынан басталады. Теңгерім Кеңес құрамына қойылатын маңызды талап болып табылады, оның үстіне тек атқарушы және атқарушы емес директорлардың санына ғана емес, сонымен бірге тәжірибе, дағдылардың, білімнің, ойлау стилінің аралуандығы тұрғысымен да байланысты.

Директорлар кеңесінің сапалық құрамына қойылатын критерийлер «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидаларымен реттеледі.

2017 жылы Прайсвотерхаускупер сарапшылары корпоративтік басқару рейтингін бағалау аясында Самұрық-Энерго Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігіне талдау жүргізіп, үздік тәжірибелерді ендіру бойынша бірнеше семинарлар өткізді, Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар берді.

31.12.2017ж. жағдай бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы:

- ▶ ДК төрағасы – Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы
- ▶ Басқарма төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі - Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы
- ▶ Жалғыз акционердің өкілі – Рахметов Нұрлан Құсайынұлы
- ▶ Тәуелсіз директор – Спицын Анатолий Тихонович
- ▶ Тәуелсіз директор – Андреас Сторзел
- ▶ Тәуелсіз директор – Лука Сутера
- ▶ Тәуелсіз директор – Хоакин Галиндо Велез

Тәуелсіз директорлар Компанияның мүдделеріне барынша сәйкес келетін объективті шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылады. Тәуелсіз директорларды сайлаудағы негізгі критерий - қандай да бір тараптың ықпалына тәуелсіз объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилік пен дербестіктің болуы. Тәуелсіз директорлар Компанияда үздік әлемдік тәжірибенің стандарттарын қолдану үшін тәжірибелері мен білімдерімен белсенді түрде бөліседі.

2017 жылдың қорытындысы бойынша, Қоғамның тәуелсіз директорлары тәуелсіздік критерийлеріне толық сәйкес келеді.

2018 жылы Жалғыз акционердің шешімімен Бектеміров К.А. мен Сәтқалиев А.М. өз өкілеттіліктерін тоқтатты. Жалғыз акционердің өкілі Айдарбаев А.С. Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

Кеңес өзінің комитеттеріне мәселелер мен қабылданып отырған шешімдерді барынша терең зерттеу және сапалы пысықтау мақсатында тиімді жұмыс істей және лайықты көңіл бөле алуы үшін Кеңестің атынан белгілі бір міндеттерді орындауға өкілеттіктер береді. Компания Директорлар кеңесінің жанында мынадай комитеттер жұмыс істейді: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақы комитеті және Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі деректері төменде келтірілді. Кеңестің әрбір мүшесі бойынша түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz.



Айдарбаев Алик Серікұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүдделерін қорғаушы өкіл

Азаматтық: Қазақстан Республикасының азаматы
Туған күні: 1963 жылы 19 мамыр
Алғашқы сайлау күні: 2018 жылғы 23 сәуір
 Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

Техникалық ғылымдар кандидаты, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің құрметті профессоры
Мұнай-газ саласы, сондай-ақ стратегиялық және корпоративтік басқару саласы бойынша сарапшы



Рахметов Нұрлан Құсайынұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүдделерін қорғаушы өкіл

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Туған жылы: 1965 жылы 24 қыркүйек
Бірінші сайланған уақыты: 2017 жылғы 28 қаңтар
 Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.
Стратегиялық басқару, экономика, қаржы және аудит саласы бойынша сарапшы

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:
 ▶ 2012ж. қазаннан 2016ж. наурызға дейін «Қазмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
 ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл жөніндегі басқарушы директор.



Лука Сутера

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Италия Республикасының азаматы
Туған жылы: 1971 жыл 07 шілде
Бірінші сайланған уақыты: 2012 жылғы 08 мамыр
Аға тәуелсіз директор болып сайланған уақыты: 14.10. 2016 ж. бастап
Қайта сайланды: 2016 жылғы 05 шілде
 Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Мына салалар бойынша сарапшы:

- ▶ Бухгалтерлік есеп, қаржы, аудит, (CPA сертификаты бар)
- ▶ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- ▶ Корпоративтік стратегия
- ▶ Бірігу және жұтылу
- ▶ Инвестициялық баға
- ▶ HR және ұйым
- ▶ Өнімділікті басқару
- ▶ Корпоративтік басқару (IoD UK дипломы бар директор)
- ▶ Компанияларды пайдалануға беру, біріктіру және олардың айналымы.
- ▶ Компанияның ірі ауқымды трансформациялау бағдарламалары.

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- ▶ Nebras Power қаржы тобының вице-президенті, Басқарма мүшесі. (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы).
- ▶ 2011 жылдың сәуірінен Лука Сутера Ресей Тәуелсіз директорлары қауымдастығының мүшесі болып табылады.
- ▶ 2014 жылдың сәуірінен Лука Сутера Британ Директорлар институтының (IoD) мүшесі.
- ▶ 2015 жылғы тамыздан Group Chief Financial Officer Nebras Power, Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы.

Спицын Анатолий Тихонович

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Ресей Федерациясының азаматы
Туған жылы: 1939 жыл 24 мамыр
Бірінші сайланған уақыты: 2012 жылғы 08 мамыр
Қайта сайланған уақыты: 2016 жылғы 05 шілде
 Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы; Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.
Экономика, қаржы, басқару және стратегиялық даму саласы бойынша сарапшы

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖФА) толық мүшесі, КСРО және РФ Архитекторлар одағының мүшесі.

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- ▶ Қазіргі кезде РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы экономика және қаржы қоғамдық секторының профессоры, Еуразия Экономикалық Қоғамдастығы Интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеулер институтының директоры.
- ▶ Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Халықаралық инвестициялар академиясының бірінші вице-президенті, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры, «KEGOC» АҚ Тәуелсіз директоры.

Андреас Сторзел

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Германия азаматы
Туған жылы: 1963 жыл 12 қазан
Бірінші сайланған күні: 2016 жылғы 05 шілде
 Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі.

Корпоративтік басқару, стратегия, қаржы, бірігу, сатып алу және инвестициялар саласындағы сарапшы

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- ▶ 2014 жылдан бастап қазіргі кезге дейін – Innogy Middle East & North Africa бас атқарушы директоры, Дубай, БАӘ
- ▶ 2012 жылдан 2014 жылды қоса алғандағы мерзімде RWE Middle East Ltd бас директоры, Дубай, БАӘ.





Хоакин Галиндо Велез

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Испания азаматы

Туған жылы: 1957 жыл 27 тамыз

Бірінші рет сайланған уақыты: 2017 жылғы 28 қаңтар

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Бизнесті басқару және экономика, өндіру және жобалау бойынша сарапшы

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- ▶ Латын Америкасының Аргентина, Бразилия, Колумбия, Чили және Перуде жұмыс жасайтын жетекші өндіруші компаниясының (16,000 МВт) бас атқарушы директоры.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны				
	2017	2016	2015	2014
Отырыстар саны	11	11	8	11
Тікелей нысанда	9	7	8	9
Сырттай нысанда	3	4	0	2
Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы				
	2017	2016	2015	2014
Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы	100%	100%	100%	100%
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	100%	100%	100%	100%
Лука Сутера	100%	100%	100%	100%
Спицын Анатолий Тихонович	100%	100%	100%	100%
Андреас Сторзел	100%	100%		
Хоакин Галиндо Велез	100%			
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	100%			

2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 11 отырыс өткізді, оның 9-ы тікелей, 3-еуі сырттай нысанда. Отырыстар аясында 151 мәселе қаралды. Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде Тәуекелдерді басқару және оларды мейлінше азайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептерді, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанушылық саласындағы жұмыс туралы есептерді, Корпоративтік басқаруды жетілдіру және Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті, Компанияның инвестициялық жобалар бойынша инвестицияны игеру туралы есептерін, «Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асырудың Жол картасының орындалуы

бойынша есептерді, Компанияның Шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігін қарады.

Сонымен қатар, активтерді жекешелендіру туралы мәселелер қаралды, Қоғам Жарғысына енгізілетін толықтырулар алдын ала келісілді, Компанияның Омбудсмені тағайындалды, Компанияның бюджеті бекітіліп, Даму жоспарын орындау бойынша мәселелер талқыланды. Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру және оның қызметінің басқа да бағыттары бойынша құжаттар бекітілді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма Төрағасы сыйақы алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы, сондай-ақ комитет мүшесі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға оның тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілген Қоғамның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты (жол жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар) шығыстары өтеледі.

Тәуелсіз директорларға 2017 жылы төленген сыйақы

Тәуелсіз директорлар	Төленгені
Спицын Анатолий Тихонович	
АҚШ доллары	74 287
Теңге	24 293 849
Sutera Luca	
АҚШ доллары	74 287
Теңге	24 074 576
Storz Andreas	
АҚШ доллары	74 287
Теңге	24 127 866
Joaquin Galindo Velez	
АҚШ доллары	64 864
Теңге	21 172 096
БАРЛЫҒЫ:	
АҚШ доллары	287 725
Теңге	93 668 387

Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс қорытындылары бойынша есеп

Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны				
	2017	2016	2015	2014
Аудит комитеті	48	43	33	47
Тағайындаулар және сыйақы комитеті	40	37	28	32
Стратегиялық жоспарлау комитеті	30	19	15	15

Аудит комитеті

Аудит комитеті Жалғыз акционердің мүддесін көздеп, іс-қимыл жасайды, оның жұмысы өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне мына мәселелер бойынша жәрдемдесуге бағытталған:

1) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеу, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- 2) ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету процесіне бақылау жасау бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 4) қызметінің ауқымы мен түрі теңдес келетін қазақстандық және шетелдік компаниялардағы Ішкі аудит қызметі басшыларына сыйақы беру деңгейі мен саясатына салыстырмалы талдау жүргізу.

Комитет құрамы:

Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Аудит комитеті отырыстарының саны				
	2017	2016	2015	2014
Отырыс саны	9	8	10	10

Аудит комитеті отырыстарының саны				
	2017	2016	2015	2014
Тікелей нысанда	9	8	10	10
Сырттай нысанда	0	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

Негізгі қаралған мәселелер:

Есептерді тоқсан сайын талқылау және алдын ала мақұлдау: Қоғамның «Самұрық-Қазына» АҚ тобында қаржылық есептілікті дайындау процесіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі бірыңғай іс-шаралар жоспарын орындау туралы; Корпоративтік басқару кодексі қағидаттары мен ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы; Қызметтің жұмысы туралы, сипаттамасы мен негізгі тәуекелдерге жа-

салған талдауы бар тәуекелдерді, сондай-ақ тәуекелдерді мейлінше азайту жоспарлары мен бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мәліметтерді басқару туралы есеп.

Киберқауіпсіздікке байланысты тәуекелдерге **бағалау жүргізілді**, сыртқы аудитордың тәуелсіздігі мен объективтілігі бағаланды.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады. Комитет әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдар болып саналады. Қызметтің негізгі бағыттары:

1) Компанияның ішкі құжаттарының ережелерін ескере отырып, Директорлар кеңесіне Тәуелсіз директорларға, Басқарма құрамына, Корпоративтік хатшыға үміткерлер сайлау мен тағайындау бойынша ұсынымдары әзірлеу және ұсыну;

- 2) Директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға Компанияның мақсаттарына, міндеттеріне, ағымдағы жағдайына және қызмет ауқымы мен түрі бойынша осы тектес компаниялардағы сыйақы беру деңгейіне сәйкес, сыйақы беру бойынша ұсынымдар;
- 3) Директорларға, Басқарма мүшелеріне және Корпоративтік хатшыға сыйақы берудің құрылымдалған және ашық жүйесін ендіру бойынша ұсынымдар.

Комитет құрамы:

Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны				
	2017	2016	2015	2014
Отырыс саны	9	11	9	9
Тікелей нысанда	9	11	9	9
Сырттай нысанда	0	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

Негізгі қаралған мәселелер:

Есепті кезеңде **Директорлар кеңесіне** «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «АЖК» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС Байқаушы кеңестеріне/Директорлар кеңесіне мүшелер **сайлау мәселелері бойынша ұсынымдар** берілді.

Мына лауазымдарға: «Казгидротехэнерго» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Ereymtau Wind Power» ЖШС, «Energy Solution Center» ЖШС бас директорлары, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының құрамы бойынша **ұсынымдар берілді**.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жетекшісінің және корпоративтік хатшының қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндері, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жетекшісінің және корпоративтік хатшының қызметінің ынталандыру НҚҚ **қаралды**.

Job matching кейбір мәселелері, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы берудің тиімді саясатын бағалау, «Самұрық-Энерго» АҚ негізгі лауазымдарына байланысты сабақтастықты жоспарлаудың тиімді процесін бағалау нәтижелері, сондай-ақ өзге мәселелер **талқыланды**.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитеті Компания қызметінің басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын әзірлеу, Компанияның орнықты даму жүйесін басқару, инвестициялық жобаларын, ұзақ мерзімді перспективада

Компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, шеберлік-жоспарларын іске асыру мәселелері бойынша ұсынымдар беру үшін құрылған.

Комитет құрамы:

- ▶ Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы.
- ▶ Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.
- ▶ Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.
- ▶ Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны				
	2014	2015	2016	2017
Отырыс саны	8	9	6	7
Тікелей нысанда	8	9	6	7
Сырттай нысанда	0	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

Негізгі қаралған мәселелер:

Тоқсан сайын мынадай есептерді қарау: қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанушылық саласындағы жұмыс туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқаруды жетілдіру және 2016-2017 жылдарға арналған Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асыруда Жол картасының орындалуы туралы, Акционердің болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың игерілуі, стратегиялық НҚК-ні бекіту және оның орындалуын кейіннен бақылау туралы есептер.

2015 – 2025жж. арналған Стратегиясының кейбір мәселелерін **қарау және өзектендіру.**

Атқарушы орган

Басқарма – Компанияның алқалық атқарушы органы. Атқарушы орган Компанияның күнделікті қызметіне басшылық жасайды және оның стратегияға, даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

31.12.2017ж. Басқарманың құрамы

1. Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы
2. Мақсұтов Қайрат Берікұлы
3. Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы
4. Огай Алексей Владимирович
5. Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы
6. Оспанов Ерсайын Ерікұлы
7. Балтабаев Асқар Қуатбайұлы

2018 жылы жалғыз акционердің шешімімен Жуламанов Б.Т. Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарын **бекіту**, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды іске асыру тиімділігін бағалау.

«Алматы энергия кешеніне газ жүргізу, Алматы 2-ЖЭО-ны қоршаған ортаға тигізетін әсерді мейлінше азайта отырып, жаңғырту», «Алматы энергия кешеніне газ жүргізу, Алматы 1-ЖЭО-ны газ-турбиналық технологиялар базасында жаңа энергия көзін орната отырып кеңейту» жобасының инвестиция алды кезеңі, «АлЭС» АҚ ЖЭО-2-ЗТК жылу магистралін қайта құру, «АлЭС» АҚ Алматы 3-ЖЭО-ны қайта құру» жобасының инвестиция алды кезеңі **мақұлданды.**

Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік критерийлері Қоғамның Директорлар кеңесінің 14.11.2016ж. (№07/16 хаттама) шешімімен бекітілді және Қоғамның ұйымдық құрылымына сәйкес стратегиялық мақсаттарды, бизнес-процестерді, міндеттемелерді және жауапкершіліктерді басқарудың, үйлестірудің тиімділіктерін арттыру талаптарына сәйкес келеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 14 қазандағы (№07/16 хаттама) шешімімен бекітілген Компанияның басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйлықақы беру қағидаттарына (бұдан әрі - Қағидат) сәйкес жүргізіледі.

Қағидаттар басқарушы қызметкерлер жұмыстарының нәтижелілігіне байланысты Компания мен оның акционерлерінің мүдделеріне жауап беретін тапсырмаларды орындауы мен өзара іс-қимыл жасауына орай сыйлықақы мөлшерінің өзара тәуелділігі қағидаттарына құрылды.



**Жоламанов Бақытжан
Төлеужанұлы**

Басқарма Төрағасы

1966 жылы 23 желтоқсанда туды
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта
танысуға болады:
www.samruk-energy.kz



**Молдабаев Қаныш
Тәңірбергенұлы**

Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1963 жылы 23 қазанда туған
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта
танысуға болады:
www.samruk-energy.kz



**Огай Алексей
Владимирович**

Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1970 жылы 1 желтоқсанда туған
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта
танысуға болады:
www.samruk-energy.kz



**Түйтебаев Серік
Сүйінбекұлы**

Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшелері

1958 жылғы 27 мамырда туған
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта
танысуға болады:
www.samruk-energy.kz

Басқарманың есебі

2017 жылы Компания Басқармасының 19 тікелей отырысы өткізілді, онда 344 мәселе қаралды.

Қоғам Басқармасы мынадай ең маңызды шешімді қабылдады:

- ▶ «Самұрық-Энерго» АҚ жасалуына мүдделі мәміле ретінде SAP бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын жалға беру бойынша қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу туралы шартын жасау туралы;
- ▶ «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жаңа ұйымдық құрылымының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуіне бағалау жүргізу туралы (Job matching);
- ▶ Менеджмент жүйесінің жұмысы туралы;
- ▶ «Самұрық-Энерго» АҚ штаттық кестесін жаңа редакцияда бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018-2022жж. арналған Даму жоспарын мақұлдау туралы;
- ▶ «МЭБК» АҚ акцияларын сатудың кейбір мәселелері туралы;
- ▶ Газтурбиналық технологиялар негізінде жаңа энергия көзін орната отырып, «Алматы энегия кешенін газдан-

дыру. «АлЭС» АҚ-ның 1-ЖЭО-ны кеңейту» жобасын іске асыруды мақұлдау туралы;

- ▶ «Алматы энегия кешенін газдандыру. Қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайта отырып, «АлЭС» АҚ-ның 2-ЖЭО-ны жаңғырту» жобасының инвестиция алдындағы кезеңін мақұлдау туралы;
- ▶ «АлЭС» АҚ-ның 2-ЖЭО ТЖК жылу магистралін қайта құру» жобасының инвестиция алдындағы кезеңін мақұлдау туралы;
- ▶ «АлЭС» АҚ-ның 3-ЖЭО-ны қайта құру» жобасының инвестиция алдындағы кезеңін мақұлдау туралы;
- ▶ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Стратегиялық және орта мерзімді жоспарлау стандартын бекіту туралы.

Қоғам Басқармасы отырыстарының саны			
	2017	2016	2015
Отырыстар саны	19	27	18
Тікелей отырыстар үлесі	100%	100%	100%
Қарастырылған мәселелер саны	344	430	356

Басқарма Комитеттері

Қазіргі уақытта Басқарма Компания Басқармасының жаңынан сарапшылардың Басқарма мүшелеріне ең қиын тапсырмаларды шешуге көмек көрсетуі үшін құрылған мынадай консультативтік-кеңес органдары жұмыс істейді.

Барлық комитеттер Компания Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес Басқарма берген құзырет аясында әрекет етеді.

Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті

Комитет Компанияның тәуекелдерін, менеджмент жүйесін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауда Басқармаға көмек көрсетеді, жұмысын және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, қадағалауға, бақылауға тартылған процестердің дамуын қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі бақылау мен менедж-

мент жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ оны тиімді қолдау бойынша ұсыныстарды, ұсынымдарды әзірлейді. Комитет осы салалардағы жұмысты үйлестіруге бақылау жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2017 жылғы есеп	
Отырыстар саны	4
Қарастырылған мәселелер саны	13
Қатысуы, %	100
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Активтерді сату процесі бойынша тәуекелдер матрицасын және бақылауларды алдын ала мақұлдау туралы	
Негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2016 жылғы 4-тоқсандағы, 2017 жылғы 1-, 2- және 3-тоқсандағы тәуекелдерді мейлінше азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтері бар Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті алдын ала мақұлдау туралы	
«Самұрық-Энерго» АҚ Тәуекелдер мен қаржылық есептілікті дайындауды бақылау матрицасын алдын ала мақұлдау	
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылға арналған Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру жөніндегі жоспарын бекіту туралы	
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018 жылға арналған шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімін, шоғырландырылған Тәуекелдер картасын, әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтай отырып, Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Негізгі тәуекелдік көрсеткіштерінің паспорттарын алын ала мақұлдау туралы	
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018 жылға арналған тәуекел-тәбетін алдын ала мақұлдау туралы	

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Қоғам мен еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру, олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру.

Негізгі мақсатты іске асыру үшін Комитет мына функцияларды атқарады:

- 1) Даму жоспарларының жобаларын қарастыру және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- 2) есептік кезең үшін негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарастыру және ұсыныстар әзірлеу;
- 3) есептік кезең үшін қаржылық есептілікті бекіту туралы мәселені қарастыру;
- 4) аяқталған қаржылық жылдағы таза табысты үйлестіру және дивидендтердің мөлшері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 5) қызмет тиімділігін арттыру мәселелерін қарастыру және ұсыныстар әзірлеу.

2017 жылғы есеп	
Отырыстар саны	39
Қарастырылған мәселелер саны	79
Қатысуы, %	100
Негізгі мәселелер	Түзетулерді ескере отырып, Қоғам ЕТҰ-лардың 2018-2022 жылдарға арналған даму жоспарларын қарастыру
Қоғамның корпоративтік орталығының 2017 жылға арналған даму жоспарына түзетулерді келісу	
Қоғам ЕТҰ-ларының Даму жоспарларын орындағаны туралы есептері	

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес төмендегі бағыттар бойынша ұсыныстар әзірлейді:

- 1) инвестициялық және инновациялық қызмет мәселелері бойынша ішкі құжаттарды мақұлдау, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыру, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлеу

- 2) Компанияның басқа заңды тұлғаларының акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, Инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру
- 3) жобалардың негізгі параметрлерін түзету, ғылыми-техникалық жетістіктер мен халықаралық көшбасшы компаниялардың озық тәжірибесін пайдалану, инновациялық сипаттағы тапсырмаларды шешу.

2017 жылғы есеп	
Отырыстар саны	6
Қарастырылған мәселелер саны	31
Қатысуы, %	90
Негізгі мәселелер	«Алматы энергия кешенін газдандыру. «АлЭС» АҚ-ның ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға тигізетін әсерді мейлінше азайта отырып жаңғырту» жобасының инвестиция алды кезеңін мақұлдау туралы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның «Станцияның №3,4,5,6,7,8 энергия блоктарында турбиналарды жаңғырту» жобасын мақұлдау туралы «Қарасай ауданында маңайындағы 35/10кВ ҚС-лардың жүктемелерін көшіру арқылы «Шамалған» (Үшқоңыр) 110/10кВ ҚС-ны салу арқылы электр желілерін дамыту» жобасын одан әрі іске асыруды мақұлдау туралы

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Комитеттің мақсаты Компанияның уақытша бос ақша қаражатын (УБАҚ) орналастыру туралы инвестициялық шешімін алдын ала мақұлдаумен байланысты мәселелер бойынша шешімдердің уақытылы және сапалы қабылдануын қамтамасыз ету болып табылады. Комитет қаржылық активтерге қатысты ұсыныстардың әзірленуін, оның ішінде ақшаны қаржылық құралдарға инвестициялауды жүзеге асырады, құралдарды орналастырған кезде

жоспарлы және нақты іс жүзіндегі нормативтердің сақталу жағдайына бақылау жасайды. Сонымен бірге, Комитет инвестициялық портфельдің ағымдағы және болжанатын нарықтық жағдайға сәйкес келу мәніне талдау жасайды, тәуекелдерді мейлінше азайту мақсатында оларды хеджирлеу бойынша ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ қазынашылық портфельді қайта инвестициялау, әртараптандыру және жіктеу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2017 жылғы есеп	
Отырыстар саны	6
Қарастырылған мәселелер саны	6
Қатысуы, %	100
Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның уақытша бос ақша қаражатын орналастыру туралы инвестициялық шешімдерді мақұлдау туралы Қолданыстағы депозиттік шарттарды ұзарту туралы Банктік салымдар шарттарын мерзімнен бұрын бұзу туралы және басқа да мәселелер

Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ-ның кредит саясатын және Қордың қарызды басқару мен қаржылық тұрақтылық саясатын іске асыру болып табылады.

Осы мақсаттар үшін Комитет:

- 1) кредитті, қаржылық көмекті және кепілді беру туралы өтінімдерді қарастырады, олар бойынша және оларды беру үшін негізгі шарттарды алдын ала белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлейді
- 2) кредит портфелінің лайықты құрылымын және сапасын белгілейді, проблемалық кредиттер бойынша ұсыныстар әзірлейді

2017 жылғы есеп	
Отырыстар саны	7
Қарастырылған мәселелер саны	7
Қатысуы, %	74
Негізгі мәселелер	Мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы Екінші деңгейлі банктермен кредит келісімдерін жасау туралы

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарына сәйкес келуі туралы ақпарат, сондай-ақ әрбір қағидаттың сақтамау себебі туралы түсіндірмелер

Корпоративтік басқару тәжірибесін ендіру бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне негізделеді. Бекітілген Кодекс ЭЫДҰ қағидаттарын, Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ корпоративтік басқарудың озық әлемдік тәжірибелерін ескере отырып әзірленді.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Компанияда Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ендіру бойынша мақсатты және жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

Компания Кодекс қағидаттарын ендіре отырып, Директорлар кеңесінің, атқарушы органның теңгерімділігі мен тиімділігіне, тәуекелдерді басқаруға, ішкі бақылау мен аудитке, сондай-ақ Компанияның орнықты дамуы мен ашықтығына ерекше назар аударады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шаралардың іске асырылуына бақылау жүргізу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Комплаенс қызметі құрылды.

2017 жылдан бастап Қор тобында ақпаратты жинақтайтын, өңдейтін, Қор мен Қоғамға жолдайтын тәуелсіз ұйым – Делойт компаниясын тарту арқылы шағымдарды құпия қарастыру механизмі ендірілді. «Жедел желіге» қоңырау шалуға, электрондық поштаға хат жолдауға болады, үш тілдегі (қазақ, орыс және ағылшын) қажетті мәліметтері бар стендтер Қордың әрбір еншілес ұйымында орналасқан. Ақпарат тіркеледі, шоғырландырылады және Қоғамға жолданады, сондай-ақ өтініштердің мазмұны бойынша ІАҚ, Омбудсмен және Комплаенс қызметіне үйлестіріледі.

Компанияның сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның листингтік ережелеріне сәйкес, стейкхолдерлердің мүдделерін қозғайтын барлық ақпарат көрсетіледі. Ақпарат уақытылы орналастырылады. Компания ҚЕД және KASE интернет ресурсында «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңдарды және Қоғамның ІНҚ-ны сақтау аясындағы корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты орналастырады.

Компания өз қызметінде Корпоративтік басқару кодексiнiң талаптары мен ұсыныстарын орындайды, ерекшелiктер:

Кодекс ереже-сiнiң №	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтiк басқару кодексiнiң қағидаттары	Ишiнара сақталады	Кодекс ережелерiнiң сақталу/сақталмауы туралы ақпарат
1-тарау. Үкiмет Қордың акционерi ретiнде			
2	<p>Қазақстан Республикасының Үкiметi Қордың жалғыз акционерi болып табылады.</p> <p>Қор мен ұйымның негiзгi стратегиялық мiндетi – ұзақ мерзiмдi құнының өсуi және Қордың орнықты дамуы болып табылады, бұл Қор мен компаниялардың даму стратегиясында көрсетiледi. Қабылданатын барлық шешiмдерi мен әрекеттерi даму стратегиясына сәйкес келуi тиiс.</p> <p>Қор мен компанияларда активтердiң оңтайлы құрылымы құрылуы тиiс. Қор мен компаниялар өз активтерiнiң құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша жеңiлдетуге тырысуы тиiс.</p> <p>Ұйымдар қызметтерiн өзiнiң негiзгi (бейiндi) қызметiнiң аясында жүзеге асырады.</p> <p>Қызметтiң жаңа түрлерiн жүзеге асыруға аталған нарықта бәсекелес жоқ немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестiң дамуына ықпал етедi деген шартпен жол берiледi.</p> <p>Қор ұйымдарында бақылау акцияларының (қатысу үлесiнiң) болуы мен оларды сақтау ұсынылады.</p>	Ишiнара сақталады	<p>2015 жылғы 15 қазандағы Директорлар кеңесi «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2025 жылға дейiнгi кезеңге арналған Ұзақ мерзiмдi даму стратегиясын бекiттi, оның стратегиялық мақсаттары мыналар болып табылады: қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенiмдi және бәсекеге қабiлеттi жеткiзiлуiн қамтамасыз ету; бизнестiң әлеуметтiк жауапкершiлiгiн, орнықты дамуын қамтамасыз ету; акционерлiк капиталдың құнын арттыру.</p> <p>Қабылданатын барлық шешiмдер мен қызметтер Стратегияға сәйкес келедi. Стратегияның iске асырылуын мониторингiлеу мақсатында Компанияның Директорлар кеңесi және Басқармасы стратегиялық сессияларды өткiзедi, олардың барысында қызметтiң негiзгi бағыттары, мiндеттерi, проблемалық мәселелер, тәуекелдер, түзету шаралары талқыланады. Компанияның инвестициялық қызметi Стратегияны iске асыру аясында жүзеге асырылады.</p> <p>Қоғамның компаниялар тобына әртүрлi ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды ЕТҰ-лар кiредi: акционерлiк қоғамдар мен жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiктер.</p> <p>Кодекс «Қор мен компанияларда активтердiң оңтайлы құрылымы құрылуы тиiс. Қор мен компаниялар өз активтерiнiң құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша жеңiлдетуге тырысуы тиiс» деп ұсынады.</p> <p>Стратегияға сәйкес, сондай-ақ «Жекешелендiрудiң 2016-2020 жылдарға арналған кейбiр мәселелерi туралы» Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына сәйкес, активтердiң мақсатты құрылымына қол жеткiзу үшiн Қоғам белгiленген активтердi сату шараларын жүргiзедi. Сатылатын активтердiң жалпы саны – 6.</p>

Кодекс ереже-сiнiң №	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтiк басқару кодексiнiң қағидаттары	Ишiнара сақталады	Кодекс ережелерiнiң сақталу/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесiнiң және атқарушы органның тиiмдiлiгi			
5	<p>Директорлар кеңесiнiң құрамында тәжiрибесi, жеке басының сипаттамалары мен гендерлiк құрамы бойынша әртүрлiлiктi қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесiнiң қабылданатын шешiмдерiнiң тәуелсiздiгiн және барлық акционерлерге әдiл қарым-қатынастың болуын қамтамасыз ету үшiн тәуелсiз директорлар жеткiлiктi мөлшерде кiруi тиiс. Компанияның Директорлар кеңесiнiң құрамындағы тәуелсiз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесiнiң жалпы сандық құрамының елу пайызын құрайды.</p>	Ишiнара сақталады	<p>Директорлар кеңесiнде гендерлiк құрам бойынша әртүрлiлiк жоқ.</p>
7	<p>Директорлар кеңесi Директорлар кеңесiнiң жаңадан сайланған мүшелерi үшiн қызметке кiрiспе бағдарламасын және Директорлар кеңесiнiң әрбiр мүшесi үшiн кәсiби даму бағдарламасын бекiтедi. Корпоративтiк хатшы аталған бағдарламалардың iске асырылуын қамтамасыз етедi.</p>	Ишiнара сақталады	<p>Қоғамда Директорлар кеңесiнiң жаңадан сайланған мүшелерi үшiн Қызметке кiрiспе бағдарламасы әрекет етедi. Сонымен қатар, аталған бағдарламаның орындалуын мониторингiлеу механизмiн ендiру мақсатында 2016 жылы ол аталған рәсiм рәсiмдеу бөлiгiнде өзектендiрiлдi. Корпоративтiк хатшы Директорлар кеңесiнiң жаңадан сайланған мүшелерiнiң Қызметке кiрiспе бағдарламасынан өтудi қамтамасыз еттi. Кәсiби даму бағдарламасы Директорлар кеңесiнiң тек кейбiр мүшелерi үшiн бекiтiлдi.</p>

Корпоративтiк басқару кодексiнiң қағидаттары мен ережелерiнiң сәйкестiгi туралы толық есеппен мына сайтта танысуға болады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements>.

05

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Компания еліміздегі аса ірі энергетикалық холдинг ретінде өзінің мемлекет экономикасына, қоршаған орта мен социумға тигізетін ықпалының маңызын жете түсінеді. Компанияда орнықты даму қағидаттарын үздіксіз сақтау жүйесі ендірілді, мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімі сақталады, басқаруда тәуекелге бағдар ұстаған тәсіл қолданылады, ол ұзақ мерзімді келешекте құнды тұрақты өсіруге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін болады.

Тәуекелге бағдар ұстаған басқаруды ұйымдастыру, сыртқы және ішкі ортаның өзгеруіне дер кезінде жауап қайтару, сондай-ақ тәуекелдерді іске асырған кезде орын алуы мүмкін шығындарды азайту мақсатында «Самұрық-Энрего» АҚ компаниялар тобында 2010 жылдан бастап тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін ендіру және жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін ендіру және жетілдіру компания тобының стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуінің қажетті шарты және таяу келешектегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Алғашқы қадамдардың бірі Компанияда тәуекел-мәдениетті арттыру үшін тәуекелдерді басқару бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу болып табылады, Компанияның негізгі қызметкерлеріне арнап тәуекелдерді басқару саласында оқыту семинарлары өткізілді.

2011 жылдан бастап жыл сайын сыртқы және ішкі қызмет факторларына байланысты Тәуекелдер тіркелімі мен Тәуекелдер картасын өзектендіру жүзеге асырылып келеді, олар Компания қызметіне тән тәуекелдердің толық тізбесінен тұрады және ықтималдылық пен әсер ету критерийлері бойынша олардың маңыздылығын, тәуекелді оқиғалардың әсерін азайтуға бағытталған Іс-шаралар жоспарларын графикалық тұрғыдан көрсетеді. Осы мақсаттар үшін тәуекелдердің Компания қызметіне әсер ету маңыздылығын сезіне отырып, 2012 жылы тәуекелдерді басқаруға жауапты дербес құрылымдық бөлімше, Басқарма жанында Тәуекелдер комитеті құрылды, ішкі бақылау жүйесін ендіру бойынша жұмыстар басталды, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша одан әрі жетілдіруге қатысты ұсынымдар алынды.

Еншілес және тәуелді ұйымдарда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауға жауапты бөлек құрылымдық бөлімшелер құрылды, тәуекелдерді басқару бойынша ішкі нормативтік құжаттар




*Компания барлық мүдделі
тараптардың мүдделері мен
қажеттіліктерін ескереді*

әзірленді, негізгі тәуекелдерді басқару бойынша Тәуекелдер тіркелімдері, Тәуекелдер карталары мен Іс-шаралар жоспарлары жасалды.

Компания 2017 жылы 14 негізгі тәуекелді (Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын орындалмау тәуекелі, Компанияның адам ресурстарының тәуекелдері, қызметтік міндеттерін орындау барысында қызметкерлердің денсаулығына және өміріне зиян келтіретін өндірістегі жазатайым оқиғалар тәуекелі, ЕТҰ-лардың іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалар мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелі, электр энергиясын сату жоспарының орындалмау тәуекелі, Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекелдер, активтерді сатып алумен, қайта құрумен және сатумен байланысты тәуекелдер, операциялық, инвестициялық, қаржы қызметін жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткіліксіздігі тәуекелі, валюталық

және кредиттік тәуекелдер, тариф белгілеу тәуекелі, сыртқы кредиторларлардың ковенантын және листинг талаптарын бұзу тәуекелдері, активтердің құнсыздану тәуекелі, өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі) сәйкестендірді, оларды іске асыру ықтималдығын, салдарларының ауқымын, сондай-ақ оларға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалады және оларды басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2017 жылғы желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі алдағы жылға арналған Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер картасы мен Іс-шаралар жоспарын, негізгі тәуекел-көрсеткіштер және тәуекел-тәбетін бекітті.

Компания «Үш қорғану бағыты» моделін пайдалана отырып, COSO стандартын ұстанады:



ТБЖЖ үнемі жетілдіріледі, тәуекел-менеджментінің озық тәжірибесі, жаңа реттегіш талаптар, тәуекел-менеджментінің тәжірибесі мен стандарттары ескеріледі, сондай-ақ атқарушы органдарды орын алған тәуекелдер мен оларды басқару туралы тұрақты хабардар етіп отырады.

Компания орнықты дамудың үш құрамдасы (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) тұрғысынан негізгі трендтер мен тәуекелдерге талдау жүргізеді. Басқа елдердің төмен көміртекті экономикаға көшу тәжірибесі зерттеледі, сарапшылармен үнемі энергетика, экология және климаттық өзгерістер бойынша кездесулер өткізіледі.

Компанияның орнықты даму аясындағы негізгі трендтер мен тәуекелдері

Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
Экономикалық аспект		
Электр энергиясын тұтынудың өсу қарқынының баяулауы	Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының азаюы; жаңа қуаттарды енгізудің сұраныстың нақты өсімінен артық жоспарланатын қарқынының жоғары болуы	Активтердің қалыптастырылған портфельін тиімді пайдалану
Бағалардың жаһандық құбылмалылығына қарай өндіретін салалардың дағдарысқа ұшырағыштығына байланысты экономикалық жүйенің тұрақсыздығының өсуі	Жаңа жобаларды қаржыландыруға қол жеткізуді қиындататын дағдарыстардың пайда болу ықтималдығының артуы	Өндіріс тиімділігін жақсарту, қолда бар активтерді жаңғырту
Энергия үнемдеуді арттыру және экономиканың энергия тиімділігінің өсуі	Дәстүрлі түрде өндірілетін электр энергиясына сұраныстың азаюы	Көмірді «таза» көмірдің озық технологияларымен үйлестіре отырып, пайдалану
Экологиялық аспект		
Экономиканы көміртектендіруге бағытталған тренд	Газға, СЭС-ке, АЭС-қа, ЖЭК-пен салыстырғанда көмір өндірісі бәсекелестігінің азаюы	Жаңа жобаларды әзірлеу үшін пайдалы болатын жағдайларда қарыз алу («таза көмір», көмірді жер асты газдандыру, метан өндіру, ЖЭК-өндірісін дамыту); пайдаланылатын отынның сапасын арттыру
Экологиялық заңнамаларды қатайту	Зиянды заттардың рұқсат етілетін шекті концентрациясын қатайту; эмиссиялар үшін төлем мөлшерлемелерін арттыру; суды тұтынуға қойылатын талаптарды қатайту – айналым сумен жабдықтауға көшу, температуралық режимдерді қатайту; қалдықтарды кәдеге жаратуға жұмсалатын шығындар	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
Жергілікті қоғамдастықтардың экологиялық талаптарын көтеру	Жеткілікті кәсіби талдау жасалмаған жағдайда БАҚ-тың экологиялық ақпараттандырудағы белсенділігі, компанияның теріс имиджін қалыптастыру	«Жасыл» көшбасшы және жауапты табиғатты пайдалану субъектісі ретіндегі PR, қоғамның адалдығын арттыру
Әлеуметтік аспект		
Халық санының өсу қарқынының баяулауы	Электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының баяулауы	Мақсатты болған жағдайда экспорттық әлеуетті дамыту
Жоғары білікті мамандарға қажеттіліктің артуы	Тиісті біліктілігі бар мамандардың жеткіліксіздігі, еңбек құнын «озық» арттыру және шығындардағы ЕТҚ үлесінің өсуі	Еңбек өндірісін арттыру; өндіріс сапасын жақсарту; білім беру және мамандарды даярлау сапасын арттыру
Индустриялық сектордағы жұмыс тартымдылығының азаюы	Компаниядағы бос орындарға орналасудағы қиындықтардың артуы	Кадр резервін, Компания ішіндегі лауазымдар сабақтастығын дамыту

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ



Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды тиімді басқару жүйесі ұзақ мерзімді құнды орнықтыру үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және оң беделді қалыптастыруға ықпал етеді. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау әлеуметтік капиталды ұлғайтуға, тәуекелдердің алдын алуға және оларды мейлінше азайтуға, сондай-ақ даму үшін жаңа мүмкіндіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай, сыртқы, сондай-ақ ішкі мүдделі тараптармен сындарлы қатынастарды орнатудың маңызды екенін сезіне отырып, Компания мүдделі тараптармен өзара тиімді іс-қимылды орнатудың бастапқы қағидаттарын АА1000 сериясы стандартының негізінде бейімдеді.

Мәселенің басында «қамтылу» қағидаты тұр, ол ұйымды басқарудың толыққанды процесінде барлық мүдделі тараптардың (қоршаған орта мен келешек ұрпақ сияқты өз пікірін білдіре алмайтын тараптарды қоса алғанда) мүдделері мен сұраныстарын назарға алуды білдіреді. «Қамтылу» аясында мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың үш қағидаты ерекшеленеді: маңыздылық, толықтық және жауап қайтару. Олардың әрқайсысын

қолдану ғана мүдделі тараптармен жан-жақты, өзара пайдалы әрі тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Компанияда Стейкхолдерлер картасы әзірленді. Оның негізінде тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қызығушылықтарын сыйлау мен есепке алу, мүдделі тараптарды үнемі хабардар ету және қабылданған міндеттемелерді уақытылы орындау қағидаттары жатыр.

Мүдделі тараптардың картасын әзірлеген кезде Компания төрт кезеңнен тұратын Әдістемені ұстанды:

АЙҚЫНДАУ

МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ

ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

ГРАФИКАЛЫҚ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАУ

Қазіргі таңда Компанияның мүдделі тараптары халық, қызметкерлер, акционерлер, өнім берушілер, ЕТҰ-лар, кәсіподақтар, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік ор-

гандар, бәсекелестер, қаржылық институттар, қоғамдық бірлестіктер, БАҚ, үлестес тұлғалар, рейтингтік және аудит-торлық компаниялар болып табылады.

Компания өз қызметі аясында мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға/ұйымдарға мүше болып табылады:



ТМД Электр энергетикалық кеңесі
(бұдан әрі - ТМД ЭЭК).

Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. Атқарушы комитет ТМД Электр энергетикалық кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін мемлекетаралық үйлестіруші органы болып табылады. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру процесіне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің параллель жұмыс істеуін қамтамасыз етуге; ортақ электр энергетикасы нарығын құруға, энергетика саласында халықаралық шарттарды, техникалық ережелерді әзірлеуге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді біріздендіру мен үйлестіруге және т.б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді. Компания ТМД ЭЭК өткізетін ашық отырыстарға, жұмыс топтарының отырыстарына, семинарларға қатыса алады.



Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы (бұдан әрі – ҚЭҚ).

2011 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ ҚЭҚ қамқорлығымен өткізілетін конференцияларға, семинарларға, форумдар мен өзге де шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



«KAZENERGY» қауымдасығы.

2009 жылдан бастап Қауымдастықтың мүшесі болып табылады. «KAZENERGY» қауымдастығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді. Қоғам «KAZENERGY» қауымдастығы ұйымдастыратын көптеген іс-шараларды, оның ішінде форумдарды, Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің даму келешегі туралы ұлттық баяндамаларды басып шығаруды айтарлықтай қаржыландырады.



Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

(бұдан әрі – ҚР ҰКП).

2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ның мүшесі болып табылады. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикасы бизнесін дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында дамытуға ықпал етеді.

Орталық Азияның Үйлестіруші Электр энергетикалық Кеңесі. (бұдан әрі – ОА ҰЭК).

Қадағалаушы ретінде 2014 жылдан бастап қатысты. ОА ҰЭК-ға мүшелік Орталық Азия елдерінің арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді, ОА ҰЭК өткізетін электр энергетикасы саласындағы шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес

(бұдан әрі – ДЭК). 2008 жылдан бастап ДЭК-ның мүшесі болып табылады.

ДЭК-ке мүшелік жаһандық және өңірлік сипаттағы жобалар мен мәселелер бойынша ДЭК-пен жұмыс жасауға мүдделі, әлемнің энергетика саласындағы санаулы жетекші компанияларына ғана арналған бағдарламаны білдіреді. ДЭК бағдарламасы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін эксклюзивті іс-шараларға және дөңгелек үстелдерге қатысуға мүмкіндік береді.



БҰҰ Ғаламдық шарты.

2011 жылдан бастап мүшелік етеді. БҰҰ-ның Ғаламдық шартына қосылу аясында Компания өз стратегиясында

және күнделікті қызметінде Ғаламдық шарттың он қағидатын ұстанатыны туралы хабарлайды.

Компания кері байланыс алу және өздері үшін ерекше маңызды тақырыптарды жинақтаған кезде пікірлерді ескеру мақсатында барлық стейкхолдерлермен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасайды. 2017 жылғы желтоқсанда Стейкхолдерлермен байланыс жоспары әзірленді, ол мүдделі тараптарға хабарлау мерзімдері мен әдістері бойынша іс-шаралардан тұрады.

№	Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүдделі тараптардың мүдделері	Хабарлау бойынша шаралар/мерзімі
1	Акционерлер	Қаржы құралдарын бөлу, жарғылық капиталды толықтыру	Табыстың өсуі, дивидендтерді уақытылы төлеу, Қордың құнын арттыру	1) есептілікті ұсыну (қаржылық, қаржылық емес) – тұрақты негізде; 2) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 3) кездесулер өткізу, іскери хат алмасу – тұрақты негізде; 4) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде Компания туралы өзекті жария ақпаратты пайда болуына қарай орналастыру – тұрақты негізде; 5) акционердің болжалдарын орындау, Бизнесі трансформациялау бағдарламасын және инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы мәселелерді ДҚ-де талқылау – жыл сайын; 6) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 7) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.
2	Еншілес және тәуелді ұйымдар	Акционерлердің мүдделерін сақтау	Мемлекеттік органдармен жұмыс жасаған кезде көмек көрсету, коммерциялық мүдделер	1) акционердің ЕТҮ-ның ДҚ-ға/ҚБ-ға қатысты болжалдарын ЕТҮ-ға хабарлау – жыл сайын; 2) өзге мақсатты көрсеткіштерді, ІНҚ-ны әзірлеуге арналған талаптар мен басқа ақпаратты ЕТҮ-ға электрондық пошта, телефон, кеңсе арқылы жеткізу – тұрақты негізде; 3) ЕТҮ-ның ДҚ-да/ҚБ-да өзекті мәселелерді талқылауы – ай сайын; 4) ұсынылатын есептілікті қарастыру және ол бойынша кері байланыс – тұрақты негізде; 5) Компанияның ішкі корпоративтік порталына өзекті ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 6) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 7) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 8) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 9) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.

3	Қызметкерлер	Адам ресурстары	Жоғары жалақы, лайықты еңбек жағдайлары, кәсіби даму, мансаптық өсу	1) ұжыммен, ЕТҮ-мен, кәсіподақпен жиналыс өткізу («Жыл қорытындылары») – жыл сайын, 31 наурыздан кешіктірмей; 2) қызметкерлер үшін мәдени корпоративтік шараларды қалыптастыру – жыл сайын; 3) электрондық пошта арқылы қызметкерлерді бос орындар, ішкі корпоративтік конкурстар туралы ақпараттандыру – тұрақты негізде; 4) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 5) Компанияның ішкі корпоративтік порталына өзекті ақпаратты орналастыру; 6) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 7) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 8) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.
---	--------------	-----------------	---	--

№	Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүдделі тараптардың мүдделері	Хабарлау бойынша шаралар/мерзімі
4	Кәсіподақ	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектесу, еңбек қатынастарын реттеу және қақтығыстарды шешу	Қызметкерлердің құқықтарын сақтау және қорғау	1) ұжыммен, ЕТҮ-мен, кәсіподақпен жиналыс өткізу («Жыл қорытындылары») – жыл сайын, 31 наурыздан кешіктірмей; 2) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 4) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде.
5	Серіктестер	Жобаларды бірлесіп іске асыру	Коммерциялық мүдделер	1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 4) кездесулер өткізу, іскери хат алмасу – тұрақты негізде; 5) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.

6	Потребители	Компанияның адалдығы	Коммерциялық мүдделер	1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 4) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде; 5) Жұмыс істеп жатқан және әлеуетті тұтынушылармен іскери хат алмасу, кездесулер өткізу – тұрақты негізде.
7	Мемлекеттік органдар	Мемлекеттік реттеу	Салық түсімдері, экономикалық өсім, әлеуметтік міндеттерді шешу	1) есептілікті ұсыну (қаржылық, қаржылық емес) – тұрақты негізде; 2) кездесулер өткізу, іскери хат алмасу – тұрақты негізде; 3) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 4) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 5) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын; 6) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.
8	Бәсекелестер	Келешекте дамуға арналған мүмкіндіктер	Нарыққа қатысу үлесін арттыру	1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде; 2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде; 3) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікірталастырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.

Мүдделі тараптар №	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүдделі тараптардың мүдделері	Хабарлау бойынша шаралар/мерзімі
9	Қаржылық институттар	<ul style="list-style-type: none"> Халықаралық гранттар Жеңілдікпен қаржыландыру Кредиттік желілер Ақша қаражатын орналастыру 	<p>Ұлттық Банкке:</p> <p>1) тоқсан сайынғы/жарты жылдық/ жылдық негізде есептілікті ұсыну.</p> <p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ порталы:</p> <p>1) «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік қағидалардың талаптарына сәйкес мерзімдерде есептілікті/ақпаратты, хаттамаларды және т.б. орналастыру.</p> <p>Кредиторлар:</p> <p>1) қолданыстағы кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес Компания туралы есептерді/ақпаратты ұсыну.</p> <p>Барлық қаржылық институттар:</p> <p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде;</p> <p>3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын;</p> <p>4) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікір-таластырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.</p>
10	Өнім берушілер	Жеткізу желілері мен құнды қалыптастыру тізбегінің тиімділігі	<p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде;</p> <p>3) кездесулер өткізу, іскери хат алмасу – тұрақты негізде;</p> <p>4) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікір-таластырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.</p>
11	Тұрғындар	Қызметті жүзеге асыратын орындарда қолдау көрсету	<p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде;</p> <p>3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын;</p> <p>4) ҚР-ның қолданыстағы экологиялық заңнамасына сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру аясында қоғамдық тыңдауларға қатысу – қажеттілігіне қарай.</p>

Мүдделі тараптар №	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүдделі тараптардың мүдделері	Хабарлау бойынша шаралар/мерзімі
12	Қоғамдық бірлестіктер	<ul style="list-style-type: none"> Қызметте жоғары стандарттарды қолдануға ынталандыру Адалдық және ынтымақтастық 	<p>1) ұжыммен, ЕТҰ-мен, кәсіподақпен жиналыс өткізу («Жыл қорытындылары») – жыл сайын, 31 наурыздан кешіктірмей;</p> <p>2) кездесулер өткізу, іскери хат алмасу – тұрақты негізде;</p> <p>3) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>4) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде;</p> <p>5) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын;</p> <p>6) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікір-таластырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде.</p>
13	БАҚ	<ul style="list-style-type: none"> Сыңарлы ынтымақтастық Жағымды қоғамдық пікір 	<p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз хабарламаларын ұсыну;</p> <p>3) маңызды тақырыптарды ашу бойынша сауалнама жүргізу – жыл сайын;</p> <p>4) Компания басшылығының конференцияларға, форумдарға және т.с.с. спикерлер/пікір-таластырушы ретінде қатысуы арқылы хабарлау – тұрақты негізде;</p> <p>5) «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысына сәйкес мерзімдерде есептілікті/ақпаратты, хаттамаларды және т.б. орналастыру.</p>
14	Үлестес тұлғалар	Өзара ынтымақтастық	<p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде.</p>
15	Рейтингтік агенттіктер, тәуелсіз аудиторлық компаниялар	Өзара ынтымақтастық	<p>Рейтингтік агенттіктерге:</p> <p>1) агенттіктердің сұрауларына сәйкес ақпаратты ұсыну – жыл сайын.</p> <p>Аудиторлық компанияларға:</p> <p>1) сұратылатын ақпаратты ұсыну – жартыжылдық негізде.</p> <p>Барлық стейкхолдерлерге:</p> <p>1) Компанияның корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерде туындауына қарай Компания туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру – тұрақты негізде;</p> <p>2) БАҚ-та жариялау – тұрақты негізде.</p>

Анықталған маңызды Аспектiлер мен Шекаралар

Мүдделi тараптарды талдау аясында Компанияға да, сондай-ақ стейкхолдерлерге де маңызды тақырыптар мен мәселелер сараланады, ол стейкхолдерлердiң басымдықтарын нақты түсiну негiзiнде олармен өзара сындарды iс-қимылды қалыптастыруға мүмкiндiк бередi.

Төменде маңызды тақырыптар мен мәселелердi анықтау кезеңдерi сипатталды.

Компания үшiн де, сондай-ақ стейкхолдерлер үшiн де маңызды тақырыптардың шоғырландырылған тiзбесi маңыздылық матрицасын бiлдiредi.

Компанияның стейкхолдерлермен өзара iс-қимыл жасаудан алатын нәтижелерi орнықты даму саласындағы тиiмдi және сындарлы саясаттың iргетасы болып табылады, оның аясында Компания мүдделi тараптардың мүдделерi мен Компанияның стратегиялық мiндеттерi арасындағы


оңтайлы балансты сақтай отырып, өндiрiс, экологиялық бастамалар, еңбек қауiпсiздiгi саласындағы және Компанияның қатысу өңiрлерiндегi экономикалық өсiмдi қамтамасыз ету үшiн әлеуметтiк саладағы озық тәжiрибелердi ендiру арқылы орнықты даму аспектiлерiн кеңiнен қолдануға тырысады.

Компания басшылығы мен мүдделi тараптар өкiлдерiнiң бiрлескен жұмысының нәтижелерi ретiнде есептiлiк саласындағы Жаһандық бастаманың ұсыныстарын (Global Reporting Initiative, GRI) ескере, сондай-ақ әзiрленеген сауалнаманы пайдалана отырып («Самұрық-Энерго» АҚ-ның орнықты даму саласындағы Нұсқаулықтың 2-қосымшасы), «маңыздылық матрицасы» қалыптастырылды.

Осы есепте стейкхолдерлер мен Компания үшiн барлық маңызды аспектiлер ашылды (жоғары маңызды аймақ).



2016–2017 жылдардың маңыздылық матрицасы



- | | |
|---|--|
| <ol style="list-style-type: none"> Қоршаған ортаны қорғау Э/э генерациясының сенімділігі мен орнықты дамуы Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер Энергия тиімділігі Инновацияларды дамыту мен операциялық тиімділік Лайықты төлем және өтемақы Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығы Ашық жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу, бағалау және салдарын жұмсарту әдістері Корпоративтік басқаруды жақсарту Төтенше жағдайларға дайындық, жергілікті қоғамдастықты тарту тетіктері Активтердің тұтастығы және өндірістік процестердің қауіпсіздігі Компанияның беделін көтеру және аймақтағы өзінің қатысуының оң көзқарасы Адам құқықтары туралы білім беру Жабдықтаушылардың Қоғамға ықпалын бағалау | <ol style="list-style-type: none"> Қалдықтарды басқару Жеткізудің / жауапты сатып алудың маңызды аймақтарында жергілікті жеткізушілерге шығындардың үлесі Жергілікті тұрғындардың қызметкерлер құрамын көбейту Аймақтардағы инфрақұрылымға біздің инвестицияларымыздың әсері, соның ішінде жергілікті қоғамдастықты қолдау Жобаның жергілікті қоғамдастықтарға әсері туралы шағымды қарау механизмдері Облыстағы тұрғындардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау Экологиялық мәселелер бойынша шағым беру механизмдері Адам құқықтарын бұзуға қатысудың жоқтығы Жұмыс берушілердің тартымдылығы Қызметкерлердің жеке және жеке өсуі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес |
|---|--|

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ» санат

«Сенімділік және электр энергиясын өндіруді орнықты дамыту» аспектісі



Электр энергетикасы – экономиканың барлық қалған секторларын электрмен және жылумен қамтамасыз ететін негізгі инфрақұрылымдық сала. Энергияны тұтынумен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі де, әр адамның өмірі де тікелей байланысты. Компания электр энергиясына сұранысты қанағаттандыруда өзіндік орынға ие және сәйкесінше өзінің басым міндеттерінің бірі ретінде ұзақ мерзімді даму стратегиясында электр энергиясын өндіруді жоғары технологиялық дамытуды қояды. Бұл дегеніміз - жаңа қуаттарды салу бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру да, қоршаған ортаға әсерді азайту да және энергия тиімділігін арттыру технологияларын қолдана отырып, ағымдағы жабдықтарды қайта құру да, сондай-ақ бұл ЖЭК-өндіруді қарқынды даму бойынша міндеттер де, ауқымды трансформация да және бұл - операциялық тиімділікті арттыру да болып табылады. Энергия қауіпсіздігі бойынша елдік міндетті орындау мақсатында тұрақты негізде ЭЭЖ жабдықтарының берілген жүктемелерді көтеру үшін техникалық дайындығын (оның ішінде жоспарлы тоқтатуды және ҚҚЖЖ өткізу) қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіледі. «Самұрық-Энерго» АҚ тобының ағымдағы, жаңа және әлеуетті тұтынушыларына талдау, жоспарлау және жедел түрде станциялар-

дың дайындығын қамтамасыз ету бөлімінің деректерімен синхрондау жүргізіледі. Компания тұрақты негізде ҚР Энергетика министрлігі жанындағы Жұмыс тобының басқа өкілдерімен бірлесіп электр қуатының нарығы, экология және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша жұмыстарды жүргізуде. Компанияның экспорттық жеткізілімдер мәселелері бойынша ұстанымын қалыптастыру аясында мына бағыттар бойынша жұмыстар жүргізеді:

1. ЕАЭК-тың Ортақ электр энергетикалық нарығын (ЕАЭК ОЭН) құру.
2. ТМД ЭЭК Ортақ электр энергетикалық нарығын құру.

ЕАЭК ОЭН-ді құру бойынша ұсыныстарды әзірлеу аясында Компания ЕАЭК ОЭН-ді құру жөніндегі кіші комитет пен Еуразия экономикалық комиссияның (бұдан әрі - ЕЭК) алқасы жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитеттің отырыстарына қатысты.

«Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту» аспектісі

Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясы Қазақстан Республикасының экономикасын көміртексіздендіру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер саласындағы құзыреттің дамуымен қамтамасыз етілген технологиялық тиімділік есебінен өндіруші қуаттардың жұмысын оңтайландыру жөніндегі міндетті шешуді көздейді.

Компанияның негізгі энергия өндіруші көздеріне арналған отын Екібастұз кен орнының күлі көп көмірі болып табылады.

«Назарбаев Университеті» АБҰ-мен ынтымақтасып, отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды әрі экологиялық тұрғыдан жауаптылықпен пайдалануды қамтамасыз ету үшін «Екібастұз кен орнының №3 қыртысының күлі көп көмірі мен жанғыштығы азайған көмірді/көмірді байыту қалдықтарын жағуға арналған қазандықтар агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологияларын әзірлеу» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысы орындалуда.

Аталған ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мақсатында «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ аумағында ғылыми-зерттеу зертханасын құрылды.

Жұмыс күлі көп көмірді жағу бойынша эксперименттік құрылғыларды құруды көздейді. Жұмыс нәтижелері бойынша ҚҚ (қайнау қабаты) немесе АҚҚ (айналма қайнау қабаты) өнеркәсіптік құрылғысының газды динамикалық процесінің технологиялық моделі әзірленеді және ҚҚ мен АҚҚ қазандықтары бар ЖЭС-ті салуға техникалық-экономикалық талдау жасалады.

Экономикалық салаларды цифрландыру жөніндегі тасымал аясында Компания «Цифрлы электр станция» және «Цифрлы кесік» жобаларын іске асыруға бастама жасады.

Бірінші жоба бойынша «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС негізінде цифрлы электр станциясын құру болжанады, мұнда өнеркәсіптік деректер, жабдықтың математикалық модельдері, аналитикалық алгоритмдер жиналып, өңделетін болады, сондай-ақ негізгі және қосымша жабдықтың техникалық жағдайына нақты уақыт режимінде қашықтан мониторинг және диагностика жүргізіледі. Бұл электр станциясының энергия блоктары жұмысының режимін оңтайландыруға, қауіпті және еңбекті көп қажетсінетін учаскелерде адам факторын азайтуға ықпал етуге, өндіріс және басқару процестерінің жеделдігі мен икемділігін арттыруға, өнімділікті, жабдықтың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші жоба бойынша көмірді өндіру мен түсіру, «Боғатырь Көмір» ЖШС-да көмір кесігінің цифрлы деректерін нақты уақыт режимінде өңдеу және талдаудың өндірістік процестерін басқару бойынша бірыңғай автоматтандырылған жүйе құру болжанады. Бұл карьерлік техниканың өнімділігіне аттыруға, энергия ресурстарын тұтыну мен көмір өндірудің өзіндік құнын азайтуға мүмкіндік береді.

Компанияның жылу электр станцияларында мазут шығынын болдырмау, күлі көп көмірді жағу кезінде жүктемелер төмен болған жағдайда көміртозанды факелдің жануын тұрақтандыру мақсатында қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу технологиясын (плазмалы отындық жүйесін) өндіру жобасын әзірлеп, іске асыру жоспарланады. Жобаны іске асыру электр станцияларының техникалық-экономикалық және экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

«Энергия тиімділігі» аспектісі

Компания Басқармасының шешімімен Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы бекітілді.

Бағдарлама энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлап, жүзеге асыру үшін негіз қалаушы құжат болып табылады.

Аталған бағдарламаның мақсаты инновациялық технологияларды қолдану арқылы отын-энергетикалық ре-

Ұйым ішінде энергия тұтыну

2014-2016 жылдар кезеңінде жалпы отын тұтынудың азайуы байқалады. 2017 жылдың қорытындылары бойынша отын (көмір, газ) тұтынудың өсуі «ЕГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын өндірудің артуына (РФ-ға экспорттау), сон-

сурстарды тиімді және экономикалық тұрғыдан мақсатты пайдалану бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс аясында бекітілген жоспарларға сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылады. Жылдың қорытындылары бойынша отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған 69 шара орындалды.

дай-ақ 2016 жылы жаңа № 3 турбиналық агрегатты іске қоса отырып, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ белгіленген қуатын арттыруға байланысты.

Ұйым ішінде тұтыну	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.
Отынды жалпы тұтыну, 106 ГДж, оның ішінде:	272,6	225,4	225,5	285,2
көмір	244,4	199,1	196,1	254,8
газ	24,7	23,6	27,3	28,4
мазут	2,0	1,3	0,8	0,7
бензин	0,3	0,3	0,3	0,2
дизель	1,3	1,1	1,0	1,1
Электр энергиясын жалпы тұтыну, 103 млн. кВт*сағ	3,9	3,5	3,5	3,6
Жылу энергиясын жалпы тұтыну, 106 ГДж	3,7	3,0	2,7	2,6
Энергияны жалпы тұтыну, 106 ГДж	17,7	15,8	15,3	15,6

Негізгі 2014 жылға қарағанда жалпы жылдар бойынша энергия тұтынудың азаю үрдісі байқалады.

2016 жылмен салыстырғанда мотор отынын (бензин) тұтыну 15%-ға азайды, бұл автокөліктің бір бөлігін газға

Энергия сыйымдылығы

2017 жылдың қорытындылары бойынша, Компанияның жалпы тауар өнімінің энергия сыйымдылығы 29 ш.т.к./млн. теңгені құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндірудің 28%-ға артуына және активтердің істен шығуына (МЭБК мен ШҚАЭК-ны жекешелендіруге) байланысты.

Аталған көрсеткішті есептеген кезде ұйым ішінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі, сондай-ақ өндірілген жылу және электр энергиясының, жеткізілген электр энергиясының, өндірілген көмірдің көлемі қолданылды.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ» санат

В2016 жылы Environmental Performance Index (EPI) рейтингіне сәйкес, Қазақстан 180 елдің ішінде 69 орынды иеленді. Бұл - Қазақстан үшін мемлекеттік экологиялық саясатқа өндіруді қажет болатын әлемнің үздік экологиялық стандарттарына жақындау жолындағы қауіп-қатерлер ауқымының жақсы мысалы.

Компания орнықты даму қағидаттарына адал болып қала береді, қатысу өңірлерінде экологиялық жағдайдың барынша маңыздылығын және өзінің еншілес ұйымдарының өндірістік қызметінің қоршаған ортаға тиетін теріс әсері үшін қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсінеді.

Экологиялық аспектіні басқару үшін Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Компаниядағы ЭМЖ тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, озық әлемдік тәжірибелерге сәй-

ауыстырумен байланысты. Мазутты тұтынудың 12%-ға азаюына «ЕГРЭС-1» ЖШС резервтен энергия блоктарын іске қосу санын азайту, сондай-ақ «АлЭС» АҚ ЖЭО-1-ге газ жеткізуді тұрақтандыру есебінен қол жеткізілді.



кестікті үнемі бағалап отырады және бірте-бірте жетіліп келеді.

Өндірістік қызметті жүзеге асыратын «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық компаниялар тобында «Экологиялық менеджмент» ISO 14001 стандарты енгізілді.

Бар тәжірибені және қабылданатын технологиялардың ерекшелігін, отынның қолжетімді түрлерін, климатымыздың ерекшеліктерін, сондай-ақ басқа да бірқатар ынталандырушы және көбінесе тежегіш факторларды ескере отырып, біз Компанияның орнықты даму саласындағы саясатының бір бөлігі болып табылатын кешенді ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде экологиялық саясатты құрдық.

Компанияны дамытудың басым бағыттары мен табиғатты қорғау саласында қызметінің мақсаттары Қоғамның ұзақ мерзімді Даму стратегиясында және Экологиялық саясатында көрсетілді.



Ұйымның климаттың өзгеруімен байланысты қызметіне қатысты қаржылық аспектілер және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Атмосферадағы парниктік газдардың шоғырлануының өсуі салдарынан климаттың өзгеруі негізгі климаттық қауіптердің бірі болып танылады. Энергияға көшудің тиімді стратегиясын әзірлеу, яғни барынша тиімді, экологияға зиян келтірмейтін технологияларды пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасы үшін жүйелік міндет болып табылады.

Оның үстіне, 2015 жылы желтоқсанда Парижде БҰҰ КӨНҚ–СОР-21 тараптарының конференциясы аясында қабылданған және 2016 жылғы 4 қарашада күшіне енген Климат жөніндегі Париж келісімі Киота хаттамасының орнын ауыстырды. Париж келісімін 170 ел, соның ішінде Қазақстан да бекітті. Келісімнің мақсаты – ғаламдық орташа температураның өсуін 2 °С-дан «әлдеқайда төмен» ұстау және шамасы 1,5 °С мөлшердегі температураның өсуін шектеуге «күш салу».

Қазақстан 1990 жылғы негізгі деңгейден 2030 жылға қарай (яғни 2020 жылдан 2030 жылға дейін) шартсыз мақсаты – 15% және шартты мақсаты – 25% түрінде парниктік газдардың шығарындыларын шектеу немесе азайту бойынша өзінің болжамды үлесін мәлімдеді.

Кез келген халықаралық экологиялық келісімдер мен конвенциялар – бұл бизнес үшін үнемі жаңа және кейде өте өршіл мақсаттар, ал Климат жөніндегі Париж келісімі – Қазақстанның көміртекті көп қажет ететін экономикасы үшін атарлықтай қауіп-қатер болып табылады. Бірақ екінші жағынан, Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері секторына инвестиция тарту мүмкіндігі бар: сарапшылардың болжалды бағасы «Париж» қаржыландыруы есебінен дамушы елдерде ЖЭК-терге салынатын инвестициялар 30-50 пайызға өсуі ықтимал екенін көрсетеді.

Қазақстанда 2013 жылы парниктік газдардың (ПГ) шығарындыларының реттеу үшін парниктік газдар шығарындыларын квоталау жүйесі (ШКЖ) ендірілді. 2016 жылы бұл жүйе квоталаудың алдағы екі кезеңінде анықталған сәйкессіздіктер мен қайшылықтарды 2018 жылға дейін түзету және жою үшін тоқтатылған болатын.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Экологиялық кодексінің «Парниктік газдардың шығарындыларына арналған квоталарының» 94-2-бабы күшіне енді. Квоталаудың келесі кезеңі үш жылдық кезең анықталды – 2018-2020 жылдар. Квоталарды бөлудің Ұлттық жоспарына электр энергетикасы, металлургия, мұнай-газ, кен өндіру, химия және өңдеу салалары секілді экономика секторларынан 225 құрылғы кірді.

Құрылғылардың операторларына квоталарды бөлу әдісін таңдау ұсынылды: негізгі желіні қолдану негізінде немесе парниктік газдар шығарындыларының шекті коэффициенттері негізінде (ШШК әдісі). Екі әдістің те өндірістің тарихи көлемін (2013-2015 жж.) ескеретіндігінен және тиісінше ПГ шығарындыларына квота бөлудің Ұлттық жоспары күшінде болатын кезеңде өндірілетін өнімнің көлемін арттыру бойынша компаниялардың жоспарларын ескермейтіндігінен, квота бөлінетін құрылғылардың операторлары үшін тәуекелдер бар.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ЕТҰ-лары арасында квота бөлінетін құрылғыларға «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС жатады.

Жұмсалған материалдар

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергия өндіруі - отын өндірісінің, су энергетикасы мен жаңартылатын энергетиканың «үштағаны» болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның дәстүрлі, яғни энергияны отынмен өндіру көмір, мазут және газ сияқты отын түрлерін жағу есебінен жүзеге асырылады.


2017 жылдың қорытындылары бойынша дәстүрлі энергия өндіру үлесіне компания тобының жалпы электр энергиясын өндіру көлемінің 88%-ы келеді, ол 2016 жылға қарағанда 4%-ға артық.

Қазіргі таңда Компанияның квота бөлінетін құрылғылары станциялардың энергия тиімділігін арттыру үшін бірқатар іс-шараларды атқарады, сондай-ақ ПГ эмиссияларын азайтуға бағытталған заманауи технологиялар қарастырылады, бұл квота бөлудің 3-ші кезеңінің аяқталуына қарай, яғни 2020 жылдың аяғына қарай квоталар шектелімінің асып кету тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, біз ЖЭК жобалары аясында (ҚР ЭК 94-10-бабы) ПГ шығарындыларын азайту бойынша ішкі жобалар деп аталатын жобаларды іске асыру мүмкіндігін пайдалануды жоспарлаймыз.

«Таза» энергия көздері туралы айтатын болсақ, 2017 жылы СЭС-тегі өндіру үлесі 4%-ға азайды, ал ЖЭК-тің үлесі шамамен сол деңгейде қалды.

Генерация түрлері бойынша



Жұмсалған материалдар (тонна)

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Көмір	13 014	2 779 658	6 009 109	6 677 558	6 999 479,5
Мазут	0	29 114	56 783	58 601	81 776
Газ	0	559 160	609 361	609 832	599 720
ДО	184	13 634	19 987	21 499	23 036
Бензин	313	3 888	4 585	4 712	6 146

	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Көмір	12 909 236	14 834 866	11 852 922	11 834 484	15 350 595
Мазут	12 721	51 000	21 606	19 894	21 092
Газ	500 531	657 509	623 548	794 806	831 593
ДО	24 003	23 172	21 105	18 557	20 731
Бензин	6 227	6 118	5 774	5 319	4 732

Суды тұтыну

Суды тұтыну қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікте жүргізіледі, яғни «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компаниялары су алуды суды пайдалануға және суды тұтынуға қолда бар рұқсаттарына сәйкес жүзеге асырады. Су

су қоймаларын толықтыру, бұды салқындату, күлді жерлерді суландыру, күл үйінділерінде судың деңгейін сақтау сияқты мақсаттар үшін қолданылады, ал СЭС-тер судың салмағын энергия көзі ретінде пайдаланады.

Энергия көздері бойынша бөлгенде алынатын судың жалпы мөлшері, мың м³

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Алынатын судың жалпы көлемі:	696	74 588	131 732	12 921 796	15 877 253
беткі су объектілерінен	12	7 071	72 541	12 862 314	15 817 555
жер асты су көздерінен	19	4 790	4 214	4 431	5 508
басқа ұйымдардың ағын сулары	1,55	126	389	415	547
муниципалдық және өзге жүйелерден	665	62 727	54 976	55 048	54 191
Бірнеше рет немесе қайта пайдаланылған су көлемі	132	63 071	833 433	766 534	781 088

	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Алынатын судың жалпы көлемі:	13 007 836	15 930 525	13 578 720	9 671 594	10 313 409
беткі су объектілерінен	12 953 121	15 879 552	13 527 569	9 798 145	10 261 611
жер асты су көздерінен	5 530	5 690	7 237	6 817	6 858
басқа ұйымдардың ағын сулары	497	445	444	406	399
муниципалдық және өзге жүйелерден	49 184	45 283	43 914	44 765	44 940
Бірнеше рет немесе қайта пайдаланылған су көлемі	2 461 874	2 591 087	2 126 698	2 921 806	2 663 002

Атмосфераға тасталатын шығарындылар


Отын электр станцияларына тән негізгі ластағыш заттар – азот тотықтары, күкірт тотықтары, көміртек тотықтары, ұшпа күл.

2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру көлемі 27%-ға ұлғайды, сәйкесінше жалпы шығарындылардың көлемі ұлғайды. Компания тобы бойынша 2017 жылы жалпы шығарынды 264,3 мың тоннаны құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 21%-ға артық.


Табиғатты қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламаларын іске асыру және ЖЭК пен СЭС объектілерінде өндіру көлемін ұлғайту Компания өндірген өнімнің бір бірлігіне ластағыш заттардың салыстырмалы шығарындыларының азаюын қамтамасыз етті.

ЕГРЭС-1 мен ЕГРЭС-2-нің барлық энергия блоктарында жаңа буынды электр сүзгілері, сондай-ақ АлЭС станцияларында дымқыл күлді тұту эмульгаторлары іске қосылған соң атмосфераға шығарылатын шығарындылардың азаюында оң үрдіс байқалады. 2009 жылдан 2017 жылға дейінге кезеңде барлық күл шығарындылары 3 есеге азайды.


«Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы бойынша өндірілген өнімнің көлемі




«Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы бойынша Жалпы шығарынды көлемі




Компанияның жиынтық шығарындыларындағы ЕТҰ-ның үлесі «Генерация» секторы



«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 3В салыстырмалы шығарындылары, г/кВтс



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық күл шығарындыларының тренді, 2009–2017 жылдар



Атмосфераға тасталатын NO_x, SO₂ және басқа да маңызды ластағыш заттардың шығарындылары

		2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Болмашы	NO _x Мың тонна		14,0	25,4	28,8	29,5
	SO ₂ Мың тонна		45,1	67,5	77,8	72,1
	CO Мың тонна		0,8	5,3	2,0	1,4
	Қатты бөлшектер Мың тонна		18,1	95,8	23,1	21,0
	CO ₂ Тонна	-	-	-	-	-
ЛОС Тонна	62,4	53,96	52,8	53,64	78,1	
CO ₂ Мың тонна	3 821,16	3 586,75	16 076,4	20 520,6	18 638,5	
		2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
NO _x Мың тонна		69,5	65,2	52,9	54,7	66,4
SO ₂ Мың тонна		162,6	143,4	125,8	132,9	160,4
CO Мың тонна		2,2	2,2	2,6	2,8	3,14
Қатты бөлшектер Мың тонна		51,7	35,9	30,1	28,0	34,4
CO ₂ Тонна		-	-	-	-	-
ЛОС Тонна		99,13	139,17	133,1	115,4	245,6
CO ₂ Мың тонна		32 156,6	30 298,6	25 039,7	24 150,66	29 839,62

Ағынды су төгіндісі

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның I санатты өнеркәсіптік объектілерінде табиғи объектілерге ағынды суларды төгу жұмыстары жүргізілмейді. Ағынды суларды жинақтаушы ретінде жер асты суларына тигізетін теріс әсерді болдырмау үшін құрылыс нормаларының барлық талаптарына сәйкес келетін жасанды құрылыстар қолданылады.

Барлық ЕТҰ-ларда судың айналмалы жүйесі қолданылатынын ескерсек, ағынды сулардың көлемі болмашы ғана (жиналатын су көлемінің 1%-ынан аз). Ағынды сулар жинақтаушыларға төгілгенге дейін талап етілетін көрсеткіштерге дейінгі қажетті тазартудан өтеді. Ағынды сулардың бір бөлігі қалалық кәріз желілеріне тікелей жіберіледі, одан соң муниципалдық тазарту құрылғыларында тазартудан өтеді.

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Ағынды сулардың көлемі	1 521,786	4 274,101	29 295,297	16 600,016	15 718,573
	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Ағынды сулардың көлемі	59 440,511	48 675,118	46 345,592	64 842,095	60 144,078

Маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде мемлекет тарапынан инспекторлық экологиялық тексерулер көзделген, оның нәтижелері бойынша заңнаманың

талаптарын бұзғаны үшін айыппұл салынуы мүмкін. 2017 жылы айыппұл едәуір соманы - шамамен 12,5 млн. теңгені құрады.

	Өлш. бірл.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Едәуір айыппұл сомасы	Мың теңге	797,492	2 610,343	748,9	29 818,07	8 031,715
Қаржылық емес санкциялар	Оқиғалар саны	-	-	-	-	-
Дауды шешу тетігі пайдаланылған істер	Мың теңге	-	-	-	-	-
	Өлш. бірл.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Едәуір айыппұл сомасы	Мың теңге	11 651,23	6 920,808	115 393,4	10 587,4	12 596,25
Қаржылық емес санкциялар	Оқиғалар саны	-	-	-	-	-
Дауды шешу тетігі пайдаланылған істер	Мың теңге	-	-	-	-	-

Түрлері бойынша бөлгенде ҚОҚ-қа жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның I санатты әрбір ЕТҰ-сында («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ және «Бо-

гатыр Көмір» ЖШС) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, оны орындау арнайы табиғатты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

		2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Барлығы	Мың теңге	17 821,5	1 238 050,4	6 299 217,2	4 978 326,9	5 599 315,6
Қалдықтарды пайдалануға, шығарындыларды тазартуға, сондай-ақ экологиялық зияндарды жоюға байланысты шығындар	Мың теңге	16 184,5	1 218 044,6	6 279 705,4	4 925 625,7	5 549 652,7
Қоршаған ортаға әсерді болдырмау үшін және экологиялық менеджмент жүйесіне жұмсалған шығындар	Мың теңге	1 637	20 005,7	19 511,9	52 701,2	49 662,8

		2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Барлығы	Мың теңге	7 106 406	9 156 251,6	3 193 912,4	1 197 259,2	2 213 407,5
Қалдықтарды пайдалануға, шығарындыларды тазартуға, сондай-ақ экологиялық зияндарды жоюға байланысты шығындар	Мың теңге	3 769 515	9 028 699,6	2 877 691,9	825 732,8	1 825 147
Қоршаған ортаға әсерді болдырмау үшін және экологиялық менеджмент жүйесіне жұмсалған шығындар	Мың теңге	3 336 891	127 552	316 220,5	160 383,4	388 260

2017 жылы Компанияның қоршаған ораны қорғауға жұмсалған шығындары мен инвестициялары 2,2 млрд.теңгені құрады.

Қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерді мүмкіндігінше азайту мақсатында мынадай іс-шаралар орындалды:

«ЕГРЭС-1» ЖШС:

- күлді тұту коэффициенті 99,6% болатын «Lodge Cottrell» (Корея) және «Alstom» (Франция) заманауи электр сүзгілерін орнату. Түгін газдарын тазарту тиімділігі 99,6%-ға дейін өсті, жаңа электр сүзгілері орнатылғаннан кейін тозаңдылық көрсеткіштері 1 620 мг/Нм³-ның орнына 300–400 мг/Нм³ құрайды. 2013 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі кезеңде күлдің салыстырмалы шығарындылары 2,47 г/кВт*сағ-тан 1,29 г/кВт*сағ-қа дейін төмендеді.
- төмен эмиссиялық турбуленттік жанарғыларды орнату;
- суды химиялық тазарту құрылғысын қайта құру;
- ТӨҚ жүйесін жөндеу;
- аумақты абаттандыру және көгалдандыру.

«ЕГРЭС-2» АҚ:

- жұмыс істейтін екі энергия блогында күл тұту коэффициенті 99,4–99,6% болатын «Alstom» (Франция) электр сүзгілерін орнату (орнатқанға дейін – 88%);
- құрғақ күл құрылғысын салу;
- ОКЦ-ға отынды жеткізу жолының аспирациялық құрылғыларын жөндеу;
- жағу құрылғыларын жөндеу;
- ТӨҚ жүйесін жөндеу;
- шаруашылық-тұрмыстық кәріздің тазарту құрылғыларын қайта құру;
- аумақты абаттандыру және көгалдандыру.

«АлЭС» АҚ:

- күл құбырын жөндеу және ауыстыру бойынша іс-шараларды жаппай атқару;
- қазандық агрегатына күл тұту деңгейі кемінде 99,4% болатын жаңа буынды эмульгаторларды орнату;
- Техникалық регламент талаптарына сәйкес, азот толықтары эмиссияларының деңгейіне сәйкес келу мақсатында төмен эмиссиялы жағу құрылғыларын орнату, бұл күл шығарындыларын (1-ші қазандық агрегаты) 0,11 г/сек-ке, NO_x – на 0,6 г/сек-ке, SO₂ – на 0,8 г/сек-ке азайтуға мүмкіндік берді;

«ЕГРЭС-2» АҚ, «ЕГРЭС-1» ЖШС, «АлЭС» АҚ күл үйінділерінде:

- күл үйінділерінің падаланылған бөліктерін қалпына келтіру, күлді жерлердің күлін басу.

«Богатырь Көмір» ЖШС:

- сыртқы жыныстар үйінділеріндегі аршыма тау жыныстарын қаттау көлемін азайту, бұл тотығу-қалпына келу процестерінің өтуін баяулатуға және атмосфераға ластағыш заттардың бөлінуін азайтуға мүмкіндік береді;
- су алған ұғымалардағы жарылыс жұмыстары, бұл атмосфераға ластағыш заттардың шығарындыларын азайтады;
- кенжарларда көмірді ұңғылау кезінде күлді басу, кесіктегі автожолдарда күлді басу үшін шахталық суларды пайдалану;
- кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру.

«ӘЛЕУМЕТТІК» САНАТ



Адам өмірі мен денсаулығының басымдығы қағидатын ұстана отырып, Компания авариясыз өндірістік қызметті, қызметкерлер мен мердігерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компанияның қатысу өңірлерінде тұратын халықтың денсаулығын сақтауға қатысты өз жауапкершілігін толығымен сезінеді. 2011 жылғы 6 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің ықпал ету аймағы шегінде өз стратегиясы мен күнделікті қызметінде Жаһандық шарттың 10 қағидатын ұстана отырып,

«АДАМ ҚҰҚЫҒЫ» аспектісі

«Самұрық-Энерго» АҚ оқу және даму бағдарламаларына рұқсат алу, мансаптық өсу кезінде тең құқық беретін және Компания тобының кәсіпорындарына жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін тудыратын жұмыс беруші болып табылады.

Біз әлеуметтік-экономикалық жағдайдың белгілері, гендерлік сәйкестілік, жас, денсаулық мүмкіндіктері, діни ұстанымы, ұлты, нәсілі және т.б. бойынша кемсітушілікке жол бермейміз.

Жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Компания тобының кәсіпорындары мүгедектерді, сынақтан өту қызметінің есебінде тұрған және бостандығынан айыру жерлерінен босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру туралы міндеттемелер алады.

БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды. Компания жыл сайын Қол жеткізілген прогресс туралы есепті әзірлейді, ол БҰҰ-ның Жаһандық шартын мүлтіксіз қолдайтыны туралы мәлімдеме болып табылады, 10 қағидатқа сәйкес қабылданған іс-қимылды сипаттайды және аталған ақпаратты БҰҰ Жаһандық шартының сайтында орналастырады: <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/14917#corp>

Осылайша, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, мүгедектігі бар 135 қызметкер жұмысқа орналастырылды.

Алдын алу, шағымдар мен өтініштерді реттеу, қызметкерлер арасында әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын болдырмау мақсатында тұрақты жұмыс істейтін Келістіруші комиссиялар, Әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын реттеу жөніндегі комиссиялар құрылды.

Компания қызметкерлерінің шағымдарын тіркеу үшін «жедел желілер», шағымдар мен өтініштерге арналған арнайы жәшіктер, ұйым басшыларының жеке блоктары

жұмыс істейді, 2011 жылдан бастап омбудсмен және медиаторлар институты қызметін жүзеге асырады.

Осылайша, 2017 жылы Компания бойынша 67 өтініш тіркелді, олардың 63-і есепті кезең ішінде реттелді, ал 4 өтініш қарастыру кезеңінде.

Соған қоса, Қоманияда тұрақты негізде еңбек проблемаларын бірыңғай түсінуге және шешуге бағытталған іс-шаралар, әлеуметтік-еңбек дауларын шешу бойынша

ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, персоналдың қатыстырылуына зерттеу жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша түзетуші және алдын алу іс-шаралары әзірленеді.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық және әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу мен қорғау мақсатында Компанияда жұмысшылардың 90%-дан астамы мүше болып табылатын 23 кәсіподақ ұйымы жұмыс жасайды.

Шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдар саны

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2017 жыл ішінде шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны, олардың ішінде:	67
	есептік кезең ішінде өңделген	67
	есептік кезең ішінде реттелген	63
2.	Есептік кезең басталғанға дейін берілген және есептік кезең ішінде реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны	3

Кәсіподақтармен ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін көрсету

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғала ма	Иә
2.	Егер қозғалатын болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жергілікті деңгейдегі келісімдер, мынадай мәселелерді қозғайды:	
2.1.	• Жеке қорғаныш құралдары	Иә
2.2.	• Басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
2.3.	• Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі инспекцияларға, аудиттер мен жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы	Иә
2.4.	• Білім және оқыту	Иә
2.5.	• Шағым беру тетіктері	Иә
2.6.	• Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
2.7.	• Аралық инспекциялар	Иә
3.	Егер қозғалатын болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жаһандық деңгейдегі келісімдер, мынадай мәселелерді қозғайды:	
3.1.	• Халықаралық еңбек ұйымның ұсыныстарына сәйкес келу (ХЕҰ)	Иә
3.2.	• Проблемаларды шешу бойынша шаралар немесе құрылымдар	Иә
3.3.	• Нәтижеліліктің мақсатты стандарттарына немесе іс жүзінде қабылданатын әдістердің деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

«Қауіпсіздік және денсаулықты сақтау» аспектісі

Компания еңбекті қорғау мен қызметкерлеріміздің қауіпсіздігіне басым назар аударады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік объектілеріндегі еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкес жүргізіледі. Қауіпсіз еңбек жағдайларын бақылау өндірістік процестің әр кезеңінде мүлтіксіз сақталады.

2017 жылға арналған Өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарына және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясатына сәйкес, барлық ЕТҰ-ларда еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі жұмыс жоспарлары әзірленіп, белгіленген тәртіпте бекітілді, ұйымдастырушылық және алдын алу шаралар кешені өткізілді.

Компанияның барлық ЕТҰ-ларында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер (бұрынғы комитеттер) құрылды, олар ұйымның бірінші басшысына немесе оған уәкілетті тұлғаға тікелей бағынады. Оның құрамына басымдық негізде еңбек жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ресми өндірістік кеңестерде басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен Компания тобы қызметкерлерінің орташа есеппен 2,8%-ы ұсынылды.

«OHSAS-18001 денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджмент жүйесі» халықаралық стандарты ендірілді.

Компания «Бюро Веритас» ЖШС, «Интертек Интэрнэшннал» ЖШС және «Русский Регистр Евразия» ЖШС халықаралық компаниялармен бірлесіп, «Богатырь Көмір» ЖШС-ды, «АлЭС» АҚ-да, «АЖК» АҚ-да және «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да ISO 14001 және OHSAS 9001 менеджмент жүйелеріне сәйкестігіне аудит жүргізілді. Көшпелі аудиттер есептерінің нәтижелері бойынша түзету/алын алу әрекеттерінің жоспарлары құрастырылып, жұмысқа қабылданды.

Компанияда қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша 3 кеңейтілген кеңес өткізілді. ЕТҰ басшыларының еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласында жүргізілген жұмысы туралы есептер тыңдалды, олардың нәтижелері бойынша жұмыстарды жақсарту үшін әрі қарайғы тапсырмалар мен өндірісте орын алған жазатайым оқиғаларды болдырмау бойынша іс-шаралар жоспары белгіленді.

Есептік кезеңдегі еңбек қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында Компанияның ЕТҰ-ларында қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін қадағалайтын басшылармен көшпелі семинар-кеңес өткізілді. Кездесу нәтижелері бойынша хаттама жасалды, өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, орындалды.

Еңбекті қорғау мен жұмыстардың қауіпсіздігі – барлық қолданыстағы қағидалардың сақталуына бақылау жасауды талап ететін күнделікті үздіксіз процесс.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 185-бабына сәйкес, қауіп жоғары жұмыстарда, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстарда істейтін жұмыскерлер ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан өтуге тиіс.

Сонымен қатар, «Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығымен бекітілген Міндетті медициналық қарап тексерулерді өткізу қағидаттарына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері алдын ала және аралық медициналық тексерулерден өтеді. Медициналық тексерулерді денсаулық жағдайына қарай кәсіби жарамдылығын бағалау бойынша медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау институттары жүргізеді. Алдын ала және аралық медициналық тексерулер нәтижесінде комиссия қызметкерді сауығуға, атап айтқанда, ауруханада қаралып, емделуден, оңалту мақсатында емделуден өтуге, шипажай-курорттық емделуге және оны шипажай-профилакторийге жіберуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұсынады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы тұрақты негізде өз қызметкерлеріне вакцина алуды ұсынады, сондай-ақ аурулардың алдын алу мақсатында иммунитетті көтеру үшін өзге нысандарды пайдаланады.

Есептік кезеңде Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарда еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестация жүргізілді. Жұмыс орындарына жүргізілген аттестацияға сәйкес, еңбекке зиян келтіретін және қауіпті жағдайлардағы жұмыс орындары анықталды. Мұнда, «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсан-

дағы № 1054 бұйрығына сәйкес, қызметкерлердің барлығы тиісті жеңілдіктермен, оның ішінде жеке қорғаныш және арнайы киіммен қамтамасыз етілген.

Жылдарға бөлгенде жеңілдіктер алатын қызметкерлер саны

ЕТК	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	2 109	2 098	2 340
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 101	1 109	1 129
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	926	902	904
«Алатау Жарық Команиясы» АҚ	164	141	210
«Шардара СЭС» АҚ	119	125	121
«Мойнақ СЭС» АҚ	55	81	54
«Богатырь Көмір» ЖШС	5 929	4 414	5 200

Компанияның барлық ЕТҰ-ларында қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мақсатында зиян және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің шарттарын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді.

Компания қызметкерлері 97% ұжымдық шарттарды жасасты. Ұжымдық шарттарды жасау тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 14-тарауымен реттеледі (ҚР ЕК). Ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымы ҚР ЕК-ның 157-бабымен анықталады, оның ішінде еңбек пен тұрмыстың дұрыс және қауіпсіз жағдайларын құруды, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру көлемін, денсаулық сақтауды жақсартуды көздейді. Ұжымдық шарттар қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздік мәселелерін 100 пайыз қамтиды.

Мердігерлерді таңдауда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі саласында ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға, сондай-ақ мердігерлерде сапа, экологиялық қауіпсіздік, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында халықаралық стандарттар сертификаттарының болуына сүйене отырып, талаптарды қарастыратын ішкі нормативтік құжаттарды әзірледік. Мысалы, «Булат Нұржанов атындағы ЕГРЭС-1» ЖШС-да мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін кәсіпорынның аумағына кіргізуге рұқсат беру жүйесі, атап айтқанда, кәсіпорынның КСТ 03.004.1.05.016-11 «Кәсіпорын аумағында мердігерлік ұйымдар жұмысын ұйымдастыру туралы ереже» стандарты әзірленіп, қолданылады. Жоғарыда көрсетілген стандартқа сәйкес, барлық мердігерлік және қосымша мердігерлік ұйымдар жұмыстарды бастағанға дейін қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тексеруден өтеді, еңбекті қорғау (ЕК) қызметіне «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның аумағына кіруге рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізіміне сәйкес құ-

жаттарды, соның ішінде медициналық тексеруден өткен қызметкерлердің тізілімін ұсынады. Құжаттар сәйкестікке тексерілгеннен кейін, мердігерлік кәсіпорын «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның аумағында жұмыстарды орындауға рұқсат бере отырып, кәсіпорын бойынша нұсқауларды одан әрі ресімдеу үшін еңбекті қорғау қызметіне басшы, өндіруші және жасақтар бойынша (оның ішінде жалпы және аралық) мүше болуға құқығы бар қызметкерлер тізімін жолдайды.


Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқудан өткен мердігерлік ұйымдар қызметкерлері 100%-ды құрайды.

Компанияның кез келген ЕТҰ-да өндірістік жарақаттанушылықтың әрбір жағдайы жоғары маңызды мәртебеге ие болады және жедел түрде Компания ЕТҰ-ның Директорлар кеңесінің/Қадағалау кеңесінің қарауына шығарылады.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау тәртібі және есепке алу «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу» ҚР ЕК-ның 20-тарауына және ҚР-ның өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Ай сайын еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау және өндірістік жарақаттану саласында жүргізілген мониторинг бойынша есеп жасалып, ол ҚР еңбек жөніндегі уәкілетті органға ұсынылады. Жыл қорытындылары бойынша ҚР Статистика агенттігіне еңбек қызметіне және кәсіптік ауруларға байланысты жарақаттар туралы «7- ЖКС» нысаны бойынша есептер ұсынылды.

Жүзеге асырылған алдын алу және түзету шараларының мөлшерінің көп болуына қарамастан, 2017 жылы 7 өндірістік жарақаттанушылық оқиғасы орын алды: оның ішінде 3 - жеңіл жарақат, 4 - ауыр жарақат. Бірақ көрсеткіштің жақсару серпіні байқалды – алдағы 7 жылдың орташа көрсеткіштеріне (15 оқиға) қарағанда, 2017 жылы 47%-ға төмен. Салыстыру үшін – 2016 жылы 13 оқиға белгіленді (15 адам зақымданған).

Жазатайым оқиғалар саны



Жарақат түрлері бойынша зақымданған адамдардың саны

Жарақаттардың саны	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Химиялық күйік	1	–	–	–	–
Соғып алу	1	–	2	1	–
Жарақаттық ампутация	1	–	1	–	–
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	4	1	4	4	2
Сынықтар	5	3	4	5	4
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	–	–	1	4	1
Көз жарақаты	–	–	–	1	–
Барлығы	12	4	12	15	7

Сандық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Жарақаттану коэффициенті (ЖТ)	0,06	0,02	0,07	0,08	0,06
Кәсіптік ауруға шалдығу коэффициенті (ЖАК)	0	0	0	0	0
Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК)	6,24	1,0	4,7	0,3	0,5
Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК)	9,8	20,5	9,2	10,1	5,2
Өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны	0	1	1	3	0

Ескертпе:

Жарақаттану коэффициенті (ЖТ) – ЖТ = Жарақаттанудың жалпы саны * 200 000 / Өтелген сағаттардың жалпы саны;
 Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК) – ЖКК = Жоғалтқан күндердің жалпы саны * 200 000 / Өтелген сағаттардың жалпы саны;
 Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК) – ЖОБК = мерзім ішіндегі босатқан (болмаған) күндердің жалпы саны * 200 000 / Сол кезеңдегі өтелген сағаттардың жалпы саны.

2017 жылы Компания активтерінің қатысуымен халықты өлімге әкеп соқтырған жарақаттанушылық оқиғалары тіркелмеген, сондай-ақ аталған мәселе бойынша сот органдарына өтініштер келіп түспеген.

Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қабылданатын шаралар

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін Компанияның барлық ЕТҰ-ларында мынадай шаралар қолданылады:

1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.
3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс тексеру жүргізіледі.
4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшысының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Оларды өткізу нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылыстарға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау

мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.

6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру, білімдерін тексеру ережелеріне сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқу курстары жүргізіледі.
7. Жөндеу науқаны алдында барлық ЕТҰ-да құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша тәжірибелік сабақтары бар семинар-кеңестер өткізіледі.
8. Кәсіпорындарда кемінде бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
9. Төзімділік ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.
10. 2017 жылға арналған Өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және орындалды.

«Әлтүрлілік және тең мүмкіндіктер» аспектісі

Ұжымда психологиялық климатқа диагностика жасау, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйлерінің, оның ішінде өндірістік персоналдың әлеуметтік шиеленістің деңгейін, әлеуметтік даму деңгейін бағалау мақсатында Компанияда 2017 жылы әлеуметтік тұрақтылық рейтингіне талдау жасады.

Қатыстырылу көрсеткіштерін мониторингілеу үшін Компанияның әкімшілік персоналдың еңбекті ұйымдастыру мен оның шарттары, мансап бойынша өсу, жеке еңбек үлесін тану деңгейі, бастамашылықты қолдау сияқты және т.б. факторларға сезімталдығын анықтауға байланысты сауалнама жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері Компанияның әлеуметтік тұрақтылық рейтингі орташа және жоғары деңгейлер шегінде өзгеретінін және **73%** деңгейінде қалыптасқанын көрсетті.

Қатыстырылу көрсеткіші **63%-ды** құрады және бұрынғыша оң бағытта, бұл Компанияның әлеуметтік аспектілерге, еңбек шарттарына, ұжым арасындағы өзара қатынастарға, байланыстарға және т.б. басым назар аударатынын сипаттайды.

Компанияның әлеуметтік саясатындағы маңызды тапсырма қызметкерлердің және олардың отбасылары мүшелерінің қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі



Осылайша, 2017 жылы әлеуметтік төлемдер **2 902 523 мың теңге** сомасында жүргізілді. 2016 жылдың ұқсас кезеңінде әлеуметтік төлемдердің шығындары **3 082 651 мың теңгені** құрады. Төлемдер құрылымында негізгі үлестерді мына шығындар құрайды: демалыс берген кезде денсаулығын жақсартуға арналған біржолғы жәрдемақы - **33%**, қызметкерлердің шипажай-курорттық емі - **7%**, медициналық сақтандыру - **5%**, қызметкерлердің мерейтойына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы сыйлықақы - **4%**, баланың тууына байланысты материалдық көмек - **3%**, мерекелік, мәдени-көпшілік және спорт шара-

Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні	Өлшем бірлігі
1.	2017 жылдың соңындағы қызметкерлердің (тізімдік саны) жалпы саны	17 513	адам
2.	Оның ішінде 2017 жылға арналған ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлер саны	16 980	адам
3.	Ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі	97	%

ларын өткізуге арналған шығындар – **4%** және әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасынан басқа шығындар.

Компания кәсіпорындары қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырады, қызметкерлерді жыл сайын медициналық тексеруден өткізеді, еңбекке жарамсыздық парақтарына ақы төлейді, сауықтыруға арналған біржолғы көмекті көрсетеді және т.б.

Компания кәсіпорындарында саламатты және қауіпсіз еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау үшін қызметкерлерді арнайы қорғаныш құралдарымен, сүтпен, сабын-жууға арналған құралдармен қамтамасыз ету тәртібі белгіленген, асханалар жұмыс істейді, ауысым кестесі бойынша жұмыс жасайтын өндірістік цехтарда тамақ ішуге және демалуға арналған бөлмелер жабдықталған.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін жыл сайынғы еңбек демалысына шыққан кезде шипажай-сауықтыруға және стационарлық ем алуға арналған, сондай-ақ қызметкерлердің балалары үшін балаларға арналған сауықтыру лагерьлеріне жолдамаға төлеген кездегі шығынды ішінара және толық өтеу көзделген.

Жыл сайын «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында аурушаңдықтың алдын алу және саламатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөлінеді, спорттық объектілерді ұстап тұру мен жалға алуға, спорттық құралдарды сатып алуға және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге қаражат бөлінеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері тұрақты негізде оның ішінде қалалық және Компания мен Қор ұйымдастыратын спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары мен жарыстарға қатысады.

Есепті жылы корпоративтік мәдениетті дамыту аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында халықаралық әйелдер мейрамы – 8 наурыз, Наурыз мейрамы, Конституция күні, Энергетик күнін мерекелеуге орай мәдени-сауықтық іс-шаралар өткізіліп, жұмыста ерекше көзге түскен қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, мемлекеттік, ведомстволық және салалық – ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, «Kazenergy» мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы, ОЮЛ «Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы» ЗТБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т.б. наградалары тапсырылды.

Негізгі қызмет бойынша бөлгендегі жұмыспен толық қамтылған қызметкерлерге берілетін, бірақ жұмыспен уақытша қамтылған немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін төлемдер мен жеңілдіктер

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
1.	Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
1.3.	Жұмысқа жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Беріледі
1.4.	Ана болуға/әке болуға байланысты демалыс	Беріледі	Беріледі
1.5.	Зейнетақы беру (зейнеткерлікке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорттық емделу, баланың тууына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге материалдық көмек, сауықтыруға арналған материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

Біздің қызметкерлер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының адам ресурстарын басқару саясаты Компанияның бизнес-идеяларына сәйкес жоғары білікті қызметкерлерді тұрақты түрде тартуға және ұстап қалуға, оларды ынталандыруға, оқытуға

және кәсіптік тұрғыдан дамытуға бағытталған. Компания қызметкерлерді қатыстыруды арттыруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға, қызметкердің тиімді еңбек етуі мен өзінің танытуы үшін жағдай жасауға көңіл бөледі.

Персонал құрылымы

Есепті жылы Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 17 513 адамды құрады, бұл 2016 жылдың осы кезеңінен 21,3%-ға төмен. 2017 жылы қызметкерлер санының азаюы Компания активтерінің портфелін оңтайландыруға бағытталған іс-шараларды іске асыруға байланысты.

Әдеттегідей, Компания персоналының құрылымында өндірістік персонал басымдыққа ие, олардың саны есепті кезеңнің аяғында 15 847 адамды құрады. Жоғары және орта буын басшыларының санатына жатқызылатын қызметкерлердің үлесі 2017 жылы персоналдың жалпы санының 15,2%-ы деңгейінде болды.

Персоналдың сапалық көрсеткіштерінің есебі Компанияда жұмыс істейтіндердің орта жасы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 36-ның құрайтынын көрсетті. Персоналдың құрылымындағы негізгі үлесті 30 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер – жалпы санның 50%-ын, 30 жастағы қызметкерлер 19,5%, ал 50-ден асқандар 30,5%-ды құрайды.

Талдау жасалып отырған кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша Компанияда энергетика саласында жұмыс істейтіндердің

орташа жұмыс өтілі - 12 жыл. Персоналдың жалпы санын алып қарағанда, саладағы жұмыс өтілі 10 жылдан асатын қызметкерлер басым болып келеді, олардың үлесі - 46%.

Компанияда жұмыс істейтін қызметкерлердің білім деңгейіне жасалған талдау құрылымдағы қызметкерлердің 36,6%-ының жоғары кәсіби білімі бар екенін, оның ішінде бейінді энергетика саласындағы қызметкерлер үлесі 39,3% екенін көрсетті.


Компания гендерлік теңдік қағидатын ұстанады және өз құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асыру үшін әйелдерге әйелдерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Сөйтіп, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жұмыс істейтін әйелдердің саны 4 680 адамды құрады.

2017 жылы еңбек ресурстарының тұрақтамаушылық коэффициенті (себептердің барлық түрлері бойынша) 11,2% деңгейінде болды. Талдау жасалып отырған кезең ішінде Компанияға қабылданған жұмысшылардың саны 1 999 адамды құрады. Мұнда әкімшілік лауазымдар бойынша ашылған 602 бос орынның 99,8%-ы конкурстық рәсімдер өткізу арқылы жабылды.

2017 ЖЫЛЫ ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖЫНЫС БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САНЫ



2017 ЖЫЛЫ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ




2017 ЖЫЛЫ ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ТҮРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САНЫ




2017 ЖЫЛЫ ЖАЛДАУ ШАРТЫНЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ



2017 ЖЫЛЫ Өңірлер бойынша бөлгендегі кадр тұрақтамаушылығы




2017 ЖЫЛЫ ЖЫНЫСЫНА ҚАРАЙ БӨЛГЕНДЕГІ ЖАҢАДАН АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




2017 ЖЫЛЫ ЖҰМЫС КҮШІНІҢ Өңірлер бойынша бөлгендегі жалпы саны




2017 ЖЫЛЫ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ



2017 ЖЫЛЫ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ҚАЙТАДАН АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



2017 ЖЫЛЫ Өңірлер бойынша бөлгендегі қайтадан алынған қызметкерлер



Ұйым қызметкерлерінің жынысы, жас топтары бойынша бөлгендегі және азшылық өкілдері көрсетілген құрамы

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі, %
1.	Жынысы	17 513	–
1.1.	Ерлер	12 833	73,3
1.2.	Әйелдер	4 680	26,7
2.	Азшылық тобы (жауапкершілігі шектелген нәсілдік/этникалық, діни)	17 513	–
2.1.	Қазақтар	10 096	57,6
2.2.	Орыстар	5 174	29,5
2.3.	Украиндар	714	4,1
2.4.	Ұйғырлар	350	2,0
2.5.	Татарлар	331	1,9
2.6.	Немістер	262	1,5
2.7.	Белорусьтар	131	0,7
2.8.	Корейлер	65	0,4
2.9.	Басқа	390	2,2
3.	Жас топтары	17 513	–
3.1.	30 жасқа толмаған	3 421	19,5
3.2.	30-дан 50 жасқа дейінгілер	8 749	50,0
3.3.	50-ден асқан	5 343	30,5

Даму және мансаптық өсу

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында персоналды үздіксіз оқыту мен дамыту адам ресурстарын басқару саясатындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Біз әр қызметкердің кәсіби дағдылары мен біліктілігін дамыту арқылы оның тиімділігін арттыруды көздейміз.

Осы мақсатта бизнесті дамыту басымдықтарына, қызметкерлерді бағалау рәсімдерінің қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдарға, оқыту саласындағы және т.б. заманауи үрдістерге негізделген алуан түрлі оқыту бағдарламалары іске асырылуда.

Сондай-ақ персоналды оқыту мен дамыту жүйесінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі және т.б. саласындағы заңнамалық талаптармен реттелетін міндетті оқыту түрлеріне айрықша орын берілген.

Жеке оқу орталықтары мен техникалық сыныптар негізінде жұмысшыларды негізгі энергетикалық кәсіптер бойынша кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру бағдарламалары, инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін біліктілікті арттыру курстары іске асырылуда.

Меншікті оқу базаларын пайдалану қызметкерлерді оқыту, олардың кәсіби деңгейін көтеру мәселелерін уақытылы, сапалы және аз ғана шығынмен шешуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының белсенді түрде өзгеріп жатқанын ескере отырып, басшылар мен мамандарды оқытуға арналған бағдарламалардың басым бөлігі басқарушылық міндеттерді ойдағыдай шешу және нақты нәтижелерге қол жеткізу, көшбасшылық құзыреттерді, инновациялылықты, өзгерістарді басқару дағдыларын дамыту үшін заманауи кәсіби білім мен дағдыларды алуға бағдар ұстайды.

Қысқа мерзімді оқудан бөлек «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары магистратура, бакалавриат сияқты ұзақ мерзімді оқуға, сондай-ақ негізгі мамандық алу үшін үшін оқу мүмкіндігін бере отырып, қызметкерлердің өзінің кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі бастамасына қолдау көрсетеді.

2017 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының персоналды оқыту мен дамытуға салынған инвестициялары төлем қорының **0,8%-ы** деңгейінде болды, оқу курстарын бітірген қызметкерлер саны **13 800** адамнан асады.

Сонымен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында бизнес жайғасымдар үшін негізгі болып табылатын орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада сабақтастықты жоспарлау мәселелеріне өз алдына көңіл бөлінген.

Ағымдағы сәтте таланттар пулына жатқызылған қызметкерлер саны - 598 адам.

Қоғамда мансап құру барысында оларды ынталандыру және ізбасарларға қолдау көрсету мақсатында арнайы модульдік оқыту бағдарламалары мен MBA/EMBA/DBA қосымша

білім беру бағдарламалары іске асырылуда, жобаларға, тағылымдамаларға қатысу мүмкіндіктері беріліп, бос лауазымдарға орналасқан кезде басым құқықтарға ие болады.

Қызметкерлер санаты бойынша бөлгендегі жылына бір қызметкерді оқыту сағатының орташа саны

№	Персонал санаты	2017 жылдың аяғындағы жалпы саны	2017 жылы даярлауға арналған сағаттар саны	Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған сағаттардың орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	63	2 139	33,95
2.	ӘБП	1 356	32 791	24,18
3.	Өндірістік персонал	15 829	669 105	42,27
4.	Қызмет көрсетуші персонал	265	4 646	17,53

№	Персонал санаты	2016 жылдың аяғындағы жалпы саны	2016 жылы даярлауға арналған сағаттар саны	Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған сағаттардың орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	84	2 297	27,3
2.	ӘБП	1 632	109 282	66,9
3.	Өндірістік персонал	20 053	718 826	35,8
4.	Қызмет көрсетуші персонал	461	5 972	12,9

Персоналды бағалау

Компания 2017 жылы Компанияның Трансформациялау бағдарламасы аясында қызметкерлердің Қоғамның мақсатты ұйымдық құрылымы лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына (Job matching) сәйкестігін бағалау бойынша іс-шараларды іске асыруды ұсынды.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның (бұдан әрі - Қор) ұсынымдарына сәйкес, Job matching «жоғарыдан – төменге» қағидаты бойынша басқару деңгейлеріне қарай жүзеге асырылды.

СЕО-1 деңгейінің ұстанымы мен СЕО-2-нің негізгі ұстанымы үшін сәйкестік бағасын арнайы құрылған Қор комитеті өткізді. Job matching лауазымдарға қойылатын жаңа талаптарды әзірлеуден, келісуден, бекітуден бастап үміткерлер мен қызметкерлерге көпдеңгейлі бағалау жүргізгенге дейін барлық белгіленген кезеңдерді сақтай отырып жүзеге асырылды.

Компанияның ішкі комитеттері негізгі және одан төмен тізбеге жатқызылмаған СЕО-2 деңгейінің ұстанымға сәйкестігіне бағалау жүргізді, оның құрамына Қор, Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығының өкілдері мен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері кірді.

Сәйкестік бағасының периметрі Қоғамның нақты санының 100%-ын құрады, қызметкерлердің 82,6%-ы лауазымға қойылатын жаңа талаптарға сай және 12,1%-ы лауазымға қойылатын жаңа талаптарға 1 (бір) жыл ішінде сай болады деп танылды.

Бұған қоса, Job matching жобасының аясында Қоғам қызметкерлерін кадр резервіне қою, олардың кәсіби/жеке құзыреттерін дамыту қажеттігі және т.б. туралы ұсынымдар қалыптастырылды.

Ұсынымдарға сәйкес, Компания басшылары мен қызметкерлері үшін жеке даму жоспарлары әзірленді, олар жобалық басқару, лидерлік дағдыларын дамытуды, қызметтің қадағалайтын бағыттары бойынша үздік халықаралық тәжірибелерді зерттеуді және т.б. көздейді.

Қызметкерлер біліктілігінің олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін анықтау үшін Компания еншілес компанияларында мерзімділікпен аттестациялау іс-шаралары жүргізіледі. 2017 жылы «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ қызметкерлеріне аттестация өткізілді.

Біздің жастарымыз

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жастармен жұмыс жүргізуге айрықша көңіл бөлінеді, бұл жоғары білікті жас мамандардың кадрлық қорғалуын және дайындығын қамтамасыз етеді.

2017 жылы жастар саясатын дамыту аясында Компания Қормен бірлесіп, түрлі бағдарламаларды белсенді түрде іске асырды, олардың қатарында «Жас Отан» жастар қанатының студенттерге арналған «Жас Өркен», «Сәтті қадам» тағлымдамалары, «EXPO Samr» бар, Қазақстан бойынша балаларға арнап «Туған елге саяхат» экскурсиялық туры өткізілді.

Ағымдағы жылы Компания Алматы энергетика және байланыс университетінің мұрындық болуымен болашақ энергетиктер арасында дәстүрлі түрде өткізілетін физика-математика пәндері бойынша республикалық олимпиадаға қатысты, оның аясында Компания 8 (сегіз) студентке 2016 жылғы олимпиада қорытындысы бойынша оқуға шәкіртақы бөлді. 2017 жылы 2016 жылғы олимпиаданың қорытындысы бойынша Компания төрт студентке шәкіртақы тағайындады.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары көп жылдар бойында ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту, сондай-ақ студенттердің өндірістік, дипломалды тәжірибелері мен тағлымдамалардан өтуіне, дуальды білім беру бағдарламаларын іске асыруға алаң ұсына отырып, бейінді білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асырып келеді.

Сондай-ақ, қазіргі кезде Компания Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында энергетика саласының мамандықтары бойынша жас мамандарға дуальды білім беру жүйесін дамыту және оларды даярлау сапасын арттыру мақсатында Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландыратын инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету жобасын іске асыруда. Аталған жоба шеңберінде Қазақстандағы электрмен жабдықтау секторы үшін кәсіби дайындық саласындағы негізгі проблемаларға қысқаша бағалау жасалатын болады, дуальды білім беру бағдарламаларын іске асырған кездегі кедергілерді жою үшін нақты ұсынымдар дайындалып, жас лидерлерді дамыту бағдарламалары мен біліктіліктер бойынша стандарттар әзірленетін болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2017 жылы жастар активі **3 421** адамды құрады.

Ынталандыру және сыйақы

Қоғам бәсекеге қабілетті жалақы деңгейі мен кеңейтілген әлеуметтік топтаманы ұсына отырып, өз қызметкерлеріне қамқорлық жасайды. Осы мақсатпен Компания жыл сайын еңбек нарығына шолу жасайды, ол Компания жа-

Жас қызметкерлер Шымкент пен Астана қалаларында Қор жанынан құрылған Жастардың сараптамалық-консультативтік кеңесі аясындағы кездесулерге, сондай-ақ «PRIME GAMES» зияткерлік ойынына қатысып, құрметті 3-ші орынға ие болды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жұмыс істейтін жастардың қоғамдық ұйымдары мен қозғалыстарының белсенді қатысуының арқасында ағымдағы жылы мереке күндеріне орай бірқатар корпоративтік іс-шаралар, кәсіби шеберлік конкурстары мен шығармашылық конкурстар, экологиялық және басқа мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілді.

Сөйтіп, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның жастар ұйымы жалпықалалық және облыстық Көңілділер және тапқыштар клубын (КВН), «Тілек ағашы» қайырымдылық акциясын өткізуге, Екібастұз қаласының құрылғанына 60 жыл толу мерейтойын мерекелеуге, еңбек етіп жатқан жастардың облыстық форумдарына, Жеңіс күніне, Балаларды қорғау күніне арналған қалалық мерекелік концерттерге және т.б. қатысты.

Жас ұрпақ арасында саламатты өмір салтына қолдау көрсету үшін «Алатау Жарық Команиясы» АҚ-да 2017 жылы армреслинг пен шахматтан, волейбол мен мини-футболдан жарыстар өткізілді, сондай-ақ Алматыда жүгіруден 6-марафонға қатысып, Алматы қ. Наурызбай ауданының мекемелері арасында мини-футболдан өткен жарыстар (1-орын) ұйымдастырылды.

2017 жылы 26 мамырда «Алматы Электр Станциялары» АҚ-да «Жарқын Болашақ» жастар ұйымының II форумы өтті, оған 120-дан астам жас маман қатысты. Бұдан бөлек, Компания жастары ағаш отырғызу бойынша «Алма Қала» және ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығында өткен «Алматы – АИТВ-сыз қала» акцияларына қатысты, Көк жайлау шатқалына жаяу жорық жасады, сондай-ақ «Жастар – саламатты өмір салты үшін!» ұранымен саламатты өмір салтын қолдауға арналған кезекті велосипед жарысын өткізді.

«Богатырь-Көмір» ЖШС-ның Жастар қозғалысының күшімен «Мамандығы бойынша үздік» кәсіби шеберлік конкурсы, «Өз жұлдызыңды жақ» шығармашылық конкурсы, «Ғаламшарды тазарақ етейік» экологиялық десанттар акциясы өткізілді.

лақысының сыртқы нарықпен салыстырғандағы бәсекеге қабілеттілігіне талдау жасауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, 2017 жылы жалақының өсуі кемінде 7%-ды, ал бірқатар өңірлерде 12%-ға дейін құрады. Жалпы алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында персоналды ұстап тұруға жұмсалатын шығын өткен жылмен салыстырғанда 11%-ға өсті.

Компания қызметкерлерінің орташа жалақысы 2017 жылы сәйкес көрсеткішке қатысты **9,2%-ға – 181 300 теңгеден 198 051 теңгеге** өсті. Өндірістік персоналдың орташа жалақысының өсімі **9,9%-ды** құрады – **167 055 теңгеден 183 641 теңгеге** дейін, әкімшілік персоналдың жалақысы **–7,4%-ға, 346 449 теңгеден 372 137 теңгеге** дейін.

Ұйым қызметінің бірқатар салаларындағы жалақының бастапқы деңгейі мен белгіленген ең төмен жалақы арасалмағының диапазоны

№	Көрсеткіш	Мәні (2017 ж.)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төмен жалақы	24,5	мың теңге
2.	Бірқатар қызмет ету өңірлеріндегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы	124,6	мың теңге
2.1.	Ерлер	126,3	
2.2.	Әйелдер	132,8	
3.	Арасалмағы	508	%
3.1.	Ерлер	515	%
3.2.	Әйелдер	542	%

№	Көрсеткіш	Мәні (2016 ж.)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төмен жалақы	24,5	мың теңге
2.	Бірқатар қызмет ету өңірлеріндегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы	122,7	мың теңге
2.1.	Ерлер	120,9	
2.2.	Әйелдер	124,4	
3.	Арасалмағы	501	%
3.1.	Ерлер	493	%
3.2.	Әйелдер	508	%

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында еңбекке ақы төлеу жүйесі әділдік пен ашықтыққа негізделіп, мынадай қағидаттарға құрылады:

- жеке еңбек тиімділігін арттыру арқылы қызметкерлерді бизнес мақсаттарына қол жеткізуге ынталандыру;
- өңірлік ерекшеліктер мен бизнестің ерекшелігін ескергенде, еңбек нарығындағы әлеуметтік топтаманың бәсекеге қабілеттілігі;
- ашықтық – барлық қызметкерлердің құпиялылықты сақтай отырып, сыйақы құрылымы мен деңгейін қалыптастыру қағидаттарын түсінуін қамтамасыз ету;

— еңбекке ақы төлеу жүйесінің Жалғыз акционердің әлеуметтік саясатына және қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігі.

Компанияда қызмет тиімділігін басқарудың (ҚТБ) кешенді жүйесі жұмыс істейді, ол қызметкерлердің нәтижелілігін де, сондай-ақ олардың әлеуетін дамыту деңгейін де ескереді. Жалақының өзгеруі тікелей берілген баға нәтижелеріне байланысты.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша тиімділікті бағалау жүйесі қызметкерлердің жалпы санының **10%-ын** қамтиды..

Мансабының нәтижелілігі мен дамуына мерзімдік бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2017 жылдың аяғындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік)	17 513
2.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	1 748
2.1.	Ерлер	1 021
2.2.	Әйелдер	727
3.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	10%
3.1.	Ерлер	6%
3.2.	Әйелдер	4%

«Жергілікті қоғамдастықтар» аспектісі

Компания бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында бірталай жылдардан бері қатысу өңірлерін дамытуға өзінің үлесін қосып келеді және жергілікті қоғамдастықтармен Компанияның жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, әлеуметтік қолдау көрсетуге және т.б. қатысу мәселелері бойынша үздіксіз өзара қарым-қатынас жасайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері қайырымдылық шараларына жүйелі түрде қатысады – табиғат апаттарынан зардап шеккен адамдарға, тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетеді.

Сонымен, ағымдағы жылы **«ЕГРЭС-1» ЖШС** қызметкерлерінің ерікті жарналарына екі мектепте - № 9 және № 11 мектептерде оқып жатқан 120 мұқтаж балаға көмек көрсетіліп, мектеп формасы, спорттық киім, аяқ киім, сондай-ақ тұрмысы төмен отбасылардағы 140 балаға азық-түлік топтамасы түрінде көмек көрсетілді. «Мектепке жол» акциясы аясында және Құрбан айтты мерекелеуге барлығы 260 балаға 2 042 мың теңгеге көмек көрсетілді. Шідерті кентінде өрттен зардап шеккен сегіз отбасына 1 629 мың теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді. 1 369 мың теңге сомаға азық-түлік ретінде қайырымдылық көмек су тасқынынан зардап шеккендерге көрсетіліп, Петропавловск қаласына көмек поезының составымен жіберілді. Балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар мен мүгедек балаларға 2 072 мың теңгеге киім, аяқ киім, тәтті сыйлықтар түрінде материалдық көмек көрсетілді.

Солнечный кентінің қала құраушы кәсіпорны бола отырып, **«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ** кәсіпорынның балансында және құрылымында әлеуметтік сала объектілерін: емдеу-сауықтыру қызметтерін, бассейн, қонақүй түріндегі жатақхана, аумақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша учаскелерді сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады. Жыл сайын станция бюджеті қаражатынан оларды ұстап тұруға және жұмыс істетуге қаражат бөлінеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша толық ауқымдағы жұмыстарды жүргізеді. 2017 жылы көрсетілген қайырымдылық көмектің негізгі бағыттары мыналар:

1. Өңірді дамыту – 70 000 мың теңге.
2. Халықтың әлеуметтік-қорғалмаған тобына қолдау көрсету – 3 836,2 мың теңге (ҰОС ардагерлері, мүгедектер, зейнеткерлер, көп балалы отбасылар). Емдеуге, баспананы жөндеу үшін құрылыс материалдарына қаражат бөлінді.
3. Жетім балаларға, халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобының балаларына жазғы демалысты ұйымдастыру мақсатында демеушілік көмек ретінде 11 505 мың теңге, сондай-ақ «Қарлығаш» БДО-ға тегін жолдамалар бөлінді:
 - «Екібастұз қ. әкімдігінің білім беру бөлімі» ММ – 115 жолдама;
 - Баянауыл ауданының әкімдігі – 10 жолдама;

- «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерге арналған баспана» КММ – 40 жолдама;
 - № 28 станциялық сайлау округі – 30 жолдама.
4. Діни конфессияларға көмек – 10 800 мың теңге: Екібастұз қалалық мешіті, Екібастұз қ. Серафим-Ивер шіркеуі.
 5. Коммерциялық емес ұйымдарға қайырымдылық көмек – 34 344 мың теңге, оның ішінде:
 - жеке тұлғаларға қайырымдылық көмек – 20 304,0 мың теңге;
 - спорттық жарыстар, мерекелер өткізу – 14 041 мың теңге.

«Богатырь Көмір» ЖШС адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған алуан түрлі әлеуметтік бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетеді, қалада өтетін әлеуметтік бағдарламаларға белсене қатысады. Қаланың тау-кен муниципалдық округінің балаларға арналған ойын және спорттық алаңдарын абаттандыру бойынша орасан зор жұмыстар атқарылды. Балалар алаңдары жөнделіп, қалпына келтірілді, құм төгетін алаңдарға құм төгілді, «Шахтер» саябағы абаттандырылды, ұлы ақын әрі ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына ескерткіш қойылып, Қонаев көшесіне бағдаршам орнатылды.

2017 жылы құрылымдық бөлімшелердің ұйымдары бекітілген аумақты абаттандыру мен көгалдандыру бойынша жұмыстарды жүргізді, іргелес жатқан аумақты жоспарлап, гүлзарлар мен жас өскіндерді отырғызу бойынша жұмыстар жүргізілді. Есепті кезең ішінде аумақты абаттандыру мен көгалдандыруға жұмсалған шығын 2 604,5 мың теңгені құрады. Екібастұз қаласының 60-жылдығына қала саябағына 481 мың теңгеге 60 ағаш отырғызылды.

Ай сайын, 2-тоқсаннан 3-тоқсанға дейін **«Богатырь Көмір» ЖШС-ның** еңбек ұжымы жалпықалалық сенбіліктер мен «таза жұма» акцияларына белсенді түрде қатысты. Оларға барлығы «Богатырь Көмір» ЖШС-ның 1 600-ден аса қызметкерлері мен 95 бірлік техника қатысты.

Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және демалыс сапасын арттыру үшін «Жасыбай» ДО аумағында демалыс орталығының инфрақұрылымына қолдау көрсету бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстары өткізілді.

Демалыс үйінде он бір жазғы маусым бойында 3 193 адам демалды, ол 2016 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 183 адамға көп. Балаларға арналған сауықтыру орталығында 1 297 бала демалды, ол 2016 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 260 балаға көп. Жетім және тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан балалар үшін 200 орын бөлінді.

«Шардара СЭС» АҚ қызметкерлері өз күштерімен 92 500 теңгеге жалпы саны 730 жас өскін ағаштар және көпжылдық гүлдерді отырғызды.

«Мойнақ ГЭС» АҚ Мойнақ кенті аумағында орналасқан балалар үйіне тұрақты қолдау көрсетеді.

Компания кәсіпорындары халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында жергілікті жұмыспен қамту органдарына деректер базасына ағымдағы бос орындар мен болжанатын жұмыс орындарын енгізу үшін еңбек шарттары мен жалақысын көрсете отырып, бос жұмыс орындарының бар екені туралы мәліметтерді жібереді.

Компания кәсіпорындары тұрақты негізде жалпықалалық сенбіліктерге, іргелес аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыруға қатысады, діни конфессиялармен және қоғамдық қорлармен өзара іс-қимыл жасайды, зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедектерге, жалғызбасты аналарға материалдық көмек, ай сайынғы демеуқаржы, біржолғы ақшалай төлем, азық-түлік себеті, жеңілдікті жолдамалар және т.б. көрсетеді.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ тобы сақтық қағидаттарының негізгі ережелерін ұстанатынын атап өту қажет. Жаңа жобалар мен объектілерді іске қосар алдында Компания қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау аясында әсерді бағалау процесінде қоғамдық пікірді анықтау және оны есепке алу мақсатында жоспарланатын қызмет пен оның әсерінің болуы мүмкін екені туралы міндетті түрде жұртшылықты хабардар етуге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады.

Компанияда Мүдделі тараптармен коммуникациялар жоспары әзірленді, онда әрбір жеке стейкхолдерлер тобын хабар-

«Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» аспектісі

2016 жылы желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ-да Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты өзектендірілді. Саясат «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің, сондай-ақ өзге де тұлғалардың бойында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның алаяқтық пен жемқорлық іс-қимылдарын кез келген нысанда және кез келген көріністерде қабылдамайтыны туралы бірыңғай түсінікті қалыптастыру, сондай-ақ алаяқтық және «Самұрық-Энерго» АҚ-ны сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатыстыру тәуекелдерін мейлінше азайту мақсатында әзірленді.

Саясаттың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіні «Самұрық-Энерго» АҚ веб-сайтында орналастырылды.

2017 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық қызметкерлері Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатпен 100% таныстырылды.

Жыл сайын «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты бойынша білімі тексеріліп, тестілеу өткізіледі. «Самұрық-Энерго» АҚ мен ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ жыл сайын «Самұрық-Энерго» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шара-

дар ету бойынша іс-шаралар әзірленген, неғұрлым толық ақпаратты сіз «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» бөлімінен табасыз.

«Самұрық-Энерго» АҚ тобында арыз берудің ресми механизмі көзделген. Қолданыстағы заңнамаларда, бизнесті жүргізудің немесе «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этика кодексінің базалық қағидаттарында болжанатын бұзушылықтар, сондай-ақ Компания үшін маңызды мұндай бұзушылықтарға уақытылы жауап беру көзделген. Жымқыру, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және басқа бұзушылықтардың кез келген орын алған немесе болжанатын фактілері туралы мына телефонға - 8 800 080 19 94 қоңырау соғып немесе sk.hotline@deloitte.kz электронды поштасына хабарлама жіберіп немесе Компанияның <https://www.samruk-energy.kz/ru/hotline> сайтындағы «Хабарлама қалдыру» батырмасын пайдалана отырып, хабарлауға болады.

Барлық хабарламаларды тәуелсіз компания қабылдап, өңдейді. «Жедел желіге» келіп түскен хабарламалар «Самұрық-Энерго» АҚ-ның кәсіби және құпия қарауды қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлеріне беріледі. Хабарламаңызды неғұрлым тиімді өңдеу мақсатында сізге байланыс ақпаратын қалдыру ұсынылады, алайда сіз сонымен бірге иесін көрсетпей хабарлама қалдыра аласыз. Барлық иесі көрсетілмеген хабарламалар қаралады..

лар жоспары әзірленеді. Барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде орындалады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жоқ.



06

АУДИТ

Компанияның ішкі аудиті

Ішкі аудит қызметінің жұмысы кәсіби ішкі аудит тәжірибесінің халықаралық негіздеріне құрылған және Ішкі Аудиттің Халықаралық Кәсіби Стандарттарына сәйкес деп танылған.

Өз дағдыларымыз бен білімімізді қолдана отырып, біз Компания мен оның ЕТҰ-ларында тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар ұсыну арқылы Компанияға пайда келтіреміз.

Қызмет функционалдық бағынуы тұрғысынан Компанияның Директорлар кеңесіне, әкімшілік тұрғыдан Компания Басқармасына есеп береді. Қызметтің жұмысын Аудит комитеті қадағалайды. Қызмет жетекшісі мен мүшелерін Директорлар кеңесі тағайындайды.

2017 жылы Кеңес саны 7 адамнан тұрды.

Ішкі аудиторлар тұрақты түрде үздіксіз кәсіби дамуға көңіл бөледі. Сөйтіп, Қызмет қызметкерлерінің CIA ішкі аудиторының халықаралық сертификаты, IFA Халықаралық Аудит және Менеджмент Институтының (DipIFA) дипломдары, CAP ЕССБА халықаралық сертификаты, Ұлыбритания Қаржы менеджерлері институтының (DipPIA және DipCPA) дипломдары бар.

Ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары мыналар:

- ▶ Компания мен оның ЕТҰ-ларын корпоративтік басқару, операциялық (өндірістік және қаржылық) қызмет саласындағы, сондай-ақ олардың ақпараттық жүйелеріндегі тәуекелдерді ішкі бағалау тәуекелдерін, барабарлығын және тиімділігін бағалау;
- ▶ Компания мен оның ЕТҰ-ларындағы этикалық стандарттар мен құндылықтарға сәйкес келетін қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарын ендіру мен оның сақталуын бағалауды қоса алғанда, Компания мен оның ЕТҰ-ларындағы корпоративтік басқару жүйесіне бағалау (диагностика) жүргізу;
- ▶ Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының стратегиялық мақсаттары аясында олардың алдына қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету үшін Компания мен оның ЕТҰ-ларының бөлімшелерінде қолданылатын шаралардың барабарлығын бағалау;



► Директорлар кеңесіне, Атқарушы органға, Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды және ішкі аудитті ұйымдастыруды жетілдіру мен ұйымдастыру мәселелері бойынша консультациялар беру.

Тәуекелдерге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарларды Компанияның Директорлар кеңесі қарап, бекітеді.

Барлық жоспарланған аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында Қызмет Директорлар кеңесіне өзінің кімнің болмасын ықпалына тәуелді емес екенін дәлелдеді.

Қызмет пен оның басшысының НҚК-сі Компанияның стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысын «ТИИМДІ» деп бағалады.

Компанияның сыртқы аудиті

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық - Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудитору PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) фирмалар желісі болып табылады.

PwC дүниежүзілік энергетикалық тобы энергетика саласындағы 4,000 маманның құрамында әлемдік желі арқылы энергетика нарығының әрбір секторында жұмыс істейтін клиенттерге консультациялық қызмет ұсынуға маманданады. Қазақстандағы PwC қызметкерлерінің барынша қиын әрі техникалық тұрғыдан күрделі жобалармен жұмыс істеу тәжірибесі бар.

Неғұрлым толық ақпаратты www.pwc.kz сайтынан алуға болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілік арқалайтын серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2012 жылдан 2015 жылға дейін аудит үшін Дана Іңкәрбекова негізгі жауапты серіктес болды. 2016 жылдан бастап - Бауыржан Бұрханбеков.

Мұның үстіне, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудитору лауазымына тағайындаған (сайлаған) датаның алдындағы екі жыл ішінде аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

PwC Компанияның мына ЕТҰ-ларында аудит жүргізеді:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008-2010, 2012-2017 гг.
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желідегі электр энергиясын техникалық бөлу қызметі	2010, 2012-2017 гг.
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру	2010, 2012-2017 гг.
«АлматыЭнергосбыт» ЖШС	Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008-2010, 2012-2017 гг.
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012-2017 гг.

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ	Маңғыстау облысының мұнай және басқа компанияларына электр энергиясын тасымалдау, желідегі электр энергиясын техникалық бөлу, сонымен қатар шалғай ауылдық аудандарға электр энергиясын сату бойынша қызмет	2008-2010, 2012-2016 гг.
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2005-2009 гг.
«Шығыс Қазақстан аумақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	Электр энергиясын жеткізу және тарату	2012-2017 гг.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008-2010, 2012-2017 гг.

Аудиторлық ұйымға аудиторлық қызмет үшін және 2017 жылғы қаржылық есептілікке байланысты емес жеке қызмет үшін төленген сыйлықақы:

Қызмет	2017 жыл
Аудит	27 499 808 теңге
Оқыту	7 829 248 теңге

Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС сыртқы аудиторуның пікірінше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес компанияларының 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды қарым-қатынастарындағы қаржылық

жағдайын, сонымен қатар оның жыл ішіндегі аталған күні аяқталған қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражатының қозғалысын дұрыс көрсетеді.

07

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компания өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын ұстанатындығын мәлім етеді. Осы Есепті әзірлеуде мүдделі тараптардың ұсыныс-пікірлері ескерілді, сондай-ақ G4 Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес барлық негізгі аспектілер қамтылды. Бұған қоса «Есептегі стандартты элементтердің орналасуын көрсететін кесте Нұсқаулыққа сәйкес әзірленген Есептің негізгі нұсқасы үшін GRI мазмұнының көрсеткіші қоса ұсынылып отыр. Компания Есеп мазмұны мен сапасына қатысты төмендегідей қағидаттарды ұстанады

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және маңыздылық

Кәсіпорынның Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Энерго» АҚ Орнықты даму жөніндегі нұсқаулығына сәйкес есепті жариялаудың маңызды аспектілері анықталып, басты тақырыптар нақтыланды. Осы есеп «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» (бұдан әрі – G4 нұсқасының GRI) есебін дайындау қағидаттарын ескере отырып, электр энергетикасы (Electric utility, EU) саласындағы GRI салалық хаттамасына, БҰҰ Жаһандық шарты есептілігінің талаптарына, сондай-ақ Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес әзірленді. Компания жыл сайын өзінің стейкхолдерлері үшін толық шынайы және маңызды ақпарат әзірлеу мақсатында мүдделі тараптар картасын және маңыздылық матрицасын өзектендіріп отырады.

Орнықты даму мәнмәтіні

Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық, әлеуметтік аспектілерге қатысты өзіндік үлесі туралы ақпарат береді.

Толықтық

Есеп көрсеткіштері мен мазмұны Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға қатысты үлес-қызметін толық көрсету үшін жеткілікті болып табылады.

Теңгерімділік

Осы Есепте Компанияның есепті жыл ішіндегі жұмыс нәтижелерінің оң және теріс аспектілері толық көрсетіледі.

Салыстырмалылық

Осы Есепті пайдаланатын мүдделі тұлғалар Компанияның қаржылық және өндірістік көрсеткіштері туралы ұсынылған ақпаратты өткен кезеңдегі нәтижелермен және оның мақсаттарымен салыстыра алады.



Дәлдік

Есепте ұсынылған ақпарат мүдделі тараптардың осы есепті кезең ішіндегі Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретіндей деңгейде дәл және толық болып табылады. Ақпарат сапалық сипаттаулар ғана емес, сандық деректермен де көрсетілген.

Уақытылы орындалуы

Есеп жыл сайын, ағымдағы жылдың 30 шілдесіне дейін ұсынылады, бұл осы Есепте көрсетілген ақпараттың өзектілігін бағалауға мүмкіндік береді. Есеп корпоративтік веб-сайтта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде барлық стейкхолдерлердің назарына бірдей уақытта ұсынылады.

Ашықтық

Есепте берілген ақпарат мүдделі тұлғаларға түсінікті және қол жетімді нысанда баяндалған.

Сенімділік

Осы Есепті әзірлеу кезеңінде ұсынылған ақпарат алдын ала талданып-сараланып және мүдделі тараптардың осы есепті тексеруге және оның мазмұнының шынайлық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретіндей нұсқада жария етілді.

Есептің қамту саласы мен шекараларын шектеу

Қоғамның осы Есепте көрсетілген 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2016 жылғы есебі ТОО «ПрайсотерхаусКуперс» ЖШС («РwC») тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады. Осы Есеп аясында компанияның экономикалық қызметі, орнықты даму, қаржы-операциялық нәтижелер бойынша ақпарат келтірілген. Ақпарат пен сандық мәліметтер 2017 жылды қамтиды, көрсеткіштер бойынша берілген ақпаратты салыстыру және талдау жасау үшін қолдануға болатын тұстарда 2015 және 2016 жылдардың да деректері пайдаланылды.

Компанияның 2017 жылғы аудит өткізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмендегідей ЕТҰ қызметтерінің көрсеткіштері пайдаланылды:

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Есепте болашаққа қатысты келтірілген мәліметтер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Жоспар» мақсатындағы «санайды», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «көздейді», «жоспарлайды» секілді сөздер мен осы мазмұндас сөздер ақпараттың болжамдық мағынада екенін көрсетеді. Нақты нәтижелердің жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай айырмашылықтары болуы мүмкін. Болжамдық

Деректер жыл сайын мемлекеттік органдарға ұсынылатын ресми есептілік мазмұнына негізделіп әзірленді. Бірқатар көрсеткіштер ішкі аудит рәсімдері аясында компанияның жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жинақталды және есептелді.

Қоғам Есебінде көрсетілген өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есепке алу, жинақтау және біріктіру Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша нұсқаулық пен Қоғамды корпоративтік басқару рәсімдерінің қағидаттарына мен талаптарына сәйкес жүргізілді Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әр санаты бойынша сандық мәліметтердің қате берілу ықтималдығы барынша азайтылды. Сандық мәліметтер жалпыға бірдей қабылданған өлшем бірліктерін пайдалану арқылы көрсетілген және стандартты коэффициенттердің көмегімен есептелді.

Есеп барлық мүдделі тараптарға 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы қызметінің нәтижелері мен жетістіктеріне шолу ақпаратын электронды нұсқада, қағаз жеткізгіште немесе онлайн нысанында ұсынады. Компанияның өткен жылғы Біріктірілген жылдық есебінің жарияланған күні - 2017 жылғы 1 маусым.

«АлЭС» АҚ (100%), «АЖК» АҚ (83,56%), «Шардара СЭС» АҚ (100%), «ГРЭС-1» ЖШС (100%), «Мойнак СЭС» АҚ (100%), «ПВЭС» ЖШС (100%), «Samruk-Green Energy» ЖШС (100%), «EWP» ЖШС (100%), «Шүлбі СЭС» АҚ (92,14%), «Бұқтырма СЭС» АҚ (90%), «Усть-Каменогорская ГЭС» АҚ (89,99%), «Казгидротехэнерго» ЖШС (100%), «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (100%), «Energy Solutions Center» ЖШС (100%), «Энергия Семиречья» ЖШС (51%), Forum Muider (50%), «ГРЭС-2» АҚ (50%), «БТЭС» АҚ (49,99%).

Орнықты даму туралы есепте есеп беру шоғырландырылған қаржы есептілігіне немесе ұқсас құжаттарға енгізілген шеттен тыс заңды тұлға туралы ақпарат жоқ.

мәлімдемелер Есеп жарияланған күнге ғана жарамды. Компания болжамды мәлімдемелердегі күтілетін қызмет нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қаралмайды және қарала алмайды.



08

ЕСЕПТИҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК КЕСТЕСІ



GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
Стратегия және Талдау			
G4-3	Ұйымның атауы	27	Қолданылмайды
G4-4	Негізгі өнім және қызмет түрлері	30	Қолданылмайды
G4-5	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	160	Қолданылмайды
G4-6	Ұйым жұмыс істеп жатқан елдердің саны және ол негізгі қызметін жүзеге асыратын немесе есепте қамтылған орнықты даму мәселелері тұрғысынан алғанда айрықша маңызды болып табылатын елдердің атаулары	30	Қолданылмайды
G4-7	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	27,28	Қолданылмайды
G4-28	Ақпарат ұсынылатын есепті кезең	146	Қолданылмайды
G4-29	Орнықты даму саласындағы алдыңғы есептің жарияланған күні	146	Қолданылмайды
G4-30	Есептілік циклы	146	Қолданылмайды
G4-31	Аталған есепке немесе оның мазмұнына қатысты мәселелер бойынша жүгінуге болатын байланыстырушы тұлға	160	Қолданылмайды
G4-32	GRI нұсқаулығымен «сәйкес» Есепті дайындау нұсқасын анықтау. Таңдалған есепті дайындау нұсқасы үшін GRI мазмұнының индексі.	146,150	Жоқ
G4-17	a. Есептіліктері шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе осыған ұқсас құжаттарға енгізілген барлық заңды тұлғаларды санамалап көрсету	146	PWC
	b. Орнықты даму саласындағы есептілікте есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе осыған ұқсас құжаттарға енгізілген қандай да бір заңды тұлға туралы ақпараттың бар-жоқтығы туралы ақпарат	146	Жоқ
G4-18	a. Есеп мазмұны мен Аспектiлер шекараларын анықтау әдiстемесi	114	Жоқ
	b. Есеп мазмұнын анықтау кезiндегi Есептiлiктi дайындау қағидаттарын қолдану	145,146	Жоқ
G4-19	Есеп мазмұнын анықтау процесiнде анықталған барлық маңызды Аспектiлердiң тiзiмi	115	Жоқ
G4-20	Ұйым iшiндегi әрбiр Аспект шекарасы бойынша ақпарат, атап айтқанда: аталған Аспым iшiнде маңызды болып табыла ма; егер аталған Аспект ұйымның құрамындағы барлық заңды тұлғалары үшiн маңызды болып табылмаса (G4-17-де ұсынылған), келесi екi әдiстi таңдаңыз және келтiрiңiз немесе: <ul style="list-style-type: none"> ▶ G4-17 көрсетiлген және аталған Аспект маңызды болып табылмайтын заңды тұлғалардың немесе заңды тұлғалар тобының тiзiмi, немесе ▶ G4-17 көрсетiлген және аталған Аспект маңызды болып табылмайтын заңды тұлғалардың немесе заңды тұлғалар тобының тiзiмi ▶ ұйым iшiндегi Аспектiнiң шекарасына қатысты барлық айрықша шектеулер туралы ақпарат көрсетiлсiн. 	114,115	Жоқ
G4-21	a. әрбiр бар Аспект бойынша ұйымның шегiнен тыс Аспектiнiң шекарасын анықтау, атап айтқанда: аталған Аспект ұйымның шегiнен тыс маңызды болып табыла ма; егер аталған Аспект ұйымның шегiнен тыс маңызды болып табылса, аталған Аспект маңызды болып табылатын заңды тұлғалардың тобы немесе объектiлерi көрсетiлсiн. Аталған Аспект маңызды болып табылатын көрсетiлген заңды тұлғалар үшiн географиялық аймағы да; ұйымның шегiнен тыс Аспектiнiң шекарасына қатысты барлық айрықша шектеулер туралы ақпарат көрсетiлсiн.	116-139	Жоқ

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
G4-22	Алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштердің барлығын қайта тұжырымдау салдарлары мен мұндай қайта тұжырымдау себептері туралы ақпарат	БҚҚ	PWC
G4-23	Алдыңғы есепті кезеңдермен салыстырғанда Аспектiлердi қамту мен оның шекараларының маңызды өзгерiстерi туралы ақпарат	115	Жоқ
G4-1	Ұйымда шешiм қабылдайтын ең үлкен басшының мәлiмдемесi	12-13	Қолданылмайды
G4-9	Қоғам компаниялар тобы бойынша ұйымның ауқымы – үш жыл iшiндегi көрсеткiштермен салыстырғанда, соңғы жылдағы өзгерiстер (қызметкерлердiң жалпы саны, бөлiмшелердiң жалпы саны, таза табыстар, жеткiзiлетiн өнiмдер мен қызметтердiң көлемi)	5	Жоқ
G4-12	Ұйымдағы жеткiзiлiмдер тiзбегi	83	Жоқ
G4-13	Ұйымның ауқымындағы, құрылымындағы немесе меншiгiндегi немесе оның жеткiзiлiмдер тiзбегiндегi бөлiмшелерге немесе олардың орналасқан жерлерiне қатысты өзгерiстердi; кәсiпорындардың ашылуын, жабылуын және кеңеюiн; акционерлiк капиталдың құрылымындағы өзгерiстер мен капиталды қалыптастыру, ұстап тұру немесе өзгерту бойынша iс-қимылдарды (жеке секторды ұйымдастыру үшiн); өнiм берушiлердiң, құрылымдардың орналасқан жерлерiнiң өзгеруiн қоса алғанда, есептi кезең iшiнде болған барлық маңызды өзгерiстерi	7,8	PWC
G4-8	Ұйым жұмыс жасайтын нарықтар (географиялық бөлiнiстi, қызмет көрсетiлетiн салаларды, сонымен қатар тұтынушылар мен бенефициарларды қоса алғанда)	20-24	Қолданылмайды
G4-34	Корпоративтiк басқару құрылымы	88	Жоқ
G4-35	Акционерлер туралы ақпарат , иелену құрылымы, құрылымдағы, меншiктегi маңызды өзгерiстер	88	Қолданылмайды
	Жоғары дәрежедегi атқарушы басшылар мен басқа қызметкерлерге корпоративтiк басқару жөнiндегi жоғары органнан экономикалық, экологиялық және әлеуметтiк проблемаларды шешу бойынша өкiлеттiктердi табыстау тәртiбi	89-101	Жоқ
G4-36	Ұйымда экономикалық, экологиялық және әлеуметтiк проблемаларды шешуге жауапты басшылық лауазым немесе лауазымдар бар ма, тиiстi лауазымды атқаратын тұлғалар корпоративтiк басқару жөнiндегi жоғары органға тiкелей бағына ма	97	Қолданылмайды
G4-37	Есеп беретiн компанияның мүдделi тараптары мен корпоративтiк басқарудың жоғарғы органы арасындағы экономикалық, экологиялық және әлеуметтiк мәселелер бойынша консультациялар жүргiзу тәртiбi. Егер консультация жүргiзуге өкiлеттiк берiлсе, онда корпоративтiк басқарудың жоғарғы органы арқылы керi байланыс алудың барлық рәсiмдерiн анық және сипаттайтын кiм екенiн көрсетiңiз	109,139	Жоқ
	Есептi кезеңнiң Жалғыз акционер қабылдаған негiзгi шешiмдерi	92	Қолданылмайды
G4-38	Корпоративтiк басқару жөнiндегi жоғары органның және оның комитеттерiнiң құрамы, мұнда: атқарушы және атқарушы емес мүшелердi; корпоративтiк басқару органы мүшесi лауазымында болу мерзiмi; басқарушы органның әрбiр мүшесiнiң басқа маңызды лауазымдары мен мiндеттемелерiнiң саны; жынысы; жеткiлiктi ұсынылмаған әлеуметтiк топтардың қатысуын; ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтiк әсерiне қатысы бар құзыреттер; мүдделi тараптардың өкiлдiктерi көрсетiлуi тиiс.	88-95	Қолданылмайды

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
G4-39	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның төрағасы сонымен қатар атқару директор да бола ала ма (егер бола алса, онда оның ұйымды басқарудағы функциялары мен лауазымдарды қоса атқару себептері)	90,97	Жоқ
G4-40	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органға және оның комитеттеріне мүшелікке үміткерлер іріктеу мен ұсыну тәртібі, сонымен қатар жоғары басқарушы органның мүшелерін ұсынған және іріктеген кезде қолданылатын критерийлер, мұнда: әралуандылық факторы ескерілетін-ескерілмейтіні, қалай ескерілетіні; экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар саласындағы кәсіби біліктілік пен тәжірибе факторларының ескерілетіні; мүдделі тараптардың тартылатыны (акционерлерді қоса алғанда) және қалай тартылатыны көрсетілуі тиіс.	89	Қолданылмайды
G4-42	Ұйымның мақсаттарын, оның құндылықтары мен миссияларын, сондай-ақ оның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысты стратегиясын, саясаттары мен міндеттерін әзірлеудегі, бекіту мен жаңартудағы корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның рөлі	89	Қолданылмайды
G4-47	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары орган экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қаншалықты жиі талдайды?	92	Жоқ
G4-49	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органды аса маңызды мәселелер туралы хабардар ету рәсімі	110	Жоқ
G4-50	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның назарына жеткізілген маңызды проблемалардың сипаты мен жалпы саны, оларды қарау мен шешу үшін пайдаланылған тетікті (тетіктерді) сипаттаңыз	110	Жоқ
G4-51	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның мүшелеріне сыйақы беру қағидасы, сыйақы берудің тіркелген және ауыспалы жалақы түрлерімен қатар мыналарды қоса алғанда: <ul style="list-style-type: none"> ▶ белгілі бір нәтижелерге жеткені үшін сыйлықақы; ▶ компанияның акцияларымен сыйлықақы беру; ▶ сыйақылар; ▶ кейінге қалдырылған және бөлінген акциялар; ▶ сыйақылар және жұмысқа қабылдаған кездегі ынталандырушы төлемақылар; ▶ қызметін тоқтатқан кездегі төлемақылар; ▶ алған сыйлықақыны қайтару; зейнет жәрдемақысы, оның ішінде Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның мүшелерінің, жоғары дәрежедегі атқарушы асшылардың және барлық қалған қызметкерлердің зейнетақы жоспарлары мен жарналарының мөлшерлемелері арасындағы айырмашылық. b. Сыйлықақы беру қағидаларында көрсетілген қызметті бағалау критерийлері секілді түсіндірмелер жоғары басқару органы мен жоғары деңгейдегі басшылардың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарымен өзара байланысты.	93	Жоқ
G4-52	Сыйлықақының мөлшерін белгілеу тәртібі. Сыйлықақы жөніндегі консультанттар сыйлықақының мөлшерін белгілеуге қатыса ма және олар басшылықтан тәуелсіз бе, соны көрсетіңіз. Сыйлықақы жөніндегі консультанттар ұйыммен қарым-қатынас жасап, оған қолдау көрсететін барлық өзге қарым-қатынас түрлерін сипаттаңыз.	93	Жоқ
G4-14	Сақтық принципі	139	Жоқ
G4-15	Сыртқы тараптар әзірлеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе ұйым қосылған не қолдау көрсететін басқа да бастамалар	109	Жоқ

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
G4-16	Қауымдастықтарға (мысалы, салалық) және/немесе мүдделерді қорғау жөніндегі ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік туралы ақпарат, мұнда ұйым басқару органдарынан орын иеленеді; жобалар мен комитеттерге қатысады; жалпы мүшелік жарналар шегінен тыс елеулі қаржыландыру ұсынады; өзінің мүше болуын стратегиялық мақсат ретінде қарайды.	109	Жоқ
G4-24	Ұйым өзара іс-қимыл жасайтын мүдделі тараптар тобының тізімі (мүдделі тараптар картасы)	109	Жоқ
G4-25	Өзара іс-қимыл жасау үшін мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу қағидаттары	108	Жоқ
G4-26	Ұйымның мүдделі тараптармен мүдделі тараптар мен нысандар бойынша өзара іс-қимыл жиілігін қоса алғандағы өзара іс-қимылына қатысты ұстанымы, есеп дайындау процесінің бөлігі ретінде қандай да бір өзара іс-қимыл элементтері арнайы қолданылған/қолданылмағанын хабарлаңыз.	108-113	Жоқ
G4-27	Ұйыммен өзара іс-қимылда мүдделі тараптар көтерген негізгі тақырыптар мен алаңдаушылықтар, сондай-ақ ұйым осы негізгі тақырыптар мен мәселелерге қалай жауап берді, соның ішінде оның шоттарын дайындау арқылы. Қандай мүдделі топтар осы тақырыптардың әрқайсысын көтерді немесе осы мәселелердің барлығын білдірді	114-115	Жоқ
G4-EC2	Ұйымның климаттың өзгеруімен байланысты қызметіне арналған қаржылық аспектілер мен өзге де тәуекелдер және мүмкіндіктер	107	Жоқ
G4-СПМ	Менеджмент саласындағы ұстанымдар туралы жалпы мәліметтер. <ol style="list-style-type: none"> a. Аспект неліктен мәнді болып табылады? Аталған Аспектін мәнді ететін әсерлерді сипаттау. b. Ұйымның осы мәнді Аспектін немесе онымен байланысты әсерлерді қалай басқаратынын сипаттау. c. Менеджмент саласындағы ұстанымның бағасын сипаттау, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> ▶ менеджмент саласындағы ұстанымның тиімділігін бағалау тетіктері; ▶ менеджмент саласындағы ұстанымды бағалау нәтижелері; ▶ менеджмент саласындағы ұстанымның кез келген өзгерістері. 	116-139	Жоқ
G4-EN1	Материалдарды, энергияны, суды тиімді пайдалану, биоәртүрлілікті сақтау, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> ▶ салмағы немесе көлемі бойынша жұмсалған материалдар 	120	Жоқ
G4-EN10	▶ көп рет және қайталап пайдаланылатын судың үлесі мен жалпы көлемі	121	Жоқ
G4-EN8	Жиналатын судың қайнар көздерге бөлгендегі жалпы саны	121	Жоқ
G4-EN3	▶ Ұйымның ішіндегі энергия тұтыну	117-118	Жоқ
G4-EN5	Энергия сыйымдылық	118	Жоқ
G4-EN6	Энергия тұтынуды азайту	118	Жоқ
G4-EU11	Пайдаланылатын энергияның түрі мен реттеу режимі бойынша бөлгендегі жылу өндірудің орташа тиімділігі	118	Жоқ
G4-EN21	Атмосфераға шығарылатын NOx, SOx және басқа маңызды ластаушы заттардың шығарындылары	122	Жоқ
G4-EN22	Ағынды сулар мен қабылдаушы объектінің сапасы көрсетілген төгінділердің жалпы көлемі	123	Жоқ
G4-EN29	Экологиялық заңнамалар мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні мен қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	123	Жоқ

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
G4-EN31	Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар, түрлері бойынша бөлгендегі	123-124	Жоқ
G4-10	a. Қызметкерлердің жалдау туралы шарт және жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. b. Тұрақты қызметкерлердің жұмыспен қамтыру түрі және жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. c. Жұмыс күшінің штаттық және штаттан тыс қызметкерлерге, сондай-ақ жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. d. Жұмыс күшінің өңірлер бойынша және жынысына қарай бөлгендегі жалпы саны.		
G4-11	Ұжымдық шартпен қамтылған барлық қызметкерлер пайызы	130	Жоқ
G4-LA1	Жаңадан жалға алынған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сонымен қатар жас ерекшелігі тобы, жынысы және өңірі бойынша бөлгендегі кадр тұрақтамаушылығы. Жергілікті халықты жалдау рәсімдері және ұйым қызметін жүргізетін маңызды өңірлердегі жергілікті халық арасынан жалданған жоғары басшылардың үлесі.	132-133	Жоқ
G4-LA2	Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын маңызды өңірлер бойынша бөлгендегі толық қамтылған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	131	Жоқ
G4-LA6	Менеджмент саласындағы ұстанымдар туралы жалпы мәліметтер Өндірістік жарақаттың түрлері мен деңгейі, кәсіби аурулардың деңгейі, жоғалтқан күндердің коэффициенті мен жұмыс орнында болмаған күндердің коэффициенті, сонымен қатар жұмыспен байланысты өлім жағдайларының жалпы саны, өңірлер мен жынысы бойынша бөлгендегі	127	Жоқ
G4-LA8	Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдердегі денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерінің көрінісі	128	Жоқ
G4-EU18	Мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқудан өткен қызметкерлерінің пайызы	128	Жоқ
G4-EU25	Компания активтерінің қатысуы арқылы халықтың алған жарақаттары мен өлім жағдайына алып келген оқиғалардың саны, сот шешімдерін, ауруға қатысты қарауда жатқан сот істерін реттеуді қоса алғанда	128-129	Жоқ
G4-LA9	Кадрларды дамыту, персоналдың біліктілігін арттыру	134-135	Жоқ
G4-LA11	Қызметкерлердің жынысы мен санаттарына бөлгенде нәтижелілік пен мансаптық дамуды мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	134	Жоқ
G4-LA12	Ұйымның басқарушы органдары мен персоналының негізгі санаттарының жынысы, жас ерекшелігі топтары, азшылық топтарына тиістілігі және басқа аралуандық белгілері бойынша бөлгендегі құрамы	134	Жоқ
G4-LA16	Арыз берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты берілген арыздардың саны	126	Жоқ
G4-HR3	Кемсіту жағдайлары мен қолданылған түзетуші іс-қимылдардың жалпы саны	126	Жоқ
G4-EC5	Ұйымның қызметі таралған маңызды өңірлер бойынша белгіленген ең төмен жалақыға жыныстары әр түрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақысының қатысы	137	Жоқ
G4-EC6	Ұйым қызметін жүзеге асыратын маңызды өңірлердегі жергілікті халық өкілдерінің арасынан жалданған жоғары дәрежелі басшылардың үлесі	137	Жоқ
G4-LA13	Ер адамдар мен әйелдердің қызметкерлердің санаттары мен қызметті жүзеге асырудың маңызды өңірлері бойынша бөлгендегі бастапқы жалақысының қатысы	137	Жоқ

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Беті	Сыртқы кепілдік
G4-SO3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету	139	Жоқ
G4-SO4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен әдістер туралы хабардар ету және оларды оқыту	139	Жоқ
G4-56	Ұйымның Мінез-құлық кодексі мен Этикалық кодекстер секілді ұйымның құндылықтары, қағидаттары, стандарттары және мінез-құлық нормалары	139	Жоқ
G4-57	Этикалық және заңға бағынатын мінез-құлық мәселелері бойынша, сондай-ақ сенім телефоны немесе телефон бойынша консультация беру секілді ұйымдағы жосықсыз көріністерге байланысты мәселелер бойынша консультацияларға жүгінудің ішкі және сыртқы тетіктері	139	Жоқ
G4-58	Этикаға жатпайтын және заңсыз мінез-құлық, сондай-ақ сенім тікелей бастыққа хабарлау, жөнсіз іс-әрекет фактілері туралы немесе ыстық желілер секілді ұйымдағы жосықсыздыққа байланысты мәселелер туралы хабарлаудың ішкі және сыртқы тетіктері	139	Жоқ

09

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР



АЖК	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
АлЭС	«Алматы электр станциялары» АҚ
АҚ	Акционерлік қоғам
Бенчмаркинг	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖЭС	Жел электр станциясы
МҮИИДБ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	Газ-турбиналық электр станциясы
ГЭС	Гидравликалық электр станциясы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
АРБД	Қоғамның Адам ресурстарын басқару департаменті
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЖГРЭС	«И.Т.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ
МБЖ	Менеджменттің біріктірілген жүйесі
ҚИЭС	Қазақстандық зияткерлік энергия жүйесі
НҚК	Жалпы алғанда Қоғамның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін, Қоғам қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын негізгі қызмет көрсеткіші (индикаторы)
КМЖ	Корпоративтік менеджмент жүйесі
ЭЖЖ	Электр жеткізу желісі
ҚР ИЖТМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Қоғам, Компания	Қазақстан Республикасында тіркелген, еншілес және тәуелді ұйымдарды басқаратын «Самұрық-Энерго» АҚ холдингтік компаниясы
«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы	«Самұрық-Энерго» АҚ, оның еншілес және тәуелді ұйымдары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ШРШ	Шектеулі рұқсат етілген шығарындылар
ШРТ	Шектеулі рұқсат етілген төгінділер
Сатып алу жоспары	Қоғамның жарғылық қызметінің жұмыс істеуін, сондай-ақ оның орындалуын қамтамасыз етуге қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ақылы негізде жоспарлы сатып алуын көрсететін, белгіленген нысандар бойынша қалыптастырылған құжат.
Даму жоспарының көрсеткіштері	Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие.
ӨҚҚ	Өрт қауіпсіздігі қағидасы
ҚТҚ	Қауіпсіздік техникасы қағидасы
ЖКБ	Жүк тиеу-көлік басқармасы
ТПҚ	Техникалық пайдалану қағидасы
ПХД	Полихлорлы дифенилдер
Тәуекел	Алға қойған мақсаттар міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу
ҚР	Қазақстан Республикасы

РФ, Ресей	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Стратегия	«Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясы
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері	Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымынан көрініс тапқан бөлімшелер (департаменттер, қызметтер)
АТП АЭА	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
КЭС	Күн электр станциясы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АЭС» ЖШС	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЭГРЭС-1	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
ЭГРЭС-2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
ЭҚҰ	Энергиямен қамтамасыз ету ұйымы
СО2	Көміртегінің қос тотығы
КОЛ	Күшті органикалық лаптағыштар
ЕВІТДА	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization)
ЕВІТДА margin	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative)
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
KEGOC	«KEGOC» акционерлік қоғамы (KazakhstanElectricityGridOperatingCompany, Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы)
SWOT	Сыртқы және ішкі ортаға жағымды/ жағымсыз факторлардың әсерін талдау
Өлшем бірліктері	
ГВтч	Гигаватт сағат
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалорияр
кВ	Киловольт
кВтч	Киловатт сағат
км	Километр
м	Метр
м³	Текше метр
МВА	Мегавольт-ампер
МВт	Мегаватт
Млн	Миллион
Тыс.	Мың
%	Пайыз

Байланыс ақпараты

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

Тасбұлатов Ринат Еркеқұлы, Баспасөз хатшысы

Телефон: +7 (7172) 55-30-62

email: r.tasbulatov@samruk-energy.kz

Мұхамеджанова Мақпал Өнербекқызы

**«Корпоративтік басқару және Орнықты даму»
департаментінің директоры**

Телефон: +7 (7172) 55-30-05

email: m.mukhamejanova@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы

Орталық басқару аппараты

010000, Ақмола обл., Астана,

Қабанбай батыр даңғылы, 15 А

“Q” бизнес орталығы, Б блогы

Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21

Факс: +7 (7172) 55-30-30

e-mail: info@samruk-energy.kz

*Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде оған
сілтеме жасау міндетті*